

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 2 (574) (043)

Қолжазба құқығында

ОРЫНБЕКОВ НҰРЛАН АМАНҒАЗЫҰЛЫ

**Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөлі:
қазақстандық тәжірибе**

8D02204 – Исламтану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
заң.ғ.к., профессор Бишманов К.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, Professor Ali Rafet Özkan (Анкара
университеті, Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ МӘНІ, ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ	15
1.1 Экстремизм мен терроризмнің діндегі көріністерінің негізгі ерекшеліктері.....	15
1.2 Заманауи әлемдегі діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері мен формалары	33
1.3 Діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық қоғамда орын алу мүмкіндіктері мен тенденциялары.....	54
2 ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМДІ ШЕКТЕУДЕГІ ДІНИ БІЛІМНІҢ ӘЛЕУЕТІ.....	73
2.1 Діни білім экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолы ретінде: әлемдік тәжірибе	73
2.2 Қазақстандағы діни білім беру ерекшеліктері: қалыптасуы мен бағыттары...	87
2.3 Діни экстремизм мен терроризмді шектеудегі ислами білім берудің үрдістері мен формалары.....	122
ҚОРЫТЫНДЫ.....	148
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	151

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасына соңғы жылдары бүкіл әлемнің назары ауып отыр. Себебі, елімізде барша адамзаттың көңілін аударатындай үлкен рухани және қоғамдық, саяси және тарихи маңызды оқиғалар орын алуда. Мәселен, елімізде «Әділетті Қазақстан» доктринасын жүзеге асыру қолға алынуда және дін туралы Заңға сәйкес тепе-теңдік принципі негізінде мемлекеттің экстремизм мен терроризмнің алдын алу қадамдары жасалуда. Елімізде барлық діни бірлестіктер заң алдында бірдей екені нақтыланып, өркениетті дамудың негізгі бағдар екені мойындалды.

Диссертацияның зерттеу бағытына сәйкес діни экстремизм мен терроризмнің пайда болуына сараптама жасай отырып, бұл құбылыстың себебі адамдардың өз мүдделері үшін қақтығыстары және тарихи, әлеуметтік-экономикалық, діни айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін діни білімді сараптау жатады. Қоғамдық ішкі тұтастықты, зайырлылық қағидаттары мен діни бірегейлікті сақтау және діни қайшылықтардың алдын алудың жолы ретінде Қазақстан тарихындағы рухани тәжірибе негізінде қалыптасқан ислам құндылықтарын дін философиясы мен психологиясы тұрғысынан кешенді зерттеу арқылы дәстүрлі исламды дамытудың ғылыми-әдістемелік тұжырымдамасын әзірлеу диссертацияның жалпы бағытын айқындайды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері әр қоғамда әр түрлі анықтайды және ол сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты өрбиді. Әйтсе де экстремизм мен терроризмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде әлемдегі эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеуі; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз мүдделерін шешуде ұмтылысы; лидерлердің саяси амбициялары және т.б. Бұл негізгі факторлармен қоса ғалымдар экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторларды атап көрсетеді. Оларға халықаралық немесе мемлекеттік жүйеде экстремизм көріністеріне қарсы күрестің осалдығы, тұрғындардың, жеке топтардың саяси және құқықтық мәдениетінің төмендігі, мемлекетаралық қатынастардың кейбір қырларының әлсіреуі, әлеуметтік шиеленістің өсуі және т.б. жатады.

Қазіргі заманғы әлеуметтік мәдени, діни, әрі саяси жағдайлардың даму барысы болашақта адамзаттың өмір сүруінің басты шарты ретінде экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларының маңызы зор екенін көрсетіп келеді. Бұл жағдайда діни білімнің рөлі ерекше, оны шындықтың көп компонентті құбылысы деп тануға болады. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу көптүрлілікке негізделген ортаны дұрыс қабылдауға, арадағы келісім мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Діни білім бір жақтан «өзара

әрекеттесу» және «қатынас» ұғымдарымен, ал екінші жағынан этикалық маңындағы «ізгілік» пен «адамгершілікті жауапкершілік» категорияларымен тығыз байланысты. Экстремизм мен терроризмнің ұғымдарының болмысы адамдар мен әлеуметтік топтар арасындағы өзгешеліктердің, саяси, экономикалық, ұлттық (этностық), конфессиялық және басқа да қайшылықтардың бар болғандығымен, сонымен қатар жанжалдардың пайда болып кету мүмкіндігімен де байланысты. Шынайы діни білім аталған жанжалдардың мүлде туындамауына немесе жанжалдың барлық тараптар үшін оңтайлы нәтижемен шешілуіне ықпал етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында Қазақстан – әлемдегі мұсылмандар, православтар, католиктер, протестанттар, буддистер, иудейлер сияқты көптеген дін өкілдерінің бірлікте, бейбітшілікте, конфессияаралық келісімде өмір сүріп келе жатқан мемлекет екені баса айтылған. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында «жас қазақстандықтарды өркениетті діни құндылықтар, келісімділік пен ұлтаралық қатынас мәдениеті негізінде тәрбиелеуде экстремизм мен терроризмнің алдын алу» керектігін мәселе ретінде көтерген.

Соңғы жылдары посткеңестік елдерде (Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және т.б.) экстремизм мен терроризмге шақыратын дәстүрлі емес діни ағымдардың енуі агрессивті прозелиттік миссионерлік жұмыстармен байланысты болды, олардың кең таралуы Қазақстан үшін теріс салдарға әкелуі мүмкін, бұл төзімді діни ландшафттың жойылуында көрініс табады және бұл қорқыныштар негізсіз емес. Қазақстан Республикасы Статистика басқармасының соңғы деректеріне сай еліміздегі ислам дінін ұстанушылар ел халқының 80 пайызын құрастырса, православтардың саны 17 пайызға жетеді. Сонымен қатар соңғылар өз сенімдері мен діни әрекеттерінде негізінен Орыстың православиялық шіркеуіне бағдарланады. Осы себептен Қазақстандағы діни экстремизмді зерттеу нысаны түрлі мұсылмандық бағыттармен байланысты болып келеді.

Теріс діни ағымдардың, әсіресе, жастар арасында таралуының алдын алу үшін ауқымды ағартушылық және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек, идеологиялық деструктивті экстремистік ағымдардың әр түрлі анық және айқын емес мемлекетке қарсы принциптерін зерттеу қажет. Дәстүрлі емес қоғамдастықтардың әлеуметтену арқылы қазіргі сәйкестілікке жетуіне діни фактордың әсері қаншама екендігі сонда айқын болады:

- дін саласында дәйекті мемлекеттік саясаттың жүргізілуі үшін, бұқаралық ақпарат құралдарында, оқу орындарында, интернет-ресурстарда дұрыс, позитивті ақпаратты қою қажет, жастар арасында діни және зайырлы руханият туралы сұрақтарға назар аударған жөн;

- әлеуметтік және экономикалық мәселелердің уақытында шешілмеуі (жұмыссыздық, кедейлік, маргиналдану), халықтың діни сауаттылығы қалыптасуына кедергі келтіреді [1, 338-340 б.].

Сонымен қатар, діни негіздегі экстремизм қаупін арттыратын факторлардың қатарына сарапшылар мыналарды жатқызады:

- елдегі биліктің ауысуына кейбір сыртқы немесе ішкі саяси

субъектілердің ниеттілігі;

- әр түрлі атаулармен шығып жүретін сыртқы демеушілердің әрекеттері, экстремистік идеялардың тууы,

- жалпы халықтың діни сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі, республика аумағында тыйым салынған экстремистер тізімінде кейбір діни бірлестіктердің болмауы;

- діни бірлестіктер қызметінің тиімділігін жеткіліксіз талдау, экстремистік бірлестіктерге сыртқы күштер тарапынан көмек көрсетуде бақылаудың болмауы;

- Интернет желілерінің әсері, экстремистік әрекетке араласу үшін материалдық ынталандыруды қолдану, қолданыстағы заңнаманың әлсіз жақтары;

- идеологиялық әлсіз позиция, бұл құбылыс туралы ашық айтудан қорқу, терроризмнің, ұйымдасқан қылмыстың және әр түрлі саяси, діни немесе басқа ұйымдардың қол астында әрекет ететін радикалды топтардың бірігу процестері;

- радикализмнің ұйымдасқан қылмыспен бірігуі және шындыққа айналатын желілік принцип бойынша қылмыстық қауымдастықтарды ұйымдастыру.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі оның маңызды мемлекеттік бағдарламалар және заңдармен, стратегиялық құжаттармен байланысы арқылы айқындала түседі:

1. Азаматтық кодекс және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV ҚР Заңы;

2. Қазақстан Республикасының 26.06.1998 ж. «Ұлттық қауіпсіздік туралы» № 233-13 Заңы (1, 2, 7, 8, 17, 25 баптар);

3. Қазақстан Республикасы Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2021 жылғы 6 қаңтардағы «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласы.

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

5. ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2023 жылы наурыз айында мемлекеттік орган басшыларымен өткізген жиындағы сөзі

6. Мемлекет басшысы 15 наурыз 2024 жылы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзі.

Зерттеу жұмысының **нысанын** тоталитарлық және авторитарлық идеологияны және діни сананы шектеуді басынан өткізген қазақстандық қоғамдағы экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің мәні мен қызметін анықтау құрайды.

Зерттеу жұмысының пәніне экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімді жетілдірудің рухани-адамгершілік негіздерін, діни-этикалық, әдептік тетіктерін талдау жасау жатады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: постсекулярлық қоғам жағдайындағы қазақстандық рухани тәжірибені талдау арқылы экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөлін айқындау.

Диссертациялық жұмыстың міндеттері:

- діни экстремизм мен терроризмге арналған әлемдік және отандық зерттеулердің негізінде қойылған мәселенің теориялық-әдіснамалық қағидаттарын ашып көрсету;
- заманауи радикалдық діни бағыттардың қалыптасу себептері мен факторларын айқындау, оларға дінтанулық-феноменологиялық талдау беру;
- діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық қоғамда орын алуының себептері мен үрдістерін анықтау;
- экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөліне катысты концепциялар мен әлемдік тәжірибеге салыстырмалы талдау беру;
- экстремизм мен терроризмді шектеу мүмкіндіктері мәнмәтінінде Қазақстандағы ислами діни білімнің қалыптасуын, тарихы мен бүгінін айқындау;
- экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы Қазақстандағы ислами діни білімнің үрдістері мен әлеуетін діни-әлеуметтік зерттеулер тәжірибесі негізінде ашып көрсету.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен зерттелу бағыттары. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың бастапқы жылдарына дейін дейін әртүрлі себептермен негізделген діни экстремизм мен терроризм адамзат тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Діни экстремизм мен терроризмнің қауіп-қатерлері өте күрделі және олармен күресті дер кезінде қамтамасыз ету үшін көбірек көңіл бөлуді қажет етеді. Әрине, ол арнайы зерттеулердің нысанасына айналып та келеді. Соңғы онжылдықтарда ғылыми әдебиеттерде, ресми құжаттарда, бұқаралық ақпарат құралдарында т.б. экстремизм туралы, оның әртүрлі көріністері - саяси, экономикалық және басқа да, соның ішінде, әсіресе – діни жөнінде жариянымдар кебейіп келеді. Мұндай ерекше назар аударуға 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы лаңкестік акт және одан кейінгі Таяу Шығыстағы оқиғалар да түрткі болды. Қазіргі жағдайда терроризм негізінен исламмен байланысты делінген исламофобиялық көзқарастар да Батыста жиі кездеседі, исламдық (немесе исламистік) экстремизм мен терроризм туралы айту әдетке айналған. Терроризм тақырыбы мен мәселесі әлеуметтік философия, саясаттану, әлеуметтану, дінтану, құқықтану, психология және басқа да пәндер үшін өзекті болды. Бұл да практикалық өмірлік мәселеге айналды.

Бүгінгі күнге дейін осы мәселе бойынша көптеген мақалалар мен монографиялар жазылды, диссертациялар қорғалды, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілуде. Діни экстремизм мен терроризмнің туу себебі мен көріну нысандары туралы бір-бірімен байланысы әлсіз, нашар (тіпті мүлдем сәйкес келмейтін) көптеген көзқарастар пайда болды. Сарапшылар олардың 200-ге жуығын санап шықты. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, барлық зерттеушілер терроризмнің өте күрделі құбылыс екенін атап өтеді. Ал бұл оның көріну формаларын қарапайым эмпирикалық сипаттау жолында түсінуге болмайтынын білдіреді. Бұл күрделі құбылыстың өз мәні бар, оны ашу керек. Алайда, көптеген зерттеушілер діни экстремизм мен терроризмнің мәніне

тереңірек үңілуге ұмтылмайды, сондықтан олар адекватты емес түсініктер береді. Діни экстремизм мен терроризм әртүрлі элементтерден тұратын жүйе. Кейбір зерттеушілер осы элементтердің біріне немесе бірнешеуіне тоқталып, оның мәнін осы элементтерге қысқартады. Үшіншіден, әрбір зерттеуші сол немесе басқа нысанды көрсетеді және терроризм құбылысын осы нысанның (оның түсініктері, әдістері, т.б.) тұрғысынан қарастырады. Бұл тағы да біржақты түсінік болып шықты. Осыған байланысты белгілі бір ортақ ұстанымды дамытуға тырысу міндеті туындайды. Ал бұл тек дінтану тұрғысынан ғана мүмкін.

Діни экстремизм мен терроризм проблемасын талқылаумен сарапшылар Батыста белсенді түрде айналысады. Мәселен, В. Лакер, А. Дж. Марселл, К.О'Брейн, А.А. Мерари, Л. Миллер, М. Миллер және Дж.. Филе, Дж. Пост, У. Райх, Д. Уиттакер, П. Уилкинсон және т.б. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында да, XX ғасырдың аяғында да, XXI ғасырдың басында да терроризмді бастан өткерген Ресейде бұл мәселеге үлкен мән берілуде.

Бұл жерде Ю.И.Авдеев, Ю.М. Антонян, В. Будницкий, Л.С. Васильев, А.Ш. Викторов, В.В. Виктюк, К.С. Гаджиев, В.Н. Иванов, В.Л. Иноземцев, А.А. Кара-Мурза, А.В. Кива және В.А. Федоров, В.Н. Кудрявцев, В.В. Лунев және В.Е. Петрищев, С.А. Назарова, Т.А. Нестик, Е.Н. Ожиганов, Д.В. Олышанский, А.В.Панар. А. Соснин, Ж.Т. Тощенко, В.Г. Федотова, О.В. Хохлова, С.И. Чудинов сияқты зерттеушілерді бөліп көрсетуге болады.

Бұл құбылысты зерттеумен отандық зерттеушілер арасынан Байтенова Н.Ж., Бишманов К.М., Борбасова Қ.М., Бутова Е.Е., Құрманалиева А.Д., Косиченко А.Г., Курганская В.Д., Жеткінбаев Е., Қарин Е., Нұрпейісов Д.Қ., Сахиев С.Е., Уразбаев А.З., Шибутов М., Абрамов В. және басқалары айналысады. Олардың зерттеулері диссертация мәтінінде орнымен пайдаланылған және әдебиеттер тізімінде толықтай көрсетілген. Тарихымызда орын алған қасіретті «Қаңтар оқиғасына» байланысты мұндай зерттеулердің көбейе түсетіні анық.

Әдебиеттегі діни экстремизм мен терроризм мәселесі әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Авторлары экстремизм мен терроризм феноменінің қашан пайда болғанын анықтайтын көптеген тарихи зерттеулер бар. Мәселен, В. Лакер, Б. Гофман, И. Александр және С. Максвелл, А.Дж. Марселла, В. Чаликова, О.В. Будницкий, В.А. Соснин және Т.А. Нестик және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Бұл мәселені талқылауда әртүрлі көзқарастардың топтамасы бар екені белгілі. Кейбір авторлар экстремизм мен терроризмнің пайда болуын антикалық дәуірге жатқызады (мысалы, В. Лакер [2], басқалары – XIX ғасырдың аяғына (И. Александр және С. Максвелл [3], В. Чаликова [4]), О.В. Будницкий [5], сондай-ақ В.А. Соснин және Т.А. Нестик [6], дегенмен, әрине, экстремизм мен лаңкестіктің кейбір элементтері мен идеологиялық бастаулары, Дж. Марселдің [7] пікірінше, көне дәуірде кездеседі.

Төмендегідей түсіндірмелер кейде кездесіп қалады: әлеуметте көрініс берген құбылыс – онымен бір мағыналы байланысқан элементтердің белгілі бір жүйесі. Бірақ уақыт өте келе оның кейбір элементтері одан көп бұрын тарихи

процесте орын алғаны белгілі болады. Бірақ содан кейін бұл элементтер, біріншіден, басқа құбылыстар жүйесінде болған, демек, берілгеннен басқа функцияларды атқарған, екіншіден, бұл құбылыста олар өздерінің дамыған формасына жетеді. Экстремизм мен терроризм жүйесіне нақты құбылыс ретінде кіретін элементтер де сондай қасиеттерге ие болып жатады.

Мысалы, қазіргі терроризмнің атрибуты болып саналатын зорлық-зомбылықты алайық. Ол адамзат тарихының ежелгі дәуірлерінде орын алған жоқ па еді? Әрине, болғаны белгілі. Және ол әртүрлі формаларда сипатталды - физикалық, психологиялық, идеологиялық, құқықтық, гендерлік және т.б. Ал енді бүгінгі күні де әртүрлі формаларда айшықталып жатады. Белгілі философ, қоғамтанушы С. Жижек былай деп жазады: «Бүгінгі күні біз зорлық-зомбылықты қылмыспен және терроризм шабуылдармен байланыстыруды әдетке айналдырдық, тіпті ауқымды соғыстарды айтпағанда. Біз артқа шегінуді үйренуіміз керек, осы тікелей көрінетін «субъективті» зорлық-зомбылықтан, қандай да бір айқын анықталған күшпен жасалған зорлық-зомбылықтан құтылуымыз керек. Бөліну бізге зорлық-зомбылықпен күресу және толеранттылықты насихаттау әрекеттеріміздің негізінде жатқан зорлық-зомбылықты тануға мүмкіндік береді» [8, 5 б.]. Ол субъективті деп атайтын зорлық-зомбылықтан басқа, оның тағы екі түрін ажыратады – ең алдымен тілде бейнеленген символдық және экономикалық пен саяси жүйелерден туындайтын жүйелік. С.Жижекпен келісуге де, келіспеуге де болады, бірақ ол зорлық-зомбылықтың анық көрсетілген өрескел формалармен шектелмейтіні дұрыс.

Әдебиеттерде экстремизм мен терроризмнің типологиясы мәселесі де талқыланады. Көбінесе саяси, діни, сепаратистік, кейде патологиялық түрлерін бөліп көрсету ұсынылады. Психологтар экстремизм мен терроризм түрлерін мотивациясына, мақсатына, әрекет ету әдістеріне қарай бөледі. Ең мұқият және егжей-тегжейлі типологияны американдық әлеуметтік психолог Дж. Пост ұсынған [9]. Ол мыналарды ажыратады: «саяси экстремизм мен лаңкестік және ондағы: а) мемлекеттік емес экстремизм мен лаңкестік (субмемлекеттік), ә) мемлекет қолдайтын экстремизм мен лаңкестік (мемлекеттік терроризм) және б) тиісті мемлекеттік терроризм. Осы ішкі түрлердің ішінде ол кішірек пішіндерді ажыратады. Ол одан әрі діни терроризмді ажыратады, онда фундаменталистік топтар (олардың арасында «Әл-Каиданы» енгізеді) және жаңа діндер (мысалы, Аум Синрикё) құрған топтарды бөліп көрсетеді» [10]. Сонымен қатар, Дж. Пост террористік әрекеттерді жүзеге асыру әдістері бойынша барлық террористік топтарды қылмыстық және патологиялық топтарға бөледі. «Әдебиетте басқа да типологиялар бар. Дж. Пост ұсынған терроризм түрлерінің типологиясы терроризмнің кең ауқымды үлгілерін жіктеуге негіз бола алады» [6, б. 52]. Сонымен қатар, зерттеулерде экстремизм мен терроризмнің құрылымы, олардың логикалық түрде алдарында тұрған деструктивті нысандары сияқты проблемалары талқыланады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері.

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін «Экстремизм мен терроризмге қарсы күрестегі діни білімнің рөлі» атты зерттеу жүргізілді. Зерттеуге анкеталық

сұрау әдісі пайдаланылып, 200 респонденттен анкета түрдегі сауалнама алынды. Зерттеудің іріктеуі кездейсоқ іріктеу әдісі бойынша жүзеге асырылды. Сауалнамалық сұрауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті студенттері тартылды және сарапшы-эксперт пен сұхбат беруші ретінде 3 сарапшы қатысты.

Қазіргі таңда дінтанулық талдауларда жиі пайдаланылатын келесідей әдістер мен ұстанымдар диссертацияда белсенді түрде қолданылды:

- тереңнен қамтылатын сұхбат пен фокус топтарда қолданылатын салыстырмалы-функционалды әдіс: салыстырылып отырған конфессиялар және діни бағыттардың арасындағы айырмашылықтарды тауып, діни-мәдени бірліктердің мақсаты мен қолданысы деңгейінде сол айырмашылықтарды анықтауға бағытталған;

- семиотикалық жүйелі-құрылымдық әдіс тек қана діни феномендердің әмбебап байланыстарын ғана емес, сонымен қатар, сол құбылыстардың бөліктері арасындағы заңды байланыстарды, яғни олардың құрылымдық ұйымдасуы мен семантикасын анықтау арқылы да дін және қоғам мүдделерін фактілерін ескере отырып, жүйелі түрде сипаттаудан тұрады.

- далалық зерттеулерге негізделген діни-әлеуметтік әдістері ғылыми білім өзегі болатын зерттеу материалдарын жинақтауға бағытталған:

- а) сауалнама – зерттеуші мен респонденттің діни психологиялық өзара әрекеттесуіне негізделген зерттеулердегі алғашқы ақпаратты жинау әдістерінің бірі болып келеді;

- ә) бақылау – зерттеуші мен зерттеу нысаны арасындағы тікелей байланысқа негізделген зерттеліп отырған діни бірлестіктің барлық құндылық ерекшеліктері кешенін зерделеу және бекіту әдісі;

- б) сұхбат алу әдісі – сұхбат алушы мен респонденттің тікелей мақсатты сұхбаттасуы нәтижесінде алынған алғашқы ақпарат алу әдісі. Зерттеудің алғашқы кезеңдерінде мәселені нақтылау және зерттеу бағдарламасын жасауда, сарапшылар мен мамандардан сауал алғанда қолданылады.

- в) мүдделер тайталасын зерделеу, осында мүдделердің, қарама-қайшылықтардың масштабы әр түрлі болуы мүмкін: жеке индивидтің жеке «Мендік» мүддесінің бүкіл қоғамға қарсы тұруынан бастап, бүкіл мемлекеттік жүйелердің қатал тайталасымен аяқталады; қандай да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдайда тайталас екі жақтың бірі өздерінің саяси, діни, этникалық, тағы басқа мәселелерінің шешімін табу үшін шектен шыққан методтарға көшуі әбден мүмкін.

Зерттеу жұмысының теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Зерттеу тақырыбының теориялық және тәжірибелік құндылығы мәдениетіміздің заман талабына сай ұлттық болмысымыздың сақталуы мен ары қарай кемелденуімен байланыстыруға болады. Ол саясатта, экономика мен шаруашылықта, мәдениет пен тілде, әлеуметтік-психологияда, дін мен философияда, қоғамның басқа да салаларында орын алған. Экстремизм мен терроризмнің алдын алудың жетілдірудің діни білім мен рухани-адамгершілік құндылықтарын пайдалануда, әлеуметтік-мәдени зерттеулердің нәтижесі

арқылы, жастарда төзімділікті қалыптастыруда, рухани құндылықтарды үйретуде (сабырлылық, татулық, сыйластық, өзара түсіністік) ұлттық дәстүрдің әдептік тетігін дінмен сабақтастыруда қолдануы мүмкін. Алынған нәтижелер әлеуметтану, дінтану, психология, мәдениеттану саласына пайдалануы мүмкін. Адамдармен және ұлтаралық қарым-қатынаста, өзге ұлттармен қатынаста экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсаты үшін құнды деректер болып табылады. Диссертациялық зерттеу еңбегінің ғылыми маңыздылығы зор және оны бойынша гуманитарлық салалардағы және техника мамандарына, саясаттанушылар, дінтанушылар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, психологтар, криминологтар және т.б. мамандық иелері өздерінің теориялық зерттеулерінде қолдануына болады.

Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру мемлекет тарапынан жан-жақты қаралған. Діни тұрғыда жанжалдың пайда болу және діни экстремизмнің таралу себебі адамның санасын баурап алуға және азаматтарды теріс пиғылды діни табынушылыққа итермелеуге мүмкіндік беретін қазақстандықтардың негізгі бөлігінің діни сауаттылығының төмен деңгейі екені белгілі. Сондықтан ақпараттық-ағарту жұмысы діни-экстремистік ағымдардың әлеуметке қарсы өзегін ашуға, азаматтарға теріс пиғылды діндер туралы ақпарат беруге, діни төзімділік мақсаттарының қалыптасуына бағытталуға тиіс.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін сақтаудың ең тиімді үлгісі – зайырлы білім және ұлттық тәрбиені ұштастыру. Білім беру саласында оқу үрдісін ұйымдастыруға және оның мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келуіне және зайырлы пәндер бойынша оқытушыларды дайындауға бағытталған, діни ұйымдардың қатысумен Қазақстандағы діни білімге қолдау көрсетудің мемлекеттік жүйесін құру және әлеуметтік ортада жүзеге асыру барысында қажетті практикалық нәтижелер ретінде ұсынылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Арнаулы ізденіс тақырыбы ретінде алынған, қазіргі замандағы ең өзекті жаһандық проблемалардың бірі терроризм мен экстремизмді шектеудегі діни білімнің орны мен рөлін айқындап, оны діни феноменологиялық парадигма аясында қарастыру, осы жұмыста тұңғыш рет дінтанулық тұрғыдан қойылып отыр. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей **жаңа ғылыми нәтижелер** алынды:

- Заманауи Қазақстанда, «Қасіретті Қаңтар» көрсеткендей, діннің саясилануы үдерістерінің күшеюі антигуманизмнің экстремалды түрлеріне, соның ішінде діни уәжді экстремизм мен терроризмге әкелетіні жаңа пәнаралық әдіснамалық негіздерде анықталды. Тұрақтылық пен келісім факторларына негізделген этномәдени, конфессиялық, азаматтық және саяси сәйкестіктің Қазақстанда қалыптасқан түпнұсқалық үлгісінде, сонымен бірге халықтың діндарлығы белгілі бір топпен саяси құрал ретінде пайдаланыла басталды және бұл соны деректер арқылы дәйектелді;

- Діни экстремизм мен терроризмді шектеудің жолын көрсеткен әлемдегі озық өркениеттілік жолында табыстарға жеткен ислами тәжірибенің бүгінгі

күнгі әлеуметтік-мәдени және саяси шындық жағдайында өте өзекті екендігі айқындалды және осы бағытта діни терроризм мен экстремизмге қарсы күрес аясындағы жаңа ұстанымдар ретінде ізденуші төмендегідей нақты іс-шаралар кешенін практика жүзінде қолдануды ұсынады: заңдылық деңгейінде теріс бағыттағы ағымдармен қарсы күрес шараларын қолданғанда Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен келісімдерді және өзге де ұлттық заңнама мен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң түрде сақтау тиімді; кешенділік – діни экстремизм құбылыстарына қарсы күресте ескерту, алдын алу жұмыстарында негізгі күресуші субъектілердің бірігіп күресуіне күш салу орынды; тиімділік – діни экстремизмге қарсы күресте неғұрлым материалдық, қаржылық, ресурстық шығындарды азайту, үнемдеу нәтижелеріне жету қалыпты жағдай болуы шарт; оперативтілік – адекваттық криминологиялық жағдайларға ескерту шараларының қолданылуы тиімді;

- Түркі әлемінің ойшылдары А. Иассауи, Ж. Баласағұни, А. Иүгінеки, С. Бақырғани және т. б. ойшылдардың ауқымды гуманистік мұралары ғылыми сараланып, қазіргі заманның әлеуметтік практикасына бейімделді; қазақ халқының дүниетанымындағы Әбу Ханифа, Матуриди, Қ.А.Ясауи т.б. діни тарихи тұлғалар қалыптастырған мектептердің орны мен рөлі көрсетілді, олардың қоғамдық қатынастарды үйлесімдендірудегі, болашаққа қызмет етудегі перспективаларын айқындалды; олар фикх, усул-фикх, калам, ихсан т.б. ілімдер тұрғысынан зерделенді, ғылымдағы орны бағамдалды; Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім және т.б. ойшылдардың дүниетанымы діни экстремизм мен терроризмді шектейтін исламдық ілімдер тұрғысынан нақты сараптаудан өткізілді және олардың нақты дүниетанымдық әлеуеті айшықталды;

- Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда дінтанулық білімді заманауи талаптарға сай жетілдіру маңызды рөл атқаратындығы көрсетілді. Диссертацияның қағидалары мен тұжырымдары Қазақстан қоғамында дәстүрлі исламды оқытудың жаңа ғылыми-әдістемесі жасауға көмегін тигізе алады. Бұл бағытта дін мәселелерін зерттеу орталықтары мен жалпы білім беру орындарында «Қазақстан қоғамының дәстүрлі ислам мәдениеті» арнайы курсы енгізу бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар шешуші рөл атқарады; жалпы білім беру орындарының педагогикалық қызметінде практикалық қолдану үшін арнайы курсқа арналған аудио және видео сабақтар циклі ұтымды болып келеді; осы арқылы қазақ халқының тарихындағы дәстүрлі ислам құндылықтары мен ұлттық дүниетаным, діни сенім, құқық, этика, этнографияның өзара байланысы дәйектелді.

- Посттоталитарлық қоғам жаңа діни білім алуға мүдделі, себебі діни құндылықтар қазіргі адами болмыстың басты бағдарларының біріне айналады. Постмодерн мен z-ұрпақ дәуірінде дін әмбебап медиялық кейіпке ене береді. Руханилықтың өзі түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Умберто Эко жариялаған «әлеуметтік торлардың шым-шытырағындағы» адам, дінді бағдаршам ретінде қабылдайды және жеке жағдайларда тосын радикализмге барады. Аджорнаменто мен радикализм стратегиясы Батыс пен Шығыста

мультикультурализмнің орнын ала бастайды. Дін мен білімнің жаңа үйлесімдігі жаңа адамның жаңа әлемді аша бастағанының кепілі бола бастайды. Дәстүрлі емес діни ілімдер өз жақтастарын арттырып келеді. Пандемия жағдайындағы діни онлайн білім берудің модельдері барлық конфессиялардың арасында кең тарай бастайды, кейде бұл жағдайды діни радикализм жақтастары өз мүддесіне пайдаланатындығы сипатталды;

- Террористер мен экстремистердің мақсаты діни ауысулар мен аномия (ескі реттеуші құқықтық немесе діни-этикалық нормалардың жойылуы және жаңаларының әлі пайда болмауы) жағдайында қоғамда сенімсіздік пен үрей туғызу, «бірегейлік мәдени-діни» кодтарды шайқалту және көздеген мақсаттарына жету. Құндылықтық санада манипуляция жасау үшін экстремизм адептілері нано-технологиялар мен цифрландыру тәсілдерін шебер пайдаланады, тіпті радикалды флеш-мобтарды қаптатып жібереді. Қазіргі кезде қамау орындарында да фанатиктер өз насихатын интернетті қолдана отырып, белсенді жүргізетіндігі бағамдалды. Криминалитет пен діни терроризмнің бірігіп кету деректерін де кездестіруге болатындығы сараптаудан өткізілді және онымен күресудің жолдары көрсетілді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Діни және әлеуметтік-саяси құбылыс ретіндегі экстремизм мен терроризмнің негізгі белгілеріне жататындары: ерекше өткір формалар мен әдістерді қолдану арқылы іске асырылатын зорлау мен қорқыту тәсілдерін қолдану; саяси мақсатқа жетуге, қарсыластарды әлсіретуге бағытталған әрекеттер жиынтығы; адам өміріне қауіппен байланысты жоғары қоғамдық қауіп-қатер; конспирацияны барынша ыждағаттылықпен қолдану экстремизм мен терроризмнің құбылыстық сипаттамасының өзегін құрайды. Демек, терроризм мен экстремизмді ұйымдастырушы көсемдерінің интеллектуалды тұрғыдан жетілген кеңесшілері мен демеушілері болатыны анық.

2. Қоғам мүшелері дүниеге көзқарастарының, саяси түсініктерінің радикалдануына діни сауаттылықтың таяздығы, психологиялық, әлеуметтік қажеттіліктер, туысқандық деңгейдегі топтық наразылықтар тәрізді көптеген факторлар жүйесі әсер етеді. Сонымен қатар диссертацияда әр фактордың өзіндік ерекшеліктері болатыны және радикалды идеяны таратуға ықпал ететін әлеуметтік күштердің пәрменділігі зор екендігі дәлелденді. Осындай құбылыстардың пайда болуына тікелей себепкер (детерминанттар) болатын құбылыстарға жататындар: қоғамдағы үдей түсетін әлеуметтік және экономикалық дағдарыстар; халықтың едәуір бөлігінің өмір деңгейінің төмендеуі; саяси партиялар мен діни топтар жетекшілерінің деструктивті сипаттағы өз мақсаттарын тезірек іске асыруға деген ұмтылысы жатады.

3. Діни экстремизмнің құбылыстарына қарсы күресті күшейту мақсатында дінтанулық ілім заманауи соны ұстанымдар мен бағыттарға сүйенеді. Діни терроризм және экстремизммен тікелей күресуші субъектілері ретінде тек мемлекеттік және құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен бірге еліміздегі діни білім беруші ұйымдар да айқындалады. Діни экстремизм құбылыстарын болдырмау мақсатында аталған ұжымдар қызметкерлері төмендегідей

жағдайларды анықтауы тиіс: діни экстремистік ұйымдардың көшбасшылары мен мүшелерін, сонымен қатар, экстремистік бағыттағы қылмыстарды жасауға бейім тұлғаларды анықтау; қылмыстық әрекетпен анықталған тұлға санасын қайтадан қалыптастыру мақсатында оқу-ағарту шараларын жүргізу; діни экстремистік әрекеттерге қатысқан тұлғаларға байланысты заманауи жекелеген алдын алу шараларды пайдалану тиімді.

4. Еліміздегі заманауи дінтанулық зерттеулер айқындағандай, радикалды идеологияның жақтастарын жинау қазір офлайннан онлайнға көбірек өтіп кеткені анық. Әлеуметтік желілерді, тіпті виртуалды ойындардағы чаттарды пайдалану да осынау идеологияны таратушылардың сүйікті тәсілдеріне айналған. Ал ойын чаттары арқылы хабарласу тәсілі оп-оңай. Әрі чаттарда мұндай амалға қолайлы онлайн ойындар өте көп кездеседі. Одан бөлек, банктердің онлайн аударым жүйесі де қандай да бір белгі беруге жарайды. Қажет адамға ақша аударып, астына тиісті тапсырманы жазып жіберу мүмкіндігі бар. «Халифат сарбаздары» ұйымын құрушылардың бірі Сириядан нұсқау беруге тырысқанын айтқан. Демек, Skype, Telegram, WhatsApp тәрізді мессенджерлер мен байланыс құралдарын пайдалану тек жақтас жинау үшін емес, қажет кезінде «ұйқыдағы ұяшықтарды» оятуға да таптырмас құрал болады деген сөз. Демек, қоғамдағы киберқауіпсіздік мәселесі маңыздылыққа ие болуда және оның халықаралық деңгейдегі күрес тәсілдері айқындала түсуі қажет.

5. Діни мағынадағы экстремистік және террористік идеялар діни сауаты төмен тұлғаларды діни фанаттарға айналдырады, нәтижесінде жеке бір тұлғаның немесе топтың мүддесін қолдайтын террористер шығады. Бұл өз кезегінде қоғамдық шиеленістерге әкеліп, мемлекеттің егемендігіне қауіп төндіреді. Осыған орай бұқаралық сананың қалыптасуы мен дамуы мәселесі кез келген қоғам үшін үлкен маңыздылыққа ие болып отыр. Қазіргі ақпараттар ағыны заманында дін арқылы қоғамда әлеуметтік шиеленістер туғызу және билікке қарсы әрекеттерді қолдау немесе жекелеген белсенді азаматтарды қудалау біршама мемлекеттердің өмір тәжірибесіне айналды. Сондықтан бұқаралық сананы ушықтырушы, арандатушы, дезинформация таратушы элементтермен күресу де маңыздылығын жоймайды. Белгілі бір діни бағыттардың өкілдерінің басқа бағыттарды ашықтай сыңыржақты сынға алуы, олардың құндылықтарына барынша теріс бағалаулар беруі қоғамдағы толерантты, төзімсіз жағдаятты туындатары анық. Осыған орай жоғарыдағы көрсетілген қоғамдағы деструктивті қадамдарға қарсы тек моральдік қана емес, сонымен қатар құқықтық тұрғыдан шектеулер жасалып отырылуы шарт.

6. Жастар ортасына зорлық-зомбылық идеологиясының енуі олардың қатысуымен қылмыс деңгейінің жоғарылауымен, жастардың жағымсыз әлеуметтенуімен, қоғамдағы әлеуметтік шиеленіспен тығыз байланысты. Жастар экстремизмінің ересектерден айырмашылығы олардағы ұйымшылдық пен стихиялылығымен ерекшеленеді. Жас экстремистердің әрекеттері неғұрлым қатал, өйткені олар жастықпен өлімнен, түрмеден, дене жарақаттарынан онша қорықпайды, олар өз әрекеттерінің салдары туралы терең ойланбайды. Олардың санасында қалыптасқан экстремизмнің көріністері ұзаққа

созылатын жағымсыз салдарға алып келеді. Бұл жастар үшін экстремизмнің алдын алу және жеңу мәселесінде дінтанулық білімнің қажеттілігін өзекті етеді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі.

Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық, халықаралық және республикалық конференцияларда (2021-2024), сонымен қатар, республикалық басылымдарда: ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы журналдарында (2021-2023), шетелдік (Түркия) және басқа да басылымдарда баяндалып жарыққа шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтиды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері көлемі 162 бет болатын 7 еңбекте көрсетілген, соның ішінде 1 мақала SCOPUS базасындағы журналда және 3 мақала ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынылған басылымдарда жарияланды. Ғылыми конференциялар жинақтарында – автордың 3 мақаласы жарияланған.

Зерттеу жұмысының талқыланылуы мен мақұлдануы.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 7 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Terrorism as a Unity of Destructive Ideology and its influence on Theology» (Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 104, Issue 5 - (2023) p. 1-11) 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференция жинағында 1 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 2 мақала, ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасында талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация құрылымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады. Көлемі - 163 бет.

1 ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ МӘНІ, ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Экстремизм мен терроризмнің діндегі көріністерінің негізгі ерекшеліктері

Қазақстанның атеистік тоталитаризмнен постсекулярлық қоғамға өтуі еліміздегі конфессиялық бірегейлік мәселесіндегі қордаланып қалған түйіндерді шешу қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Кеңестер Одағы ыдырап, коммунистік идеология дағдарысқа ұшыраған соң және ғасырға жуық уақыт бойы әлемдік үрдістер мен қатынастардың сипатын айқындап келген екі жүйенің қарама-қарсы тұруы жойылғаннан кейін бұрынғы социалистік елдер үшін атеизмнен постсекуляризмге ауысуда өзінің өркениеттік бірегейлігі мен парадигмаларын анықтау қарама-қарсылыққа толы, күрделі жағдайларда жүзеге асты. Батыс христиандарымен тамыры мен тағдыры бір болған Шығыс Еуропа мен Балтық жағалауы мемлекеттері үшін бұл мәселе аса шиеленістілік тудыра қоймаса, Орталық Азия мен Кавказда үлкен қиыншылықтар туғызды және фундаменталистік, экстремистік құбылыстардың орын алуына алып келді.

Американ зерттеушісі С. Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі жарық көруі де діни-өркениеттік сұқбаттың өзектілігін арттыра түсті. Өйткені ол аталған мақаласында өркениеттер арасындағы болашақтағы қақтығыстардың болмай қоймайтындығын негіздеуге талпынды. С. Хантингтонның пікірінше, ХХІ ғасырдағы ең басты және қанды қақтығыстар экономикада және идеологияда емес, діндер мен өркениеттер арасында болмақ [11, 71 б.]. Шын мәнінде әлемдегі ең ірі діндерге жататын ислам мен христиан діндері арасындағы қарым-қатынастар адамзаттың болашағын анықтайтыны анық. Қазіргі кезеңде Еуропа мен Америка исламдану процестерін басынан өткеріп жатыр және оның болашағы мамандардың пікірлерінше жаңа қиындықтар мен тәуекелдері алып келері анық.

Экстремизм мен терроризм жалпы түрде қоғамда бар нормалар мен ережелерді түбегейлі жоққа шығаратын экстремистік көзқарастар мен әрекеттерді ұстану болып табылады. Қоғамның саяси саласында көрінетін экстремизм саяси экстремизм, ал діни салада көрінетін экстремизм діни экстремизм деп аталады. Діни сананың радикализациясы әлемнің аймақтарына қарамастан қазіргі қоғамда проблемаға айналууда. Қоғамның маргиналданған сегменттерінің арасында радикалданудың әсері жалпы тенденция болып табылады. Радикалды діни ағымдар тудырған әлеуметтік шиеленістер тұрақты бола бастады, оларды тоқтату қиынға соғатын жергілікті және аймақтық қақтығыстарға айналды [12].

Діни экстремизмнің мақсаты - бағдарланбаушылық, ыдырау, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі діни құндылықтар жүйесімен түбегейлі бетпе-бет келу, әрбір жеке адам мен қоғам өмірін бұзатын рухани және физикалық қорқыныш атмосферасын қалыптастыру. Бүгінде терроризм біздің күнделікті өмірімізге ғана емес, болашағымызға да қауіп төндіруде.

Террористік қатердің күшеюіне, сондай-ақ әлем бойынша әртүрлі және

жаңа экстремистік қозғалыстардың жандануына байланысты терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл тетіктерін ұлттық деңгейде де, сондай-ақ халықаралық деңгейде де жетілдіру қажеттілігі арта түсуде.

«Қазақстан Республикасындағы терроризм және экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы» қоғамдық қорының президенті К.М. Бишманов: «Терроризм мен экстремизмнің өмір сүруінің, жұмыс істеуінің және дамуының негізгі материалдық негізі террористік және экстремистік қызметті үздіксіз қаржыландыру екені анық. Террористік және экстремистік іс-әрекетті қаржыландырудың мақсаты терроризм мен экстремизмге қарсы әрекет етудің тұрақты, үздіксіз, қалыптасқан, жүйелі және кешенді механизмін қамтамасыз ету болып табылады» [13] деген ойын білдіреді.

Зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтегі «экстремизм мен терроризмді қаржыландырудың кең тараған әдістеріне мыналар жатады: ақшалай қаражатты тікелей беру, оларды жинау, сондай-ақ мақсаты терроризмді насихаттау болып табылатын қаржылық қызметтерді көрсету». Олардың ішінде: заңды болып көрінетін құрылымдардың (қайырымдылық қорлары, діни ұйымдар, ақпараттық агенттіктер) мазмұны мен қызметі, мемлекеттік құрылымдарға ену (қызметке алу, пара алу); содырларды қаржыландыру (жаттығу жиындарын ұстау, қару-жарақпен қамтамасыз ету, жауынгерлік әзірлікте «ұйқы камералары» деп аталатындарды құру және ұстау), террористік актілерді тікелей ұйымдастыру, экстремизм (терроризм) идеологиясын насихаттау [13]. Терроризм мен экстремизм себептерін басынан екі қырынан қарастыруға болады: трансұлттық қылмыстардың себептері – экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да тәртіптер (билікке таласу, меншікке, нарық өтімінде, әсер ету ортасының шегі, әлеуметтік теңсіздік, ақпараттық қайта өндіру, бақылауға алынбаған ресурс өзгерістері); екінші жағынан, терроризмнің тікелей себептерін (экстремистік саяси, идеологиялық, діни және басқа көзқарастар, бөлек террористік топтық актілердің өршуі, террористік ұйымдардың қалыптасуы т.б.) атап өткен жөн.

Зерттеушілер терроризмнің мынадай ерекшеліктерін атап өтеді:

1. әскери еш нәрсе апарылмайды және шығарылмайды – террор тек азаматтық технологиялық органы, жүйелі әдістерді және жаудың қару-жарағын қолданады, қарсыластардың жерінде орналасқан жеңіп шығу құралдарын пайдаланады;

2. ешқандай терроршылардың террорлық қадамдары ашық емес, олар қарсыластарының барлық территориясы бойынша жасырын жайғастырылған;

3. ешкім терроршылардың басшыларын байқай алмайды – жауынгерлік әрекеттерді басқаруда иерархиялық жүйелердің орнына өзін-өзі басқару жүйесінің арнаулы торы құрастырылған;

4. терроршыларда белгілі нақты қызмет, атақ, ерекшелейтін белгілері айшықталмаған және олар барынша бүркемелі түрде орын алады;

5. жаңа заман шынайылығын теріске шығару аса байқалмайды, оларды өздерінің мүдделерінде қолдану бар – ашық қоғам, шексіз әлем, ғылыми-техникалық революция кері бейнеде қолданылады [8].

Терроризммен табысты күресу үшін келесідей оның деңгейлерін анықтауға

болады:

- мегатерроризм – жалпыға ортақ кибер-, био-, психологиялық, әлеуметтік, технологиялық терроризм;
- аймақ аралық – трансұлттық терроризм (әлеуметтік, экономикалық, діни, идеологиялық);
- ұлттық, ресми түрдегі сипаты байқалады [7].

Терроризм мақсатының аумағы мен мазмұнына байланысты террористік ұйымдар стратегиялық (мысалы, қазіргі биліктің мазмұнын жою мақсатында жағдайлар жасау, елдегі құрылымды шайқалту, терроризмді мемлекет және халық тарапынан мықты саяси күш ретінде таныту, және т.б.) және тактикалық (террористік ұйымдардың идеялары мен мақсаттарын әйгілендіру, ұйымның өзінің мүшелерін біріктіруді қамтамасыз ету, оның әрекетінің ары қарай жалғасуы үшін материалдық қамтамасыз ету, елдің жеке көшбасшыларына, құқық қорғау органдары мен қарулы күштерге немесе ұйымдарына қарсы пікірді қалыптастыру) болады [14].

Енді діни экстремизм және терроризммен байланысты саяси терроризм және саяси экстремизмге тоқталып өтейік. Әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде терроризм қоғамда болатын процестермен және ең бірінші оның әр түрлі аймағындағы қайшылықтармен байланысты. Терроризмнің пайда болып, дамуына ұзақ уақытты қоғамдық қайшылықтармен қатар, тез пайда болатындары да әсер етеді. Қандай да бір мемлекеттің немесе аймақтың дамуын сипаттайтын жағдайлардан, терроризмнің пайда болуын немесе бар болуын ескеретін немесе оған қолайлы болатын факторлар көрініс табады.

Терроризм зорлау формалары мен әдістерін қолдануды ұсынатын этноәлеуметтік кеңістіктегі саяси күрес аймағына жатады. Оның көптеген өзін айшықтау түрлері кездеседі. Солардың бірқатарына тоқталып өтелік.

Саяси экстремизм – қазіргі заманғы адам дамуына ғана тән емес, сонымен қатар саяси үкімет пайда болғаннан бастап бар, қоғамдық өмір құбылысы. Саяси экстремизм әр түрлі саяси топтардың саяси қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған көзқарастар мен әрекеттерді қамтиды. Саяси экстремизмнің сәйкес белгісі – саяси күрестің негізгі әдісі ретінде әр түрлі формада зорлауды легитимсіз қолдану. Саяси күрестің жалпы схемасында бүтін және өзіндік жүйе болатын саяси экстремизм саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зорлауды қолдануды ақтайтын көзқарастар мен концепциялардың тарауын, зорлау актілерін дамытуға арналған саяси құрылымды қалыптастыруды ұсынады.

Әлеуметтік күштердің саяси ұйымдасуымен байланысты саяси экстремизм мен терроризмді төменгідей анықтауға болады: «Терроризм – бұл мемлекеттік органдарды, халықаралық және ұлттық мекемелерді, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерді, жеке азаматтарды немесе олардың тобын террористердің пайдасына келетін қандай да бір істі аяқтауға итермелейтін саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зорлауды қолдану жүйесі» [2].

Дінді саясиландыруға қарсы діни білім беру мен халықтың діни мәдениетін көтеруге бағытталған мына шараларды атап өткен жөн:

- біріншіден, түрлі секталардың ел ішіндегі тұрақтылықты шайқалтуға бағытталған іс-әрекеттеріне заң жүзінде тыйым салу;

- екіншіден, діни фундаментализм идеяларын әшкерелейтін діни ағарту жұмыстарын жандандыру;

- үшіншіден, оқу орындарында жастарды зайырлылық рухында тәрбиелеуді күшейту;

- төртіншіден, ең бастысы, жағдайы төмен қоғам мүшелеріне арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмек шараларын іске асыру және тағы да басқалар жатады [15].

К.М. Бишмановтың ойынша, экстремизм конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге, Қазақстан Республикасының егемендігін бұзуға, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруге, билікті күштеп басып алуға немесе күштеп ұстап тұруға шақыруға бағытталған идеологияға негізделген. Аумақтық тұтастықты, оның мызғымастығы мен мызғымастығын бұзуға шақыруды қоспағанда, әлеуметтік және таптық араздықты қоздыратын әрекет, өйткені бұл мақсат және осы идеологияның таралуы сепаратистік әрекет сияқты тәуелсіз құқықтық құбылысқа жатады. Қылмыстық заңнама және құқық қолдану тәжірибесі тұрғысынан идеология қоғамдық санаға әсер ете алатын және мемлекет пен қоғам қызметінің белгілі бір салаларында таралатын идеялардың, көзқарастардың, білімдердің, принциптердің жиынтығы ретінде түсініледі [16]. Идеологияның таралуы оң нәтижелерге де (жаңа білім алу, құқықтық тетіктерді жетілдіру), сондай-ақ қоғамда алаңдаушылық пен агрессия сезімін тудыратын қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған әрекеттер түрінде қауіп төндіруі мүмкін.

Мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қол сұғатын террористік, экстремистік және сепаратистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қарастырылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабына сәйкес экстремистікке жататындары:

- Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру; – 179-бап.

- Билікті басып алуға немесе ұстап қалуға, сол сияқты билікті тартып алуға немесе ұстап қалуға не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге үгіт-насихат немесе жария шақыру; – 180-бап.

- Сепаратистік әрекеттер; – 181-бап.

- Қарулы көтеріліс; – 182-бап.

- Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның қызметіне қатысу; – 184-бап.

- Диверсия; – 258-бап.

- Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру және терроризмге немесе экстремизмге өзге де көмек көрсету; – 259-бап.

- Террористік немесе экстремистік іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды тарту немесе оқыту немесе қаруландыру; – 260-бап.

- Террористік немесе экстремистік дайындықты аяқтау; – 267-бап.

- Заңсыз әскерилендірілген топты ұйымдастыру; – 404-бап (екінші және

үшінші бөліктері).

- Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктерді құру, басқару және олардың қызметіне қатысу; – 405-бап.

- Қоғамдық немесе діни бірлестіктің немесе өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы сот шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оларға қатысу [17].

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тиым салынады.

Қазіргі діни бірегейліктің өзекті сипат алуына ықпал ететін төмендегідей бірқатар факторларды атап өтуге болады. Біріншіден, жоғарыда аталған антогонистік жүйелердің жойылуы мен халықаралық қатынастардың ашықтығы, діни байланыстардың тереңдеуі. Екіншіден, халықтар мен ұлттардың діни-өркениеттік трансұлттық қауымдастықтағы өзінің орны мен рөлін анықтауға деген ұмтылысы. Үшіншіден, жеке тұлғалық және әлеуметтік деңгейде діни-өркениеттік сұқбаттың өзгеріске ұшырауы. Діни мәмлеліктің түрлері мен деңгейлерін ғылыми талдау – қазіргі Қазақстан қоғамы үшін де маңызды мәселелердің бірі. Діни бірегейлік бірнеше деңгейде анықталады. Адам өзін тұрғылықты жерімен, ұлтымен, дінімен және жалпы бір өркениетпен бірегейлендіруі мүмкін.

Осы тұрғыда біз профессор С.Е. Нұрмұратовтың «ақиқатында адамға берілген ең негізгі Құқық – оның өмірде жол таңдау Еркіндігі. Сондықтан жеке адамның Ақиқат жолына түсуі немесе түспеуі, Шынайы Дінге бейімделуі немесе оның орнына Зерденің құдіретіне жүгінуі, яғни Ғылымды пір тұтуы сияқты мәселелер оның өз құзырындағы нәрселер. Оны ешқандай әлеуметтік, саяси, діни субъект зорлықпен міндеттей алмайды» деген пікіріне толық қосыламыз [18, 111 б.]. Бұл жерде адам философиясы мен қоғам философия тұрғысынан адам еркіндігінің кейбір қырлары айтылып отыр. Шыныменде дін мен мәдениеттің өзара қатынасын айта отырып біз олардың ғылымның дамуымен астасып жататынын ескеруіміз абзал. Сонда діни білім де барынша нақтылана түседі, Ақиқаттың заңдылығымен дәйектеледі.

Діни білім беру жүйесі мен экстремизмге қарсы күрес әдістемесінде этникалық салт-дәстүрмен үйлесімді болу маңызды рөл атқарады. Мемлекет осындай қатынастарды жүзеге асырудың механизмдерін, саяси-әлеуметтік және құқықтық алғышарттарын қалыптастырады. Жоғарыда қарастырылған мәселелер еліміздегі мемлекет пен дін, зайырлы қоғам арасындағы қарым-қатынастарды үйлесімді дамытып, әлеуметтік тұрақтылық пен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады деп ойлаймыз. Діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағдарламасында ұлттық әдебиеттегі салт-дәстүр мен діни сенімдердің ара қатынасын айқындау

маңызды болып табылады. Қазақ халқының рухани болмысында әдебиеттің алатын орны жоғары және оны дін саласындағы теріс құбылыстармен күресте тиімді қолданған орынды. Азаматтарға қоғамдағы дұрыс жолды таңдауға көмектесетін тетіктердің бірі халқымыздың рухани мәдениетінің жаухарлары.

Мәдениет дін сияқты қоғамдық өмірдің маңызды саласын қамтымайтын болса, толық емес болады. Егер мәдениетті осы әлемде адамның өмір сүруінің тәсілі ретінде қарастырсақ, онда бұл жағдайда дін – дүниеде мазмұндылық пен тұрақтылықты көрсететін күш. Шын мәнінде, адамның кемелденуі туралы қанша айтатын болсақ та, оның барлық мәні қарама-қайшылықтарға толы: өмір мен өлім, әлсіздік пен руханият, өзін сүю мен альтруизм, борыш пен рақат, қирату мен жасампаздық және т. б. Мамандар белгілі бір мәдени тұтастықтың бір бөлігін білдіретін «халықтық діндерді» және тек бір этномәдениетке байланыстырылмаған әмбебап діндерді ажыратады.

Діннің басты әлеуметтегі рөлі – адамның өзара қарым-қатынасын белгілі бір үйлесімділікке келтіру; адамдарды өздерінің құдіреттілігі мен қасиетті болуына сендіру. Бұл аспектіде дін мәдениеттің бастапқы қайнар көзіне және оның күшін қорғауға жатады. Жабайы наным-сенімдер мен шектен шыққан эгоизмге тосқауыл қою керек болды. Мұндай шектеу жеке тұлға үшін күшті (қолдаушы немесе жазалаушы) құрушы алдында бас июге мәжбүр етті. Оның алдындағы қорқыныш немесе қолдауына үміт қоғамда дәстүрлі, қасиетті, символдық әдет-ғұрып жүйесін қалыптастырды. Бұл аспектіде діннің салттық қызметі үлкен маңызға ие болып келді. Әрине, діннің адамдардың қорқыныш сезімдеріне сүйену ежелгі ғасырлардағы адамзаттың интеллектуалдық деңгейіне сәйкес жасалған мәжбүрлілік болған. Қазіргі технологиялық-инновациялық даму дәуірінде дінді уағыздаушы белсенділер өздерінің ұстанымдарын барынша діни білімге қоса ғылыми негіздерге сүйене отырып жеткізгені абзал. Өйткені жастарымыз заманауи кезеңде біршама сауатты деңгейге көтерілгені анық.

Діни экстремизммен байланысты қауіптерді түсіну мен бағалау үшін жалпыға ортақ маңызы бар негізгі ұғымдарды бөліп көрсетейік. Егер дін шынайылық қағидаттарын насихаттай алса, онда барлық әділетсіздікке наразылық пен қарсылықтың көрінісінің нақты негізін қалайды. Адамзат өмірінің әр түрлі дәуірлерінде діни экстремизм алуан түрлі елдерде, әр түрлі діндердің тереңдігінде - діни тәжірибеге қайшы келетін және кедергі келтіретін барлық нәрсеге қарсылық дискурсы ретінде өрши түсті. Сонымен қатар, көбінесе билік ететін режимдермен келіспеушіліктер қордалана келіп діни экстремизм мен терроризм түрінде әлеуметте көрініс тапты.

Қоғамдық сана құрылымындағы діншілдік динамикалық және шарттарға, дәстүрлерге, мемлекеттің мәртебесіне (діни немесе зайырлы) және басқа факторларға байланысты. Қоғамдық сана - қоғамның негізгі рухани келбеті мен мәні. Қоғамдық сананың қалыптасуы өмір тәжірибесіне тікелей байланысты, сонымен бірге қоғамдық сана бұл тәжірибені модельдейді. Қазіргі жаһандық тұрақсыздық пен діни экстремистік ағымдардың сын-қатерлері жағдайында қоғамдық сана радикалды айла-шарғыға, конфессияаралық «төзбеушілікке»,

дифференциацияға және т.б. Әр түрлі теріс ыдырау процестерінің қоғамдық санада көрінуі белгілі бір идеологияны қалыптастырады. Қазіргі жағдайда қоғамдық сана қоғамның рухани-психикалық идеологиясы мен құрылымын құра отырып, қоғам өміріне елеулі әсер етеді.

Діни рәсімдер мен әдет-ғұрыптарды тереңдету экстремистік және терроризмге қарсы күрестің басты факторы болып табылады. Кейбіреулер мұндай құбылыстарға тек дінмен тығыз байланысты адамдар ғана тап болады деп санайды. Алайда, шын мәнінде мұндай рәсімдер бұрыннан қарапайым адамдардың күнделікті өмірімен араласады. Діни әдет-ғұрыптар мен рәсімдер – бұл болмыстың ажырамас бөлігі. Дегенмен, осыған қарамастан, көлеңкеде көптеген қызықты сұрақтар бар. Мысалы, «діни рәсім» сөзінің мағынасы да бірқатар түсініспеушіліктерді тудырады. Өйткені, қандай салт-дәстүрлерді оларға жатқызу керек, ал оған «қандай салт-дәстүрлерді жатқызуға болмайды? Немесе православие құпиялары мен католиктер арасындағы айырмашылықтар неде? Сонымен қатар, алғашқы діни рәсім қалай өтеді?» деген сауалдар туындайды.

Діни рәсім – қоршаған шындық туралы адамның мистикалық көрінісіне негізделген белгілі бір әрекет. Яғни, осындай салт-дәстүрдің басты міндеті – сенушілердің оның өз басымен немесе Құдаймен байланысын нығайту болып табылады. Бұл ретте ол өте маңызды емес, мұндай іс-әрекет жеке немесе бұл ұжымдық іс-шарамен жүргізіледі. Алдымен барлық христиандар арасында таралған саусақпен шоқыну үлгісін алайық. Мінажат ету кезінде қолданылатын белгіленген тәртіппен қарапайым қолмен манипуляция жасауда мистикалық ештеңе де көрінеді. Және бұл діни рәсім екенін қалай білесіз? Өйткені мұнда екі маңызды сәтті атап өтуге болады. Біріншіден, көптеген ғасырлар бойы барлық христиандар үшін өзгермейтін белгіленген рәсім. Екіншіден, ол осындай әрекет адамға Құдайдың рақымын төгуге қабілетті деген сенімге негізделеді. Осыған орай, келесі тұжырым жасауға болады: осы екі сәтті біріктіретін кез келген әдет-ғұрып діни рәсім болып табылады.

Бірінші мистикалық жұмбақ адам әлемді жоғары ақыл-ой басқарады деп сенген кезеңді ешкім ашып бере алмайды. Өйткені, бұл біздің ата-бабаларымыз әлі жаза алмаған кезде алғаш рет болды. Олардың ақылға қонымды өмір салтының бірден-бір дәлелі – жартастардағы суреттер мен кертпелер. Алайда, тіпті бұл ақпарат ежелгі адамдардың діни салтының қандай сипатта болғанын түсіну үшін жеткілікті. Сол уақытта адамның өмірі оған ана-табиғат қаншалықты жақсы екендігіне тікелей байланысты. Олардың барлық салт-жоралары табиғат рухын қастерлеуге бағытталған өз жадыңызды нығайтудың қызықты жолдары заттардың алмасуы туралы ең танымал мифтер.

Діни-көпшілік және ғылыми әдебиетте Қазақстандағы исламға қатысты «Ислам бірегей әлем, оны бөлуге, жіктемелеуге болмайды» [19] деген пікір де кездеседі, Әрине ханафилік ислам қазақ халқы үшін бірегейліктің басты негізі болды. Қазақ халқының рухани мәдениеті шариғат нормалары мен дәстүрлі құқық ережелерінің үйлесімді қосылуынан көрініс табады. «Қасым ханның қасқа жолы, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен «Есім ханның ескі жолында»

қазақтардың дәстүрлі далалық мәдениеті мен шариат нормалары арасында сәйкестіктің орын алғаны байқалады [19, 14-15 бб.]. Яғни, құн төлеу, неке мен отбасы, дін мәселелерінде дәстүрлі құқықтың ислам құқығына қайшы келмейтіні байқалады. Шариғат заңының кейбір нормалары мен элементтері дәстүрлі құқықтың ережелерімен ұштасып, беки түсті. Қазақтың көшпенді қоғамындағы қылмыстың кейбір жеке түрлері үшін ант беруде шариғат заңы мен қағидаты жеке азаматтарға айтарлықтай ықпал етті. Шариғат заңының нормалары көбіне дінге қарсы қылмыстарға, отбасы мен неке қатынастарына байланысты туындаған істерге қолданылғаны тарихи жазба деректерде біршама айтылған. Белгілі заңгерлер С. Зиманов пен Н. Өсерұлы айтылған пікірлерді қолдап, ислами шариғат пен қазақтың дәстүрлі құқығының арасында түбегейлі сипаттағы қайшылық жоқ деген еді [20, 29-43 б.].

Қазақстандағы ежелгі мәдениетті басқа зерттеушілер де қазақ халқының ертеден келе жатқан құқықтық дәстүрі шариғат нормаларына құндылықтық сипатта қайшы келмеген, ал исламның құқықтық ұстанымдары қазақ жерінде қалыптасып келе жатқан дәстүрлі мемлекеттік қарым-қатынастардың дамуына игі ықпал еткен және сондай-ақ ислам білім мен ғылымның өркендеуіне жол ашқан дейді. Бұл зерттеушілер келтіретін тарихи деректер қазақ халқының исламдық шарттарға берік болғанын қуаттайды.

Бұл мәселені терең ғылыми зерттеген Р. Мұстафина XIX-XX ғасырларда ислам халықтық білім беру саласына да ене бастағанын және Қазақстан аумағында екі типтегі діни оқу орындарының: бастауыш – мектеп және жоғарғы – медресе болғандығын атап көрсетеді: «XIX соңы мен XX ғасырдың басында қазақтар ислам ілімі негіздерін біліп, оны басшылыққа алып қана қойған жоқ, олар өз балаларын мұсылман оқу орындарында – мектептер мен медреселерде оқытты, мешіттерге барды, яғни, олар ешқандай шүбәсіз мұсылман болды... Осының бәрі әдебиетте орын алған осы кезеңде қазақтарда ислам үстірт болды деген пікірге күмән келтіруге мүмкіндік береді», – деп атап көрсетеді [21, 130 б.].

Ғасырлар бойы қазақ даласында жат діни ағымдарды қабылдауға деген өзіндік рухани «иммунитет» те қалыптасты. Бұл қорғану жүйесі 70 жылға созылған атеистік-тоталитарлық жүйеде де өз күшін жоймай қазақ халқына тұрмыстық салада мұсылмандық ділін сақтауға себебін тигізді. Қазақстандық ғалым Е. Байдаров жазғандай, «Қазақстанда «өз» исламын ұстану маңызды, өйткені тек халықтық ислам сырттан танылатын бөтен мүдделерден қорғап отырады» [22, 23 б.]. Тәуелсіздікпен келген діни білімге деген еркіндік қазіргі қазақ еліне дәстүрлі емес исламдық ағымдардың келуіне мүмкіндік берді.

Жат діни ағымдарға сараптама бергенде қазақтың діни санасындағы дәстүр сабақтастығына тоқталып өткен жөн. Дәстүр сабақтастығына қатысты қазақтардың төмендегі діни типтерін атап өтуге болады:

- а) архаикалық автохтонды діндер;
- ә) сырттан қабылданған діни жүйелер;

б) ислам. Олардың ара қатынасы әртүрлі уақыт кезеңдерінде және тарихи жағдайларда әр түрлі болды және діни және зайырлы дәстүрлер эволюциясы

жекеленген арнайы зерттеулерді қажет ететін ғылыми нысан болып табылады.

Ежелгі тарихта генотеистік нанымдар басым болды. Генотеистік діни жүйе – ата-бабаларды құрметтейтін және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күшке ие рулық қауымға тән көзқарастар мен сенімдердің ортақтығы. Бүгінгі күнге дейін қазақтар аруақтарды құдаймен қатар еске алады: «О аруақ, О құдай қолдай көр» дейді. Ш. Уәлихановтың пікірінше, қазақтар өмірдің қиын кезеңдерінде ата-бабаларының есімдерін еске түсіреді. Кез келген сәттілік аруақтардың батасын алумен ғана келеді деп санайды [23].

Ата-бабаларды құрметтеу дәстүрі ежелгі діни көзқараспен тығыз байланысты болды. Басқа халықтар сияқты көшпенділер мәңгілік рух және өлмес жан туралы көзқарасты қолдады. Түркі тайпалары қайтыс болған адаммен бірге оның қаруларын, жеке заттарын және жылқысын жерлеген. Мінәжат дәстүрі алғашында өлгендерге арналған, кейінірек ол дәстүрлі еске алу сипатын қабылдады. «Әкені атқа отырғызып о дүниеге шығарды – аруақтарды құрметтеді (асқа жылқы сою)» деген сөз тіркесі осыдан қалды. Ата-анасының асына сиыр сойған жағдайда – «әкесін сиырға отырғызып жіберді» деп кемсіткен тұстар да этникалық болмыста кездесіп отырған. Әрине, тарих қатпарындағы осындай халық діліндегі дүниетанымдық түсініктерді тікелей қазіргі заманға көшіру де орынды емес.

Әдебиетте қазақтардың исламға дейінгі діни жүйесіндегі анимизмнің генотеизммен ұштасуының басқа да көптеген мысалдары келтіріледі. Халықтық түсінікте үш түрлі жанның түрлері бар: ет-жан, шыбын-жан, рухи-жан. Адам өмірден кеткеннен кейін оның ет-жаны төменгі әлемге өтеді. Ал рухи-жан аруақтар әлеміне өтеді. Аруақ бұл рухтың нысаны деп аталады. Жанның шыбынға теңелуі қазақтың көркем образдарға бейімділігін танытады.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде де генотеистік діни жүйенің іздерін айқын байқауға болады. «Ант ішу» жоралғысы (табыну, қан ішудің бастапқы мәні), құйрық пен бауыр жеу және т.б. тікелей аруақты еске салады, жерлеу дәстүріндегі «жеті күн», «қырқы», «жылын» еске алу рулық көзқарастар мен сенімдерге негізделген. Аруақтарға қолдау көрсету немесе оны көрсетпеу олардың ұрпақтарының қарым-қатынасына байланысты. Аруақтарды жиі еске түсіру, олардың құрметіне құрбандық шалу (егер исламда құрбандық шалу тек діни мерекелер кезінде жасалса, онда көшпенділер оны өмірлеріндегі елеулі оқиғаларға байланысты жасаған) адамдар үшін қолайлы жағдайлар туғызады деп есептелді. Осылардың бәрін «өткеннің сарқыншағы» немесе «ширк» ретінде бағалауға болмайды. Мысалы, қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы мәдениеті бар жапондықтар буддизммен қатар рәсімдік сипатта генотиптік синтоистік дінді сақтайды.

Ислам келгенше қазақтардың рухани мәдениетінде маңызды рөл атқарған діни жүйелерге тәңіршілдік пен шаманизм жатады. Соңғы жылдары бұл діни жүйе туралы көптеген еңбектер жарияланды, диссертациялар қорғалды. Біздің ойымызша, тәңіршілдік діні көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрдегі қажеттіліктерге бейімделген діни жүйе болып табылады. Оның гүлдену кезеңі түркі және моңғол тайпаларының рулық ұстаным бойынша бірігуі мен олардың

дала империяларын құруымен сәйкес келеді. Тәңіршілдік дінінде генотеистік дүниетаным берік орын алғанына қарамастан, ол монотеистік діни жүйе деңгейіне дейін көтерілді.

Кейін исламдық араб-парсы-түркі өркениетінің қалыптасуына байланысты қазақтарда Аспан Тәңірісі Алла синониміне айналды. Ежелгі көріністер исламмен қатар дамыды. Тәңіршілдік дінінің типтік мәні ол алғашқы көшпелі империялардың мәдени бірігуіне (бірінші синтез) ықпал еткенімен байланысты. Кейін түркілерді әлемдік өркениеттер деңгейіне дейін көтерген екінші рет бірігуге ықпал еткен әлемдік дін – ислам дүниеге келді.

Қазақтардың діни жүйелерін бір-бірін ауыстыратын түрлер ретінде қарастыруға болмайды. Әдетте, нақты тарихи кезеңдерде діни жүйелер бір-бірімен бір мезгілде синкретизмде пайда болады. Жоғарыда келтірілген рәсім бойынша құрбандық шалу рәсімі қатысушыларды белгілі бір символдың айналасында біріктіру мақсатында орындалды. Ол символдық сипаттағы қоғамдық іс-әрекет болды, шаман оның терең мәнін білетін және жүзеге асыратын фигура болды. Шамандық жүйенің исламмен өзара қарым-қатынасы бірдей болған жоқ. Алайда, халыққа өз дүниетанымын қабылдату үшін Ислам халықтың рухани өзегін қабылдауы керек еді. Бұл процесс екі жақты болды. Тәңірлер мен қасиетті аруақтар мұсылман мазмұнын алды. Бұл өте күрделі және жан-жақты мәдени құбылыс болды. Тіпті шаманизм қазақ мәдениеті кеңістігінде Исламның элементіне айналды. Қазақ мәдениетінде байырғы рулық діндерден мұсылмандық діни түрге көшу көптеген ғасырларды қамтиды және керісінше өзара терістеу нысанында емес, өзара толықтыру, біріктіру түрінде өтті.

Бүгінгі күні 2 миллиардтан астам ізбасарлары бар ислам өркениеті ерекшеліктерінің кейбір мәселелеріне тоқталайық. Әрине қазіргі сегіз өркениеттердің негізінде діни белгі жататындығы белгілі (С. Хантингтон). Батыс және Ресей ғалымдары ислам өркениеті туралы өз түсініктерінде бұл өркениеттің терроризм және экстремизммен қатыстылығы мәселесін анықтап алу қажет дейді.

Жаңа Дәуірдің басында технологиялық өзгерістерді тиімді пайдалана алған (индустриялық қоғам, нарық, өнеркәсіптік революция) Батыс шешуші әлемдік күшке айналды және бүкіл әлемде үстемдік орнатуға ұмтылды. Батыс тек Шығыс діндері жағынан ғана қарсылық алды. Атап айтқанда, Қытаймен немесе Жапониямен салыстырғанда христиандық экспансия салдарынан ислам діні көп зардап шекті. XIX ғасырдың соңында крест жорықтары, империялық-отарлық соғыстар, әлемдегі христиан миссионерлерінің қызметі нәтижесінде Түркия, Иран және Ауғанстаннан басқа тәуелсіз мұсылман мемлекеттері қалмаған. Бірақ, бір мәдени-тарихи дерекке назар аударайық: тарихта осындай қысымға қарамастан, мұсылман дінінен бас тартқан бірде-бір этномәдени жүйені кездестірмеуге болады [24]. Тіпті ең қуатты мәдени экспансияны жүргізген Ресей империясы да қалыптасқан бірде-бір ислам этномәдени жүйесін жоя алмады. Сібірдің байырғы этностарымен христиан дінін қабылдау ежелгі дәстүрлі діндердің ауысуына байланысты болды.

Керісінше, ортағасырлық мұсылман империяларында христиан халықтарының мұсылмандығына зорлықпен қарау саясаты мақсатты түрде жүргізілген жоқ. Ислам дінінің негізгі ережесіне сәйкес, адам тек өз еркі бойынша Аллаға жүгінуі тиіс.

Діни экстремизмнің өрістеуіне бір себепкер болған исламофобияның алға тартатын уәжі – исламға іштей тән фундаментализм мен фанатизм туралы ұғым. Фундаментализм – дәстүрлі мәдениет дағдарысқа түскен және жаңа тарихи жағдайларға бейімделмеген маргиналды қоғамның өнімі. Оның көріністерін, мысалы, Иран, Ауғанстан, Египет сияқты елдерде байқауға болады және бұл құбылыс исламның батыс экспансиясына қарсы тұруынан пайда болады. Фундаментализм – мәдени дамуды ескі формалар шеңберімен шектеуге ұмтылу. «Ислам партикуляризмі» деген тіркес батыстық мифологиядан шыққан. Мұсылман діні бойынша, барлық адамдар, шығу тегіне, ұлтына, сеніміне қарамастан, Құдайдың жаратқан мейірімді пендесі болып табылады. Тіпті қасиетті кітапқа (иудейлер мен христиандар) сенушілер мұсылмандардың жауы емес. Әл-Фараби айтқандай, олар – «адасқан қала» тұрғындары.

Дін азаматтардың жеке ісімен жарияланған демократиялық қоғамда ол азаматтардың саяси мінез-құлқына ықпал етуді жалғастыруда. Өйткені, діни наным-сенімдер қасаң түрде емес, зайырлы идеологиямен үйлесе отырып, сенушілердің саяси бағдарына әсер ететін белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Тек әмбебап діндерге ғана емес, дәстүрлі емес діни секталарға, әр түрлі магия мен астрологияға, медитацияның Шығыс техникаларына қызығушылық кеңеюде. Осының бәрін ескеру және қазіргі заманғы әлемдік мәдениетті зерделеу кезінде тиісті түрде әрекет ету керек.

Діндегі жат ағымдар мен теріс қозғалыстарды «тек тыйым салумен шеше алмайсың. Оларға ұлттық идея мен идеология тұрғысынан сараптама беру керек [25, 209 б.]. Бірінші орынға демократиялық идеалдар, діндерге шыдамды көзқарас қойылған азаматтық қоғамда, қоғамды адамгершілік жағынан қайта жаңғырту ісінде, бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуда, рухани мәдениетті көтеруде, ұлттық дәстүрлер мен салттарды жаңғырту маңызды рөл атқарады. Осылайша, дін азаматтық қоғамның қалған институттарымен (отбасы, мектеп, қауым, ерікті ұйымдар, кәсіподақтар және т.б.) қатар, қоғам жеке тұлғаны жалпы қабылданған адамгершілік нормаларды сақтауға мәжбүрлейтін құрал болып табылады.

Діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық тәжірибесін зерттеу әдіснамасы еліміздегі дәстүрлі діндердің ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарына сүйенеді. Біз дәстүрлі діндерді (ислам мен православия) дамытуымыз керек. Оның үстіне соңғы кезде қалыптасқан стереотиптерден бас тарту қажет. Жаңа храмдар мен мешіттер қажет, бірақ бүгінгі күні теориялық ғылымдар мен теология алдыңғы қатарда. Демек, бұл анық: Меккеге қажылардың санын көбейту туралы уайымдамау және шомылдыру рәсімін қабылдайтындардың артынан жүгірмеу керек, бірақ, ең алдымен, құдайлықтың дамуы туралы түсініктерді игеруге және зерделеуге қамқорлық қажет.

Бейбіт исламды уағыздайтын ханафи мәзһабының канондық кітаптарының кодын жасау керек және бұл классикалық туындылардың барлық мешіттерде оқылатынына көз жеткізу қажет. Қазан Ислам университетінің ректоры Рафик Мұхамедтің «Еділ-Жайық аймағындағы ислам радикализациясы негізінен теология саласында болғанын» айтқан сөзіне сілтеме жасайық: «18 Имамдарымызға қамқорлық жасау, оларға көмектесу қажет. Діни биліктің қақтығысынан басқа қорқынышты ештеңе жоқ. Інжіл әңгімесінен біз есімізде, есеңгіреген, қатыгез адамдар зұлым қарақшыны босатуды және Мәсіхті өлім жазасына беруді талап еткен. Адамнан мүлікті немесе өмірді тартып алған адамды кешіріңіз. Ал жаңа ілімді уағыздай отырып, бүкіл адамзатты иемденуге ұмтылған адам өлім жазасына кесілді. Интернетте өздерінің экстремистік көзқарастарын уағыздайтын «виртуалды мүфтилер» жас ұрпақтың санасы мен жанының қожайыны болған кезде қауіпті, біздің имамдарға қолдау көрсету және олардың беделін нығайту қажет. Мен тағы бір тезисті айтқым келеді: заң шығаруда, әскери әрекеттерде біз діни идеология мен саяси экстремизм арасындағы нақты айырмашылықты ажыратуымыз керек. Әлбетте, әрбір салафит қоғамдағы өзгерістер мен баламалы мемлекеттік-құқықтық жүйені қолдайды, бірақ кейбіреулері зорлық-зомбылықпен өзгеруге дайын. Сонымен, тым алыс кетуге болмайды: идеологиямен тек идеологиялық күресуге болады. Ал тек зорлық-зомбылыққа күшпен қарсы тұруға болады. Уахабилік идеологияны ұстанатын, бірақ қару алуға бейім емес адамдарға қарсы күш қолдану арқылы біз оларды неғұрлым радикалды әрекеттерге итермелей аламыз. Бүгінде сарапшылар 1999 жылы Дағыстанда ваххабизмді экстремизммен теңестіретін заң қабылданғаннан кейін қуғын-сүргін жастарды орманға итермеледі және терроризмнің әлеуметтік негізін кеңейтеді деген пікірді жиі еститін болды [26].

Мұсылмандардың радикализациясын қалай тоқтатуға болады? З.К. Шаукенованың пікірінше, «бүгінде діни спутниктік арналар, 8 мұсылмандық сайттар және т.б. құрудың көптеген нұсқалары бар, қазіргі жастар аға буын өкілдеріне қарағанда түбегейлі басқа құралдарды қолданады. Атап айтқанда, жастар «жаңа діндер» мен секталардың ықпалына көбірек бейім. Ал қалай дәстүрлі емес діндермен күресу кезінде адамның ар-ождан бостандығына құқығын бұзбау керек? Терроризмді қылмыстық кодекспен әшкерелеу керек» деген проблемалық мәселелерді алға тартады [27].

Адам басқа пендені өлтіргенде, мүлікті өртегенде, ұлтаралық және конфессияаралық алауыздыққа шақырғанда ол міндетті түрде қоғамдағы заңды бұзады. Ол бір уақытта қандай түске боялса және қандай діни немесе саяси киім кисеиде, сол форманы киінеді. Ол заңды бұзғандықтан қылмыскер. Ал жаңа заң бұл заттарды жіктеуге мүмкіндік береді. Кез келген дінді ұстанудың көптеген мүмкіндіктері бар, егер ол физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулыққа зиян келтірмесе.

Қоғамда отбасының құндылығы және оның әртүрлі себептерге байланысты бұзылуы туралы көп айтылды. Шынында да, бүгінде деструктивті діни ағымдардың жақтастары отбасыларға жиі еніп кетеді. Қарттар мен кедейлер

осындай оң және пайдалы имидж туғызатын соңғы садақаларын әкелетіндіктен ұйымдастырылатын қайырымдылық кештерін өткізу мысалдары келтірілді. Ал осы секталардың әрекеттерінен зардап шеккендер мұндай жағдайларды келеңсіз дерек ретінде жиі алға тартады. Шындығында, мемлекет тарапынан, дінтанушылар тарапынан ағартушылық жұмыстар көп болуы керек. Бүгінде, шындығында, Қазақстанда дінтану пәні бойынша бірнеше оқулықтар басылып шықты. Дегенмен, олар да біршама сынға ұшырады. Онда кейбір ұйымдар келіспейтін бағалаулар бар. Соған қарамастан, мұндай нұсқаулықтарды құруға тырысудың оң нәтижесі бар, сондықтан адамдар бұл немесе басқа ұйымның не істеп жатқанын қарапайым түрде біледі, оның негізін қалаушы кім, оны насихаттайтын қандай адам. Қиын жағдайға түспеу үшін барлық ұйымдар туралы көбірек ақпарат алу керек [31].

Елена Бурованың пайымдауы бойынша, «діни» деп аталатын әдебиеттердің мониторингі мен талдануы, таза нарыққа беріліп қойылған. Олар әлі де кітап дүкендері желісі бойынша таратылады, жаңа діни ұйымдардың жақтастарына беріледі немесе сатылады, азаматтарға тегін немесе ақшаға көшеде жеткізіледі. Таратылған мәтіндерде дінаралық өшпенділікті, ұлтаралық араздықты қоздыруға бағытталған ақпараттар бар, қазіргі зайырлы билікке қарсы күреске шақырады. Оларда берілетін ақпарат тікелей немесе контекстік түрде тұтынушылар арасында әр түрлі қорқыныш пен фобияны дамытуға бағытталған, соның ішінде апокалипсисті талқылау нәтижесінде табиғатта болған катаклизмдерге қайшылықты пайымдаулар жасалуда, сенбейтіндердің барлығын немесе сенбейтіндерді қорқыту және т.б. [28].

Мұндай әрекет табиғи емес, белгілі бір дүниетанымға, мінез-құлық моделіне, өмір салтына «имплантация» сипатына ие болады, яғни «таңылған» сәйкестендіру деуге болады. Біз мұндай қауымдастықтарды квазидіндік деп бағалауды ұсынамыз. Мінез-құлықтың экстремалды факторлары мыналарды қамтуы керек: а) жалпы қазақстандық қоғамда және отбасында бар әлеуетті және нақты жақтаушыларға арналған өтініштер - атап айтқанда мәдени дәстүр, жалпы қабылданған құндылықтар мен басымдықтарды білмеу, туыстарымен және достарымен қарым-қатынас; б) діни топ деп аталатын қарым-қатынастың қатаң, құпия ережелерін сақтауға байланысты мінез-құлықтың белгілі бір алгоритмдерін үйрету, сана мен мінез-құлықты бақылау, олардың туыстары мен қоғамның басқа мүшелерінің өмірінің әр түрлі аспектілері туралы ақпарат жинау болып келеді.

Деидеологизация жағдайында негізгі жалған христиандыққа да, жалған исламдық ұйымдарға да тән жаңа діни культтерге «айналдыру» әдістерінің ұқсастығы алаңдатады. Екеуі де жеке дағдарыс сәтін, моральдық және идеологиялық ізденістерге қызығушылықтың артуын, құндылықты түсінуге деген ұмтылысты, өз жақтастарының қатарын толықтыру үшін кейбір өмірлік кедергілерді жеңуді қолданады. «Діни қызмет» туының астында жаңа қауымдастықтарға қатысудың негізгі құралы - сауықтыру уәдесі (рухани және физикалық), жаңа бауырлар мен әпкелер, отбасы табу, діни жүйені қанағаттандыру (Құранды немесе Інжілді зерттеу, дұға ету практикасы) және

жаңа ұжымдағы діни емес қажеттіліктер.

Идеологиялық әсер етудің жаңа «агенттерінің» қызмет салалары діни рәміздермен жасырылуы мүмкін, жеке жетістіктерге арналған тренингтерге ұқсайды, өмірлік қиындықтары мен проблемалары барларға қолдау ретінде, шет тілін үйренудің немесе тиімді автокөлікті алудың жолдары ретінде жарнамалайды. Псевдо-діни ұйымдар өз ұстанымдарының өмір салты мен ойлауын бағдарламалайды және бақылайды: жүйелі кездесулерде (оны арнайы бөлінген үй-жайларда да, пәтерлерде де, жеке үйлерде де, мекемелер мен ұйымдардың кеңселерінде де, қоғамдық орындарда да өткізуге болады) оның әрбір қатысушысын ұйымдастырудағы «жұмыспен қамтуды» тексеру жүргізіледі, шағын топтардағы (ұяшықтардағы) «ақсақалдардың» есеп берушілері намазға, жаттығуларға және басқа да іс-шараларға қаржылық қолдауға қатысады. Бұған қарағанда, жалған діни ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне, олардың қызметі мен бағыты туралы, туыстары мен достарын олардың ішінде ұстау себептері туралы ақпарат алуға тырысатын туыстары үшін құпиялылығы мен жақындығы кездейсоқ емес сияқты [29].

Жалған діни ұйымдар жүргізетін уағыздар мен қызмет түрлерінің талдауы дін қызметкерлерінің қазақстандықтардың өмірінің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне дәйекті және табанды түрде назар аударатынын көрсетеді. Негативизмге бейтараптықпен жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістерге баға беру саясаттандырылады, шындықтың себеп-салдарлық байланыстары адептілердің ойлауын шындықтан алыстататын жалған мифологиялық тәуелділіктермен алмастырылады. Жалған діни уағыздаушылар діни топтың басқа әдістерге талпынысына қарсылық білдіріп отырады.

Сондай-ақ, экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудің бірнеше түрлері бар, бірақ біздің диссертацияның тақырыбына сәйкес біз бұл қарама-қайшылықта дәстүрлі діндердің (бұл концепцияның шарттылығына қарамастан) рөліне тоқталайық. Бұл бағытта діндер тікелей де, жанама да әрекет ете алады. Тікелей - сенушілердің және жалпы алғанда барлық адамдардың санасына, ақыл-ойы мен ар-ожданына әсер ету арқылы. Жанама түрде, билікке азаматтарға қамқорлық жасау, қоғамда әділеттіліктің белгілі бір деңгейін сақтау, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, адамдарға материалдық және рухани даму мүмкіндіктерін беру жауапкершілігін еске салу арқылы. Дәстүрлі діндердің діни негіздегі экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы мүмкіндіктері қандай? Біздің ойымызша, олар келесілер бойынша айшықталады:

- діни білім беруде, адамдарды имандылыққа, жақынына деген сүйіспеншілікке, адам өмірінің сөзсіз құндылығына, қоғамды адамгершілікке тәрбиелеуде;
- сенушілерден экстремизмге идеологиялық қарсы тұруды талап етуде;
- олардың ізбасарларына экстремистік болуға тыйым салуда;
- терроризмнің Құдайға, Аллаға деген сеніммен сәйкес келмейтіндігінің сенімді және күнделікті дәлелдеуінде;
- әділеттілік идеясының діни негіздемесінде және осы идеяларды дінге сәйкес жүзеге асыруда;
- мемлекетпен бірлескен әлеуметтік қызметті жандандыруда;
- террористік шабуылға үмітсіз және дайын

адамдарды жұмсартуда. Ақырында, дәстүрлі діндердің экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда жасай алатын ең маңызды нәрсе - бейбітшілік үшін, халық үшін, билік үшін дұға ету [30] .

Әрине, экстремизм мен терроризмге қарсы күресте дәстүрлі діндер ғана емес, сонымен қатар «дәстүрлі емес» діндер де көмектесе алады. Бұл қарсы әрекет кезінде тоталитарлық және экстремистік діни бірлестіктердің көмегіне сенуге болмайды (әрине, олардың тоталитаризмі мен экстремизмі дәлелденген жағдайда).

Саяси алаңда діни уәжді экстремизм мен терроризмнің болуымен байланысты барлық мәселелерді тереңірек түсіну үшін исламды саясаттандыру процесі сияқты құбылысқа тоқталу қажет. Көбінесе исламның маңызды саясаттануын түсіндіру үшін олар ислам тарихының алғашқы кезеңдерінде зайырлы және діни биліктің алғашқы үйлесімі туралы дәлелге жүгінеді. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай исламдық араб қоғамдарындағы билік зайырлы (әмірлік) және діни (имаматтық) болып бөлінді. Кейіннен ислам әлеміндегі мемлекеттер билік қалаған билік формасымен байланысты болатын халифалар исламдық фактордың азды-көпті қатысуымен зайырлы билеушілер ретінде әрекет етті. Бүгінде ислам атынан діни және зайырлы билікті біріктіруді талап ету дұрыс емес (және тіпті кейіннен кез келген зайырлы элементті ығыстырғанда да). Оның үстіне зайырлы мемлекеттерде. Сондықтан қазіргі кезеңдегі ислам дінінің саясаттануын ақтау үшін осы екі билік тармағының бастапқы комбинациясының дәлеліне сілтеме жасау қиынсыз [31].

Қазіргі кездегі исламды саясаттандыру - бұл саяси жоба, және мүлде діни емес. Мұны нақты саяси жоба ретінде қарастыру қажет: яғни билікті басқарудың тарихи жеңілген формаларын кім және не үшін қайта жандандыру қажет екенін ашу. Әлемдік халифат идеясы бүгінде өміршең емес, бірақ, мүмкін, ол іске асыру мақсатын көздемейді. Ол төрт әділ халифтің заманына қайта оралу талаптарын жеткілікті түрде саяси кеңістікті «басып алу» үшін жеткілікті етіп қою үшін ұсынылды. Ал исламистер бұған жетеді. Бұл өз кезегінде экстремизм мен терроризмге (экстремизмнің экстремалды түрі ретінде) ынталандырудың негізін құрайды. Осылайша, біздің жағдайда (Орталық Азия елдерінде) діни себеппен терроризмге әкелетін бүкіл процесс келесідей көрінеді: ислам – исламды саясаттандыру – исламистік идеологиялар – экстремизм – терроризм.

Терроризмді исламмен байланыстыру мүлде дұрыс емес, ислам - бұл бейбітшілік діні, бірақ оқиғалар жоғарыда көрсетілген схемаға сәйкес дамыған кезде біз терроризммен аяқталамыз. Терроризмнің діни мотивінен дінді «жырту» өте маңызды міндет. Бұл мәселені шешу үшін терроризмнің діни мотивациясының абсолюттік сәйкессіздігін көрсету, діни догмалар мен терроризм идеяларының сәйкес келмейтінін дәлелдеу қажет. Сіз «дін бейбіт, гуманистік және терроризмге қатысы жоқ» деген тезисті қайталай аласыз, бірақ бұл әрекет сиқырлы нәтиже бермейді: террористер өздерінің әрекеттерін ақтау үшін дінге сілтеме жасағандықтан, оған үнемі сілтеме жасай береді. Көптеген

эксперттер «Экстремизм» терминінің мағынасы тым кең және заң ғылымы тұрғысынан аса дұрыс емес деп есептейді.

Дінге берілген құқықтық анықтаманың жоқ екендігін есепке алар болсақ, онда «діни экстремизм» терминін негізсіз қолдану азамат құқықтары мен конституциялық негіздеріне қауіп төндіретінін айта кеткен жөн. Діни экстремизммен байланысты ұлттық қауіпсіздік жағдайына баға бере отыра, конфессияның ішкі қайшылықтары мен конфессияаралық қайшылықтармен қатар, дін негізінде қалыптасатын діни экстремизммен қатар, «жаңа діни ағымдардың кеңінен таралуына себеп болып отырған» «өзге мемлекеттерден келетін діни экспансияны» да атап өту қажет. Жаңа діни құрылымдардың қарқынды дамуы елдегі қалыптасқан этноконфессионалды үйлесімділікті бұзып, конфессияаралық бәсекелестік пен халықтың наразылығын туындатады. «Қазақстандағы шетелдік түрлі діни, қайырымдылық қорлары және тағы басқа ұйымдардың филиалдары формальді түрде қазақстандық заңнамаға қайшы келмесе де, діни негізде қоғамдық қысым туындататын жағдайы алаңдатады» [32]

«Діни экстремизмді» белгілі бір діннің негізінде көрініс беретін құбылыс деп санасақ, онда ол қай дінге қатыстылығына қарай түр-түрге бөлініп кетері сөзсіз, екіншіден, ол сол діннің төңірегінде орын алған өзге де құбылыстармен сабақтаспай, байланыспай жеке көрініс береді деп тұжырымдау ойға қонбасы белгілі. Өйткені ол діни құбылыстардың барлығы белсенді «діндарлардың» басшылығымен іске асатындығы күмән келтірмейді. Бұған мысал ретінде ислам діні төңірегінде болып жатқан әр түрлі жанданулар мен әрекеттерді алып келтіруге болады. Осыдан келіп біз «діни экстремизмге», соның ішінде, «ислам экстремизміне» тән ерекшеліктерді ислам дініндегі «фундаментализм», «фанатизм», «терроризм» және т.б. көптеген құбылыстармен қатар қарастырып, олармен сабақтастықта зерттеу қажет деген пікір айтамыз.

Қазіргі қазақстандық ғалымдар мен ресейлік мамандар арасында Э.Г. Филимоновтың келтірілген пікірін әрі қарай өрбітіп, экстремизмнің қазіргі бой көрсетулері сипаты мен ішкі мазмұнына қарай Д. Сәтпаев мынадай түрлерге бөліп қарастырып жүр. Діни экстремизм, этникалық экстремизм, саяси экстремизм. Тіпті, діни экстремизмнің өзін келесі түрлер бойынша топтастыруды ұсынады: өзге конфессияға қарсы (антиконфессиональді), модернизацияға қарсы (антимодернизациялық), жүйеге қарсы (антижүйелік), сектанттық (сектантты дүниетанымдық), арнайы экстремизм (спецэкстремизм) деген болатын [33].

Діни экстремизмді осылай деп топтастыруда саясаттанушы Д. Сәтпаевтың қандай ерекшеліктерді атап көрсеткісі келгендігіне көз жіберу мақсатында қысқаша тоқталып өтелік. Сонымен өзге конфессияға қарсы экстремизм түрі - өзінің аты айтып тұрғандай - өзге діни сенімдегілерге, сондай-ақ бір діндегілерге де қарсы бағытталуымен сипатталса (Ирак-Иран, Палестинадағы еврей ұйымдары), модернизацияға қарсы экстремизм қалыптасқан дәстүршілдікке негізделген саяси-әлеуметтік қарым-қатынасты бұзатын бөтен

құндылықтардың таралуына қарсы бағытталады (Иран,

Судан). Жүйеге қарсы экстремизм діни ұйымдардың саяси күш иелері екендігін мойындамайтын зайырлы режимдер мен саяси жүйелермен күреседі (Алжир, Өзбекстан). Сектанттық (дүниетанымдық) түрін, негізінен, діни экстремизмнің өзге конфессияға қарсы және жүйеге қарсы түрлерінің қосындысы деп те қарастыруға болады [34]. Ал арнайы экстремизм – мемлекет аралық қақтығыстарда қолданылатын құралдың бірі деп түсіндіріледі.

Діни экстремизм құбылысының бұрынғы кеңестік республикалар аумағында, әсіресе, Орталық Азия мен Қазақстан орналасқан аймақта бой көрсетуі – осы елдердің келешек зайырлы дамуы мен бүтіндігіне қауіп төндіріп отырған басты мәселенің бірі. Осыдан келіп оның алдын алу үшін немесе онымен тиімді күресе білу үшін практикалық қызметте діни экстремизм жайында нақты мағлұматтың қажеттілігі ерекше сезіледі. Міне сол үшін де қазақстандық ғалымдар мен осы сала мамандары алдында экстремизмді жан-жақты зерттеу бүгінгі қоғамға ауадай қажет болып отыр.

Мемлекетіміздің қазіргі конституциялық құрылымын өзгертіп, оның тұтастығын бұзуға негізделген, бүкіләлемде мұсылмандардан тұратын біртұтастанған «Халифат» мемлекетін құру қажеттігіне үйрететін, Қазақстан Республикасының әділет органдарына тіркелмеген және еліміздің сот органдарымен діни экстремистік партия деп танылған, Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынған «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты», «Боз гурд» және тағы басқа да көптеген діни экстремистік партиялар таралуда. Олар ұйым мүшелерінен әрдайым қатарларын көбейту мақсатында діни экстремистік партияға жаңа мүшелер тартуды талап етеді. Сондай-ақ ұйым мүшелері бір рет айдың қорытындысы бойынша жазбаша түрде есеп тапсырады екен [35].

Әлемдегі және Қазақстандағы дін мәселесімен айналысып жүрген сарапшылар мен фокус-топтардығы сұқбат берушілер діни экстремистке тән мынадай белгілерді атап өтеді:

- барлық өзге бір ойларды терістеу, жек көру, тіпті оған қысымшылық жасау;

- өздерінің саяси және діни көзқарастар жүйесін қатаң және баламасыз түрде тұжырымдау;

- көшбасшысының бұйрықтарын орындау мен оған бағыну-ды қалыптастыру және оны табынуға айналдыру;

- құрылған ұйымның жасырын/астырын сипаты;

- террор мен агрессияшыл әрекеттерге дейін алып баратын ымырашыл/төзімдіктің болмауы;

- сол мемлекет насихаттайтын құрылым мен қызмет етіп отырған мемлекетке өзін қарсы қоюға тырысу болып есептеледі.

Жат ағымдардың миссионерлік әрекеттері туралы эксперттер мен сауалнамаға жауап беруші дінтану мамандығының Алматыдағы студенттерінің жауаптары бойынша, экстремистердің мынадай үгіт-насихат жұмыстарын атап өтуге болады:

1. «Зиярат» – белгілі бір адамға арнайы жағдайын сұрау мақсатымен үйіне бару;
2. «Дағуат» – адамдарға ислам турасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;
3. «Сұхбат» – адамдарға ислам турасында ілім беру;
4. «Таборуот» – жағдайға байланысты ақша беру, бұл ақшалар ұйым мүддесіне жұмсалады.
5. «Илтизамот» – кедей мұсылмандарға көмек көрсету үшін ақша жинау;
6. «Проблема» – ұйым мүшелерінің жеке проблемалары қозғалып, оларды шешу жолдары талқыланады;
7. «Кітап оқи ма?» – ұйымның әр мүшесі өзінің «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік партиясы ұйымына қатысты оқыған кітаптары жайлы бөліседі;
8. «Халка» – әр топ басқарушыларынан «хизбиден» өз тобына неше адам тартқандығы және оларға сабақ қалай жүргізіліп жатқандығы сұралады.
9. «Саяси сахна» – дүниедегі саяси өзгерістер талқыланады;
10. «Махр» – отбасылы ұйым мүшелерінен олардың отбасындағы проблемалар жөнінде айтылады [36].

Өркениеттілік мықты мәдени құрылым – ұлт пен діннің абыройының асқақтауының басты кепілі. Сондықтан, құндылықтарды бір-біріне қарсы қоюды доғарып, қайта тұтастықта қарастыруымыз шарт.

Осы орайда, еліміздегі діни экстремизмді болдырмау және оның алдын алу үшін шешуші қадамдар жасау қажет. Олардың ішінде мынадай жұмыстарды атқарған жөн:

- жастардың білімін жетілдіруге, мәдени өмірге, спортқа және бос уақытты өткізудің басқа да пайдалы түрлеріне қатысуына кең мүмкіндіктер жасау;
- еңбекпен және жұмыспен қамту саласындағы жастар үлесін арттыру, осыған орай жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;
- жастардың баспана мәселесін шешуге көмек көрсету, қазақстандық қоғамдағы отбасы құндылықтарын дәріптеу, жас отбасыларды мемлекет тарапынан қолдауды күшейту;
- Қазақстандағы қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын кез келген экстремистік көріністерге жастардың қарсы тұра білуі үшін ақпараттық алдын алу жұмыстарды күшейту;
- жасөспірімдер мен жастардың дін, ар-ұждан саласындағы біліміне қатысты сұрақтарына жауап іздеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу керек.

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жолына мүдделі және уәкілетті барлық органдар мен ұйымдарды тарту қажет.

Діни экстремизм және терроризм мәселелері бойынша арнаулы еңбектер жазған М.Нұрғалиеваның пайымдауынша, «Қазақстандағы исламды тек шетелдік (мысалы, түркілік, арабтық және т.б.) ықпал аймағында қалдыра

бермей, «еуроислам» сияқты ағартушы-сауатты бағыттарды және жәдидшілдік сияқты ұлттық-реформистік бағыттарды да оңтайлы пайдаланған дұрыс» [37, 65 б.]. Шейх Әбсаттар қажы да мұсылмандық әйел не еркектің киімдерінде ұлттық белгілердің болғанын құптған еді [38,78 б.].

«Қазіргі таңда, - дейді Берік Аташ, - имамдар арабтардың діни киімдерін сол қалпында адекватты қабылдаған жоқ, оларға ұлттық оюларды енгізе отырып, талғамымызға ыңғайлап алды. Ендеше, Исламның ұлттық нұсқасы жалпы алғанда: ұлттық+өркениеттілік+исламдық+зайырлылық деген алгоритмге келіп тоғысуы тиіс және радикалды ағымдардан қорғанудың иммунитеті, саяси бағдар, азаматтық ұстаным болып құрылуы тиіс» [39, 46 б.].

Діни әдебиетте әлемдегі ірі конфессия өкілдерін ортақ ымыраға шақыратын діни төзімділік идеясы мен салт-дәстүрге, халық діліне жақын болудың маңызды екенін көреміз. Діндер аралық қатынастар саласындағы біздің еліміздегі салиқалы мемлекеттік саясаттың негізі дін жағдайымен көрсетуге болар. Біріншісі – либералдық заңнамалар, екіншісі - барлық діни нанымдарға төзімділікпен қарау, үшіншісі – плюрализм, яғни діни пікірлердің, діни көзқарастың алуандығы. Өзара төзімділік, шыдамдылық, принципі дегеніміз басқалардың діни сеніміне қаншалықты төзімділікпен қарау ғана емес, сонымен бірге соншалықты деңгейде құрметпен де қарау, бөтен дінділерді шеттетпеу дегенді білдіреді.

Анкабут сүресінің 46-аятында Алланың: «Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыпайылық пен әдептілік сақтап пікір таласындар» деуі мұсылмандарды олармен үн қатысу кезінде сыпайыгершілікке, өзара түсіністікке, сыйластыққа шақырып тұрғанын айқын аңғартады. «Анкабут» сүресінің 49-аятында да былай делінген: «Іштеріңдегі зұлымдық жасағандарынан басқа кітап иелерімен көркем түрде пікір таласындар. Оларға: «Бізге түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Құдайымыз да сендердің Құдайларың да біреу-ақ. Біз Оған мойынсұнғандармыз» [40] деңдер. Міне, Құранның дәріптеп отырған әдісі осы. Пікір талас өрбіту кезінде сыпайыгершіліктен аспау Исламда ізгілік этикасы болып табылады.

Әбу Сағид Сағд ибн Мәлик (Алла ол екеуіне разы болсын): «Ансарлықтардың кейбірі Алланың елшісінен (бір нәрсе) сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) оларға сұрағанын береді. Кейін олар тағы сұрайды.

Пайғамбар (с.ғ.с.) сұрағандарын береді. Сөйтіп олар Алланың елшісіндегі сол затты тауысқанша сұрай береді. Пайғамбар (с.ғ.с.) қолындағы заты таусылған соң: «Менің қолымда бар қайырды мен сендерден сақтамаймын. Кім мейірімді болуды сұраса, Алла оны мейірімді қылады. Кім байлық сұраса, Алла оған байлықты береді. Кім сабырлық танытса, Алла оған сабырды береді. Негізінде, сабырдан асқан кең әрі қайырлы нәрсені (Алладан басқа) ешкім берген емес», – деп айтты» деген хадисті риуаят қылған (Бұхари, Муслим). Пайғамбармен иық тіресіп жүрген, ислам тарихында өзіндік орны бар сахабалардың бірі Ибн Масғуд (Алла оған разы болсын): «Иман екі жартыдан тұрады: біреуі – сабырлық; екіншісі – шүкірлік» [41], – деген екен.

1.2. Заманауи әлемдегі діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері мен формалары

Діни экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері мен формаларын теориялық тұрғыдан талдаудан бұрын бірнеше гуманитарлық және діни-антропологиялық мәселелерді талқылау маңызды болып табылады. Экстремисттік ұйымдардың пайда болу алғы шарттары мен себептеріне ерекше тұлғалық психикалық рай мен діл де жатады. Бұл психологиялық жағдайдағы үрей, өкініш, қасірет, торығу сияқты эмоциялық қолайсыз сәттердің басым болуы өмірдегі келеңсіз жағдайлардан туындайды. Адам әлеуметтік дәрменсіздіктің салдары ретінде қабылданатын, осындай кері эмоциялардан арылудың жолдарын іздейді және нәтижесінде дінге келеді. Сондықтан, діни экстремизмді зерттегенде адамдардың психологиясына, тұрмыс жағдайына, рухани дүниетанымы мен менталитетіне ерекше көңіл бөлінуі керек.

Зорлық-зомбылық пен терроризмді ақтайтын ілімдер түрлі пікірлер мен идеялардың, адамдар мен діндердің ынтымақтастығы мен сұқбатшылығын бекерге шығарады. «Өйткені түрлі мәдениеттер мен олардың арасындағы диалог XX ғасырда гуманистік этика жариялаған күш көрсетпеу мен бейбітшілік мәдениетінің түйсіу нүктесі болып саналады» [42, 251 б.]. Бүгінгі әлемді бірі-біріне тәуелді экономикалық, технологиялық, ақпараттық байланыс арналары ұстап тұрғаны мәлім. Бірақ бұл байланыс арналарында өркениеттің қас жауы – қақтығыстар мен соғыстың, экстремизм мен лаңкестіктің орын алуы өте қатерлі үндеу болып отыр.

С. Хантингтонның айтуынша, «бүгінгі өркениет өзінің тарихы, тілі, діні, мәдениеті, дәстүрлерімен бір-бірімен ерекшеленеді және идеологиялық пен әлеуметтік жанжалдардың орнына өркениеттер қақтығысы келді» [43, 480-481 бб.]. Американ саясаттанушысы ең алдымен Батыс пен Исламның арасында діни-мәдени қайшылықтар лаңкестікті тудырады дейді. Батысқа рационализм, христиан дәстүрі, ағартушылық, демократия, дербестік тән болса, исламға, керісінше, мистерия, сезімталдық, фундаменталистік діни ұстанымдар, дәстүршілдік, ұжымшылдық, қауымдастық, авторитаризмнің ерекше түрі тән келеді делінеді. XX ғасырда вестерн үдерісі еуропалық (батыстық) үлгіні жалпыға ортақ мұсылмандарға тануды міндеттейді. Бұл үлгіні қабылдамағандар исламофобияға ұшырайды.

Әрине С. Хантингтон ілімінің теріс тұсы ислам туралы бұрыс түсінікте болуы. «Ислам» сөзін қазақшаға аударғанда «бейбітшілік» деген ұғымды білдірсе, лаңкестік топтардың әрекеті бейбітшілікпен еш жанаспайды. Сондықтан пиғылы дұрыс емес діни ағымдарға дәстүрлі емес, деструктивті, экстремистік, радикалды секта деген атау қойылады.

Қазіргі тоталитаризм мен зорлық-зомбылықпен айналысқан Ф. Хайек «капитализм» мен «социализм деген атаулардың ескіргенін және бүгінгі адамдар бірлігінің екі түрі бар» дейді: «адамдық қауымдасу мен

ынтымақтастықтың кеңейтілген тәртібі және адамға күш көрсетуді жақтайтын тоталитарлық құрылымдар» [44]. Бұл мәселе өте маңызды. Себебі лаңкестік адам еркіндігі мен өзара ынтымақтастығы аз жерлерде өрістейді. Оларда шынайы адамдық қауымдастыққа жат трайбализм, патернализм, партикуляризм сияқты архаикалық қатынастар белең алып кеткен. Сондықтан соқыр экстремизмді шектейтін еркін индивидуалдықты жоғары деңгейге көтерудің бір шартына шынайы қауымдастықты қалыптастыру жатады.

«Әрбір экстремист өзін абсолютті ақиқатқа ие бастау ретінде сезінеді. Бұл сана адамның жануарлық эмпирикалық стихиясының көрінісі ретіндегі тұрпайы эгоизммен тең емес; лаңкес кез-келген өркениеттік норманы өзін кемсіту, өзінің болмысына төнген қауіп ретінде қабылдайды; ол қоғамдық бірліктің кез-келген құқықтық талабын өзін жойып жіберу ретінде сезінеді» [45, 49 б.].

Қазіргі кезде әлеуметтік құбылысы ретінде діни экстремизм әлеуметтік ғылымдарының әр түрлі салаларының назарын өзіне аудартуда. Оны саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, конфликтология бойынша мамандар, әлеуметтік және мінез-құлық психологтары, теологтар, криминологтар, философтар, заңгерлер және басқа мамандық иелері зерттеуге талпынуда. Бұл зерттеушілер өз пәндерінің аспектілері бойынша зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, әлі де барлығының бірлескен ұжымдық кешенді зерттеу еңбектері жеткіліксіз [46].

Діни экстремизм және терроризмнің бағыттарын талдауға арналған Аташ Беріктің «Діни экстремизм және терроризмнің алдын-алу шаралары» атты еңбегінде «жат бағыттың өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе екендігіне, көпаспектілі болып табылатындығына назар аударылады, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру және тағы басқа сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады» делінеді [39].

Діни экстремизм және терроризмнің пайда болуының тарихи, әлеуметтік-мәдени және басқа да түбірі бар, олар көптеген факторлардың әрекеттесуімен туындайды, әрі дамиды. Мысалы, діни экстремизм және лаңкестіктің туындауы мен дамуына, құқықтық мәдениеттің төмендігі, саяси және әлеуметтік мониторингтің қателігі, мемлекеттік аппараттың әлсіздігі, шенеуніктердің жемқорлығы және арнаулы қызметтің төменгі кәсібилігі де әсер етеді.

Қазақстандық «Түсіндірмелі Сөздіктің» анықтамасы бойынша, «селективті лаңкестік – нақтылы бір белгілеріне орай, нақтылы тұлғаларға қарсы жасалатын лаңкестік әрекеттер. Мұндай қарама-қарсы құбылыс көрсоқырлықпен жасалатын террористік әрекет болып табылады. Яғни, лаңкестік әрекет жасалған аумақтағы кінәсіз, жазықсыз адамдарды еш талғаусыз құрбан ететін терроризм деген сөз» [47, 39 б.].

Экстремизмнің пайда болуына сараптама жасай келе бұл құбылыстың негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қақтығыстары экономикалық,

әлеуметтік, этникалық және конфессиялық қарама-қайшылықтары жатқанын көруге болады. Бұндай мүдделердің, қарама-қайшылықтардың масштабы әр түрлі болуы мүмкін: жеке индивидтің жеке «Мендік» мүддесінің бүкіл қоғамға қарсы тұруынан бастап, бүкіл мемлекеттік жүйелердің қатал тайталасымен аяқталады. Қанда да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдай да тайталас екі жақтың бірі өздерінің саяси, діни, этникалық, тағы басқа мәселелерінің шешімін табу үшін шектен шыққан методтарға, тәсілдерге көшуі әбден мүмкін.

Экстремизмнің кең және нақтылы өлшемдеріне сараптық бағаны берген - ресейлік сарапшы М. Краснов. Оның ойынша, «экстремизмге мынадай идеяларды, бағыттарды, доктриналарды таратуға бағытталған әрекеттерді жатқызуға болады: адамдарды таптық, меншіктік, нәсілдік, ұлттық немесе діндік ерекшеліктеріне байланысты бөлу; адам құқығын конституциялық құндылық ретінде жоққа шығару; ашық плюрализм мүмкіндігін, идеяларды еркін тарату мен айырбастауды жою; экстремистік идеологияны мемлекеттік ретінде орнату» [48]. Кейбір зерттеушілердің ойынша, өз идеяларын өз өмірлеріне ғана қолданып қоймай заңды түрде де, заңсыз да барлық мүмкін әдістерді қолдана отырып, қоғамға қолданғылары келетіндердің барлығын, экстремистерге жатқызуға болады. Кейбір жағдайда бұл терроризмге жетіп қоғамға үлкен қауіп туғызуы мүмкін [48].

Экстремизмнің пайда болу себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты. Әйтсе де экстремизмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Ол кез-келген қоғам мен мемлекетке тән. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу; саяси режимнің тоталитарлық сипат алуы; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі; лидерлердің саяси амбициялары және т.б.

Экстремизм өзінің ең жалпы түрінде қоғамда бар нормалар мен ережелерді түбегейлі жоққа шығаратын шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерді ұстанумен сипатталады. «Қоғамның саяси саласында көрінетін экстремизм саяси экстремизм, ал діни салада көрінетін экстремизм діни экстремизм деп аталады. Сонымен қатар, көп ұзамай біріккен «діни және саяси экстремизм» термині кеңінен танымал болды» [49]. Кез келген діни конфессияда (тек исламда ғана емес) берілген діни ағымды түсіну мен оған сәйкес келмеуіне сәйкес келмейтін әлеуметтік нормалар мен стандарттардан бас тартудың бір немесе басқа түрі ықтимал түрде енгізілген. Кейбір діни ұйымдар мен қозғалыстар үшін бұл автоматты түрде діни экстремизмге айналады. Дін әділетсіздікке наразылық білдіруге және оған қарсы тұруға негіз береді. Сондықтан адамзаттың әр дәуірінде діни экстремизм әр елде, әр түрлі діндердің

тереңдігінде өршіп кетті.

Қазіргі экстремизм күрделі өзгеріске ұшырады және олардың бірі мұсылман елдері арасындағы шекараны мойындамайтын мемлекет құруды алдына қойды. Бұл «діни жаһандану», «дінаралық мемлекеттің» құрылысы. Сонымен қатар, діни экстремизм терроризммен бірге идеяға адалдығын дәлелдеу үшін өз өмірін құрбан етуге дайындықты болжайды. Діни негіздегі экстремизм фанатизмді қамтиды, өйткені осылайша ғана (абсолюттік этикалық релятивизм) саяси немесе идеологиялық мақсаттарға жету үшін адамның өмірін мәжбүрлеп айыруды ақтай алады. Қазіргі әлемде көптеген күмәнді жаңа діни ағымдар пайда болды, олардан қызықты ерекшелікті байқауға болады - топтың саны неғұрлым аз болса, фанатизм соншалықты көп болады. Радикалды мұсылмандық қозғалыстарға келсек, біз «мұсылман радикалдары әлеуметтік карама-қарсылықтар бірқатар аймақтарда күшейгенін шебер қолданады: өмір сүру деңгейінің төмендігі, сыбайлас жемқорлық, жұмыссыздық, тұрғын үйдің болмауы, санының өсуі. некеде тұрмайтын адамдардың, моральдық құндылықтар мен этикалық нормалардың төмендеуі» [50].

Психологиялық тұрғыдан, адамдардың дәстүрлі емес конфессияларға (демек, экстремистік діни топтарға) қызығушылығын тудыратын себептердің ішінде зерттеуші О.Копылова манипуляциямен байланысты психологиялық шамадан тыс жүктеменің артуына байланысты дамитын «эмоционалды аштық синдромын» атайды және ол болашаққа деген сенімсіздікке жатады [51]. Діни экстремизм өзінің мәні бойынша қазіргі дәуірге тән зайырлы және діни бөлінуді түбегейлі жоққа шығарудан басқа ештеңе емес. Популистік деңгейде біз дінді тек рухани және саяси жағынан адамға билік тұрғысынан түсіндіру әрекеті туралы айтып отырмыз. Саяси экстремизмнің формалары саналатын этно-ұлтшылдық экстремизм, діни және саяси экстремизм туралы мүлде бірдей айтуға болады [52]. Негізгі факторлармен қоса ғалымдар экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторларды атап көрсетеді. Оларға халықаралық немесе мемлекеттік жүйеде экстремизм көріністеріне қарсы күрестің осалдығы, тұрғындардың, жеке топтардың саяси және құқықтық мәдениетінің төмендігі, мемлекетаралық қатынастың әлсіреуі, әлеуметтік шиеленістің өсуі т.б.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 1-бабының 18-тармағында террористік қызмет түсінігі ашылады: «мынадай әрекеттердің кез келгенін жасау:

- ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, қаржыландыру және терроризм актісін жүзеге асыру;
- терроризм актісіне шақыру;
- терроризм актісін жасау мақсатында заңсыз әскерилендірілген топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), ұйымдасқан топты ұйымдастыру, сондай-ақ мұндай құрылымдарға қатысу;
- террористік іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды тарту немесе оқыту немесе қаруландыру;
- терроризм актісін ұйымдастыруда, жоспарлауда, дайындауда және

жасауда ақпараттық немесе өзге де көмек;

- терроризм идеяларын насихаттау, террористік материалдарды тарату, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану, сондай-ақ терроризм актісін жасауға жария шақыру;

- террористерге, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес террористік деп танылған ұйымдарға қаржылық, заңгерлік көмек немесе өзге де көмек көрсету, бұл әрекеттер террористік қызметті жүзеге асыру немесе оны қолдау үшін пайдаланылатынын түсіне отырып, террористік ұйым;

- жалдамалылық; – жалдамалы жауынгерлерді дайындау үшін базалар (лагерьлер) құру және т.б.» [53].

С.В. Криштопов дұрыс атап өткендей: «Экстремизм – терроризмнің түпкі себебі, оның идеологиялық құрамдас бөлігі. Террористік сипаттағы қылмыстар экстремистік ниетпен жасалуы және тиісінше көздеген мақсатқа жету құралы ретінде қызмет етуі мүмкін, бұл бірқатар ұйымдарды террористік деп тану туралы сот шешімдерінің мәтіндерінен көрінеді. Оның үстіне, олардың өмір сүруінің түпкі мақсаттары басым көпшілігінде экстремистік болып табылады: мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзу идеясын қолдау; ұлттық және діни араздықты қоздыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу» [54], сондықтан бұл элементтерді толық ажырату қиынға соғады, өйткені террористік және экстремистік қылмыс бір мезгілде жасалуы мүмкін.

Қоғамның діни өмірінің шектен тыс либералдануы бір жақты оң нәтиже бере бермейді. Өйткені әр елдегі бірегейлену түрлі мәдени- өркениеттік құндылықтарға сүйенуі мүмкін [52]. Бұл көптүрліліктің нәтижесі - діни конфессиялар формасының әрқилылығы. Бұлардың әрқайсысы өз наным-сенімдерінің қағидаларымен өмір сүреді. «Әртүрлі діндердің бір кезеңде, бір этно-мәдени кеңістікте болуы теологиялық мәселе ғана емес, әлеуметтік мәселе тудыратындығы сөзсіз. Діндердің өзгертуге болмайтын өзіндік діни ілімдері мен дәстүрлері бар, кейбір жағдайларда бір-біріне қайшы келетін, тіпті жоққа шығаратын, дінаралық сұқбат мүмкін болмайтын жақтары да кездеседі» [52, 216 б.].

Діни экстремизм – ғасырлар бойы адамзатпен жалғасып келе жатқан, өте күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс және оның негізінде өзімен келіспейтіндерге «кәпірлер» деген айдарды тағып қою жатыр. Зерттеушілердің пікірінше, экстремизм мемлекеттің, қоғамның, жеке бастың өмірлік маңызы бар, кез келген мемлекетке аса қауіп төндіретін құбылыстардың қатарына енді. Қазіргі кезде ислам елдеріндегі діни экстремизмнің мынандай жүйелі сипаттамалары көрініс табады: әлемде жылдам өсіп келе жатқан исламның беделін жамылып, шынайы мүдделерін жасыру, исламофобияны өз мақсаттарына қолдану, диктаторлық режимдердегі адам құқықтарын бұзуды пайдалану, террорлық актілерді жалған түсінілген «джихадпен» бүркемелеу, мемлекеттік билікті күштеп басып алуға шақыру, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерге, саяси көшбасшылар мен белсенділерге қауіп төндіру, кедейшілікті және әлеуметтік әділетсіздікті пайдалану, кепілдікке алу,

әкімшілік және мекемелердің ғимараттарын басып алу, шетел өкілдіктеріне қарсы пикет және жарылыс, жаппай тәртіпсіздік және басқалай күштеу актілерін ұйымдастыру.

Негізгі БАҚ Боко Харамның қатыгез исламшылары туралы көп айтады, бірақ олар іс жүзінде басқа діни лаңкестік топтарға назар аудармайды. «Осының бір мысалына 1987 жылы Угандада осы елдегі билікті фундаменталистік христиан үкіметіне беруге шақыратын радикал христиан Джозеф Кони негізін қалаған Иеміздің Қарсыласу Армиясы (LRA) жатады. Human Rights Watch ұйымының мәліметінше, LRA өз бақылауындағы Уганда, Конго, Орталық Африка Республикасы және Оңтүстік Суданда мыңдаған кісі өлтіру мен ұрлау әрекеттерін жасаған. «Жиһадшылар» сөзі LRA-ға қатысты сирек қолданылады, бірақ, шын мәнінде, LRA тактикасы Игил немесе Боко Харамның тактикасынан айтарлықтай ерекшеленбейді. Ал Кони Сахараның оңтүстігіндегі Африкада билікке келуге үміттенетін үкіметтер шариғат заңдарына ұқсас христиан заңдарын қабылдайды» [55].

«Ислам терроризмі» термині бұқаралық ақпарат құралдарында және қоғамдық санада берік орын алды. Көптеген адамдар басқа жол жоқ деп ойлайды. Сонымен қатар, қазіргі православияда, Ресейде, тіпті революцияға дейінгі Ресейде діни терроризмнің мысалдары жеткілікті, оны «исламдық» сияқты «шығыс христиандық» деп атауға болады.

Бір дерек келтірейік. «Артур Рино - «Рино-Скачевский бандасы» деген атпен белгілі нацистік скинхедтер тобының жетекшісі. Артур қамауға алынғаннан кейін 37 кісі өлтіргенін мойындады. Артынша ол бастапқы айғақтарынан бас тартты, бірақ тергеу оның 20 кісі өлтіру және 12 кісі өлтіруге оқталу әрекеттеріне қатысқанын дәлелдей алды. Фанатик қылмыскерлер өздерін «қаланы басқыншылардан тазартқан орыс солдаттары» деп атады. Рино 1989 жылы Екатеринбургте дүниеге келген. Әкесі - ұлты бойынша чукча. Ол Артур 3 жаста болғанда жол апатынан қайтыс болды. Бала анасының тәрбиесінде болды. Райно шектен шыққан оңшыл лаңкестердің арасында, былайша айтқанда, титулды емес ұлттың жалғыз өкілі болудан алыс. Бұл жерде адвокат Станислав Маркеловты өлтіргені үшін 18 жылға бас бостандығынан айырылған тағы бір «орыс» лаңкесі – еврей Евгения Хасисті еске алсақ та жеткілікті.

Артур Риноның анасы икон суретшісі, ол Орыс православие шіркеуінің Екатеринбург епархиясының мәдениет бөлімінде әдіскер болып жұмыс істеді, сонымен бірге бірнеше мектепте сурет салудан сабақ берді, тарихты жақсы көрді және ескі фотосуреттер мұрағатын жинады. Революцияға дейінгі Ресейде, БАҚ жазғандай, ол қоғамның идеалды нұсқасын көрді. Ол, олар айтқандай, іркеуге тәуелді православиелік әйелдің өмір салтын жүргізді. Сот мәжілісіндегі соңғы сөзінде Артур: "Мен жауыздарды өлтірдім, Отанды сатқандарды православиям үшін өлтірдім!" [55] деген.

Сарапшылардың пікірінше, «болашақ икон суретшісі мен террорист өскен ортаны ескере отырып, бұл сөздерде таңқаларлық ештеңе жоқ. Артур православие дінін ұстанған және анасы сияқты икондарды салған. Ол 2006

жылы Ресей дене шынықтыру университетінің екінші курс студенті Павел Скачевскиймен бірге, кавказдықтарды және Орталық Азиядан келген иммигранттарды өлтіру үшін топ құрды. Скинхедтер тобының жетекшілері Артур Рино мен Павел Скачевскийге қатысты үкімді Мәскеу қалалық сотының судьясы Эдуард Чувашов 2010 жылдың 8 сәуірінде шығарған. 2010 жылы 12 сәуірде ол өз үйінің кіреберісінде өлтірілді. Бұл Рино бандысын соттағаны үшін кек болды деген күдік бар» [55].

Терроризмді теологиялық және идеологиялық негіздеудің көрнекі мысалына Александр Иванович Бриллиантов (1869 - 1937?) - Орыс православие шіркеуінің сібірлік діни қызметкері, Ресей империясы Мемлекеттік Думасының II шақырылымының депутаты (1907) жатады. Александр Бриллиантов діни қызметкердің отбасында дүниеге келген. Томск теологиялық семинариясын бітірген. Томскіде оқып жүргенде төңкерісшілермен танысып, өзі революциялық қозғалысқа қатысады. Ол 1904 жылы 35 жасында Минусинск қаласына діни қызметкер болып тағайындалып, сол жерде революциялық оқиғалардың құйынына түседі. Шіркеуде қызмет етумен қатар, А.Бриллиантов қаланың қоғамдық өміріне белсене араласа бастады. «Саяси және революциялық қызметі үшін ол сенімсіздердің қатарына кіреді, жергілікті құпия полиция Александрды қудалауды бастайды. Осыған қарамастан II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланады. Петербургке қоныс аударады және ашық түрде православиялық экстремистік көзқарастарымен белгілі болды» [55].

1980-ші жылдардың басынан бері белсенді әрекет ететін зорлық-зомбылықшыл христиандар желісі, «Құдайдың Армиясы» түсік түсіретін дәрігерлерді өлтіруді ашық түрде насихаттайды. Осы ұйымның мүшелері болған лаңкестердің ұзын тізіміне 1994 жылы акушер Джон Бриттон мен оның күзетшісі Джеймс Барретті өлтіргені үшін 2003 жылы өлім жазасына кесілген Пол Дженнингс Хилл 1994 жылы Массачусетс штаты, Бруклиндегі Ата-аналық клиникасының екі жұмысшысын өлтірген Джон Си Сальви және 1996 жылы Атланта Олимпиадалық саябағындағы жарылыстар мен басқа да шабуылдарға қатысқаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айырылған Эрик Рудольф кіреді [60]. Құдай армиясы негізінен түсік жасатуға қарсы ұйым болып табылады, бірақ ол гомосексуалдарға қарсы зорлық-зомбылықты насихаттайды. Осындай мойындалған шабуылдардың бірі 1997 жылы Атлантадағы лесбияндық бар жарылыстары болды.

1990 жылы Қытайдың Хэнань провинциясында негізі қаланған «Шығыс найзағайы», сондай-ақ Құдіретті Құдайдың шіркеуі немесе Евангелие Патшалығы шіркеуі ретінде белгілі, әлемнің ақыры және ақырзаман идеяларына негізделген христиандық культ. «Шығыс найзағайының» мүшелері әлем апатқа жақындап келеді деп есептейді және мүмкіндігінше көп жандарды өлтіру олардың міндеті. Патриархалдық көзқарасты ұстанатын және әйелдерді еркектерден төмен санайтын христиандардың (және мұсылмандардың) көпшілігінен айырмашылығы, «Шығыс найзағайы» Иса Мәсіх жер бетіне қытайлық әйел кейпінде оралады деп сенеді. Бірақ бұл олардың әйелдерге

зорлық-зомбылық көрсетуіне кедергі емес. Мысалы, 2014 жылдың мамыр айында сектаның мүшелері Қытайдың Чжаоюань қаласындағы McDonalds дүкенінде 37 жастағы Ву Шуоян есімді әйелді телефон нөмірін беруден бас тартқан кезде ұрып-соғып өлтірген. Шығыс найзағайының мүшелері Чжан Лидун мен оның қызы Чжан Фан осы жылдың ақпан айында кісі өлтірді деп айыпталып, өлім жазасына кесілді. «Шығыс найзағайының басқа да зорлық-зомбылық әрекеттеріне 2010 жылы орта мектеп оқушысын өлтіру жатады (жаза үшін, полицияның ойынша, балалардың бірі сектадан шықпақ болды. «Шығыс найзағайының» фанатизмінен бірнеше христиан фракциялары да зардап шекті. 2012 жылы культ мүшелері «Қытай Інжіл Стипендиаты» деп аталатын христиандық топтың 34 мүшесін ұрлап әкетіп, оларды екі ай бойы тұтқында ұстады, олар өздерінің культіне қосылады деп үміттенді.

Үндістан тек индустар мен сикхтердің елі емес. Мұнда мұсылмандар, буддашылдар, католиктер және протестанттар тұрады. Үнді христиандарының көпшілігі бейбіт, бірақ Трипура ұлттық азаттық майданы лаңкестік ұйым. 1989 жылдан бері Үндістанның солтүстік-шығысындағы Трипура штатында жұмыс істейтін Трипура майданы - Үндістаннан бөлініп, Трипурадағы билікті христиандық фундаменталистік үкіметке беруге тырысатын әскерилендірілген христиан қозғалысы. Трипура майданы христиан еместердің бәріне төзімділік танытады.

Экстремистердің арасында христиандық бірегейлік қозғалысы нәсілшілдік идеологияны христиандық лаңкестікпен біріктіріп, ақ англо- саксондық протестанттарды (WASPs) Құдайдың таңдаған халқы деп мәлімдейді. АҚШ-тағы қазіргі христиандық сәйкестік қозғалысына Ку-клукс- клан (көптеген лаңкестік шабуылдар жасаған ұйым) және жаңа христиандық сәйкестік топтары қатты әсер етті (мысалы, «Арий ұлты» Құдайдың қылышы мен қолы болып табылады). Соңғы онжылдықтарда пайда болған тағы бір христиандық экстремистік топ - бұл «Phineas Priesthood», оның мүшелері түсік жасату клиникасындағы жарылыстардан бастап банктерді тонауға дейін барды. Олар негізінен Америка Құрама Штаттарының Тынық мұхитының солтүстік-батысында әртүрлі зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысқан.

Христиан дініндегі кейбір христиандар еврейлерді христиан дінін қабылдау керек деп есептейді, бірақ олар өздерін әлі де Израильді жақтаймыз деп санайды. Ал олардың кейбіреулері барлық мұсылмандарды Израильден күштеп шығару керек деп есептейді. Осындай христиандық ұйымның бірі – 1980 жылдары Денвердегі пастор Монте Миллер негізін қалаған «Қиямет күніндегі христиан діні». 1998 жылы бұл культ Колорадо тұрғындарын қатты қорқытты, оның 60-тан астам мүшесі кенеттен жұмысын тастап, үйлерін тастап, белгісіз бағытта жоғалып кетті. Және алаңдауға негіз бар еді. 1999 жылы Израиль билігі Иерусалимде алаңдаушылық білдірген 14 христианды тұтқындап, мұсылмандарға қарсы теракт ұйымдастырды деген күдікпен елден депортациялады. Топтың ықтимал нысаналарының бірі - Иерусалимдегі әл-Акса мешіті, ол 1969 жылы Денис Майкл Рохан есімді австралиялық христиан өртеп жібермек болған сол қасиетті мұсылман мешіті және Техас христианы

Адам Эверетт Левикс те оны 2014 жылы өртеп жібермек болған [56].

Белгілі ғалым Ф. Мюллердің пікірі бойынша, «діни экстремизм – қоғам өмірінде құқықтық категориялық құбылыс ретінде, бір діни ұйымның, сектаның немесе басқа бір қылмыстық субъектілердің базасында құрылған, ең шеткі қисынсыз көзқарастардың жақтаушылары болып табылатын, басқа дүниетанымдар мен діни сенімдерге шыдамсыздықпен қарайтын, бір немесе бірнеше конфессия, секта және басқа қылмыстық субъектілердің шеңберінде заңға қайшы тікелей қасақана мақсат ұстанатын, азаматтардың, тарихи қалыптасқан қоғамның, ұлттық мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған, діни ұйым, секта және қылмыстық субъектілер мүшелерінің немесе жеке сенуші тұлғалардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері» [55].

Кеңестер Одағы ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер бой көтерген өткен ғасырдың 90-жылдары діни сананың қайта өрлеу кезеңі болғаны тарих еншісіне айналды. Егемендік салтанаттары, демократиялық қайта құрулар, шекаралардың ашылуымен қатар елімізге әр түрлі бағыттағы идеологиялар да ағылып келе бастады. Олардың басым бөлігі діни сипатта болғаны да белгілі. Мұндай діни ұйымдардың артында қомақты қаржылық қорлары бар шет елдік діни орталықтар мен бірлестіктер тұрды. Табиғат ресурстарына өте бай Орталық Азия мен Кавказ республикалары осылайша текетірес пен «саяси көкпардың» аренасына айналды.

Мемлекеттік басқару институттары қалыптасып үлгірмеген, шаруашылығы тұралап қалған, экономикалық- қаржылық қиындыққа ұшыраған елдерде билікке ұмтылған топтар бой көрсете бастады. Олардың арасында діни құндылықтар мен принциптерді, ұрандарды өз мүддесіне асыруға талпынғандары да болды. Алматы мен Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі «Қасіретті Қаңтар» оқиғалары, Дағыстан мен Шешенстандағы, Қырғызстанның Баткен өңіріндегі, Өзбекстан мен Тәжікстандағы саяси қарама-қайшылықтар жергілікті билік құрылымдарының жаңа жағдайларда туындаған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі осал тұстарын айқындап берді. Бұл елдердің рухани өмірінде ислам дінінің ықпалы зор болғандығын ескерсек, оның қоғамдық өмірді, соның ішінде орын алып отырған қиыншылықтарды діни тұрғыдан бағалау мен талдауға ұмтылуы түсінікті. Белгілі бір топтардың аз уақыт ішінде қаржы-экономикалық қорларды иемденіп, шексіз байлыққа ұмтылуы мен қарапайым халықтың кедейшілікте ауыр тұрмыс кешуі, қордаланып қалған әлеуметтік мәселелердің уақытылы шешілмеуі оларды діни құндылықтар тұрғысынан қарастырып, шешуге түрткі болды.

Тәуелсіздік пен егемендікке ие болған елдерге Батыстың демократия және либерализм идеяларымен қатар ислами құндылықтар мен өмірлік ұстанымдарға жат сәуегейлік мәдениет пен «тобырлық құндылықтар» ағылып келе бастады. Батыстағы гедонизм, либерализм мен феминизмнің шектен шыққан формалары исламофобияға әкеледі» [56, 94-95 бб.].

Осының бәрі ұстанған саяси-экономикалық бағыттың дұрыстығы мен әділеттілігіне күмән туғызды. Альтернативті бағыттар ретінде түрлі идеялар

мен идеалдар дүниеге келді, олардың ішінде қалыптасқан жағдайды бір жақты бағалап, ымырасыз және түбегейлі (радикалды) шешуге талпынған экстремистік топтар да кездесті. Экстремизм (француздық *exstremisme* және латындық *exstremus*) саясат пен идеологиядағы ымырасыз көзқарастар мен әрекетшілдікті қолдауды білдіреді. Экстремизмнің туындауына жоғарыда аталып өткен әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуі, саяси институттар мен билік құрылымдарының деформациялануы, олардың қоғамдық дамудың өзекті мәселерін шешуге қабілетсіздігімен қатар саяси режимнің тоталитарлық сипаты, биліктің оппозицияны қудалауы мен басып-жаншуы, ұлттық езгі, жекеленген топтардың өз мақсат-міндеттерін тез арада шешуге ұмтылуы, саяси лидерлердің амбициялары және т.б. факторлар ықпал етеді.

Қаңтардың басында еліміздің бірқатар аймағында болған дүрбелеңнің бұқара біле бермейтін қырлары бірте-бірте ашылып келеді: «Басында бейбіт мақсатта басталған митингті бас пайдасына жаратып, тіпті мемлекеттік төңкеріске дейін ұластырмақ болғандар бар екені де биік мінберлерден айтылды. Ал дүрбелеңнің бел ортасында радикал діни ұстанымдағы азаматтар тобының болғаны да айқындалып келеді. Яғни, бүлікте радикал көзқарастағы адамдардың «үлесі» мол болған сыңайлы. Қаңтардағы дүрбелеңнің толық мән-жайы мен қыр-сыры тергеу аяқталған соң ашылатыны сөзсіз. Алайда елді елеңдеткен оқиғаның ұйымдастырушыларынан бөлек белсенді қатысушылары бар екенін ескеру қажет. Олар – радикал діни идеологияның жақтастары. Олардың әрекетін айғақтайтын бейнежазбалар Алматының өзінде бірнеше жерде түсірілді. Қала әкімдігі маңында, Алматыдағы ұлттық музей төңірегінде діни радикалдардың әрекет еткеніне айғақ болатын бейнежазбалар шықты. Ал қоғамда әлі күнге радикалды ағымдардың жетегінде кетіп қалу қаупі бар азаматтар аз емес. Радикалдар адамды арбаудың сансыз тәсілдерін меңгерген» [57].

Ислам атын жамылған радикал топтар алдымен ҚМДБ қызметін, Бас мүфтиді мойындамайды. Діни үкімдер мен қағидалардың да ең қатал, радикал бағытын ұстануға әуес. Бірақ ресми түрде тыйым салынған экстре- мистік немесе террористік ұйым мүшесі болмаса, құқық қорғаушылар сақал өсіріп, балақ қысқартқаны үшін ешкімді тұтқындай алмайды. Бәлкім содан да шығар, бұқара исламның салафи, уахаби бағытын ұстанатындар көп деп бағалағанымен, ресми статистикада олардың саны беймәлім. 2016 жылы салафиттік бағытты ұстанатындар саны 15 мың шамасында делінген ақпарат тараған. Бірақ ресми органдар оны нақтылаған жоқ. Әрі салафизм мен уахабизмге екі түрлі ұстаным ретінде баға беру керек пе, әлде бірге қарастырған дұрыс па дейтін мәселе шешілмегендіктен, бұл бағыттарды ұстанатындар санын анықтау қиын. Тек салафиттерді «радикал» және «қалыпты» деп бөліп қарастыра бастадық. Соңғыларынан қауіптенген де жоқпыз [57].

Оның үстіне, исламдағы осынау саясиленген ағымдарға ресми түрде тыйым салу да қиын. Өйткені бұл ағымдар нақты ұйым емес идеология

болғандықтан, оларды экстремистер мен террористер тізіміне қосу оңайға соқпайды. Демек, радикал идеологияны жақтайтын топтарды бірден экстремист деу үшін алдымен кінәсі дәлелденіп, қай ұйымға мүше екені анықталуы керек. Онсыз бұқараның күдігі жай ғана болжам болып қала береді. Өкініштісі, Қазақстан қоғамында заңнамадағы осынау «кетікті» тауып алған радикал көзқарастағы адамдар өз жақтастарының санын арттырып келеді. Ал ресми түрде экстремистік және террористік ұйым ретінде тыйым салынған ұйым саны 20-дан сәл ғана асады. Мұның өзі қоғамдағы радикалдардың «ұйқыдағы ұяшықтарының» қалыптасуына септігін тигізген сыңайлы. Ешкім қудаламайды, сақал-мұртты қырып тастаса жұма сайын мешітке баратын жамағат мүшелерінен айырмасы қалмайды. Қылмыс жасамаса ешкім ұстамайды. Сонымен бітті. Ұрымтал сәтті күтіп жүре береді.

Қазір радикалды идеяны таратушылар өздеріне жақтас жинау үшін қайырымдылық шараларын да ұйымдастыратыны бар. Мұндай жағдайда көмек алған адам «жомарт» жандардың алдында өзін қарыздар сезініп қалады. Сөйтіп, идеологиялық арбауға ақыры түсіп тынады. Тіпті, мұндай жағдайда тұтас отбасылар радикал көзқарасты қабылдауы мүмкін. Одан бөлек, радикалдар жақтас тарту үшін «романтикалық танысу кешін» немесе әлеуметтік желілерде пікірталас ұйымдастыруы мүмкін. Әдетте, әлеуметтік желілердегі пікірталастар қандай да бір жазбаға қарата айтылған пікірлер арқылы басталып, барлық ой-ұсыныстар сол пікірдің астына жазылады.

Дінтанушы Балғабек Мырзаевтың айтуынша, радикалдық бағыттағы идеологияны таратушылар ең алдымен өздеріне қажет аудиторияны таңдайды. «Ол аудитория негізінен діни сауаты таяз, әлеуметтік осал топқа жататын, өмірбаянына үңілсеңіз мектептегі сабақ үлгерімі төмен және тәртібі нашар болған, толыққанды емес отбасынан шыққан адамдардан құралады. Ал осыларға үлгі болу үшін танымал әнші, ақын, спортшыларды, жазушыларды радикал идеологияны таратушылар өздерінің қатарына тартады. Сөйтіп, әу бастағы мақсатты аудиторияға осындай тұлғаларды үлгі ретінде көрсетеді де, қатарларын толықтырады» [35] – дейді Б.Мырзаев. Демек, бұқараның кейбір қайраткерлердің діни көзқарасы мен ұстанымынан күдіктенуге толық қақысы бар деген сөз. Қазір қоғамға танымал адамдарды өз жақтасы етуге тырысатын діни «жамағаттар» аз емес. Мысалы, қылмыс әлемінің «серкесі» саналатын Арман Жұмагелдиевті немесе «Дикий Арманды» атауға болады. Оның Алматыға дүрбелең кезінде ұшып келгені белгілі. Тіпті, қару ұстап жүрген бейнежазбасы да жарияланған. Бірақ астыртын түрде радикал идеяларды тарататындар «жұлдыздарды» бұлай құрбан етпеуі мүмкін. Өйткені олар қоғамда беделді, кейін де пайдалануға болады.

Әдетте, радикалды идеологияға жақтас жинаушы адамды қауға сақалды, шолақ балақты, арабтың немесе Оңтүстік Азияның өзге де халықтарының киімін киетін адам ретінде бағалау қате екенін сарапшылар айтып жүр. Қазір радикалдарды басқарушылар тобына кіретін азаматтар әдетте өте білімді болып келеді. Зерттеушілер олардың психологиялық портреті әртүрлі екенін айтады [58]: «Олар интеллектуалды тұрғыда өзін әбден дамытқан, харизмасы күшті,

күрделі сауалдарға оңай жауап беретін, адамға қажет кезінде қаржылай да жәрдем беретін мүмкіндігі бар адам келбетінде сипатталады. Тіпті, іскерлік киім киіп, шет тілдерінде сайрап тұруы да мүмкін. Бірақ радикалдардың қатарын көбейтуде бұлар алдыңғы қатарда жүреді. Әрі олар – элита. Ондай адамдарды қолға түсіру де қиын. Әдетте, қолға түсетіндер жоғарыдан келетін бұйрықтарды қабылдап, орындаушылар ғана». Қаңтар бүлігі кезінде «ұяшықтардағы» топтар белсенді болды, элита тасада қалған сыңайлы.

Балғабек Мырзаев, дінтанушы: «Радикал идеологияны тарату амалдары өзгеріп келеді. Бұлар бір кездері кіші қажылық – умраны да, қажылықтың өзін де радикал идеологияға жақтас тартуға пайдаланғаны бар. Умраға барғандар Сауд Арабиясында «ұстаздарының» уағыздарын тыңдайтын. Қазір бұл тәсілді қолдану азайған. Бірақ туризмді пайдалану басталды. Мысырға, Түркияға немесе өзге де елдерге бару арқылы сол жақта тиісті адамдардың дәрістеріне қатыстырады. Бұлар әлеуметтік көмек жасау арқылы да жақтас тартады. Мысалы, жұмыссыз жүрген адамға жұмыс тауып немесе біреуге кәсіп ашып береді. Мол қаржы бөледі. Бірге сауда жасайды, өзге кәсіппен айналыстырады. Жаңа кәсіпкер аяққа тұрып кеткенге дейін оны өздерінің қатарына қосып алуға барынша тырысады. Сонымен қатар олар өзара қыз алысып, беріседі. Құда-жегжат болады. Сөйтіп, өздерінің қатарын көбейтіп келеді. Меніңше, мұның барлығына әлеуметтанушылар, қоғамды зерттейтін өзге мамандар көбірек назар аударғаны жөн деп ойлаймын» [35].

Саяси тұрғыда экстремизм өз мақсаттарына жету үшін қалыптасқан әлеуметтік құрылымдар мен саяси институттардың іргесін шайқалтуға ұмтылады және осы мақсатты күш көрсету, қару қолдану арқылы жүзеге асыруға талпынады. Идеологиялық тұрғыда экстремизм басқа көзқарастар мен идеяларды теріске шығарады, саяси-идеологиялық сұхбат мүмкіндігін қабылдамайды. Сол арқылы өздерінің саяси, идеологиялық немесе діни ұстанымдарының басымдылығын қарсыластарына танытуға және таңуға талпынады. Экстремистік ұйымдар өз мүшелерінен толық бағыныштылықты, бұйрықтар мен нұсқауларды сөзсіз орындауды талап етеді. Бұл талаптар діни немесе ұлттық ерекшеліктер, діни немесе тарихи миссия жолындағы құрбандық мұраттары, азап шеккен халық пен жолдастар үшін қанды кек алу, әлемдік зұлымдықпен ымырасыз күрес ұрандары арқылы жеке және топтық санаға сіңіріледі.

Фундаментализм (лат. fundamentum – негіз, ескіге, көнеге қайтып оралуды жақтайтындар) діннің әр түрлі қайта құруларға, жаңа көзқарастар мен бағыттарға қатынасын білдіру мақсатында жиі қолданылады. Діни фундаментализм мен экстремизм көріністері барлық діндерде байқалады. Кең мағынада фундаментализм модернизацияға (жаңартуға) қарсы құбылыс, ескі құндылықтар мен құрылымдарды, әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың дәстүрлі қалыптасқан тәсілдерін сақтап қалуға бағытталған үрдіс. Алғашқыда фундаментализм деп протестантизмдегі либералдық рационализмге қарсы бағытталған ымырасыз консервативті ағымды атаған. XX ғасыр басында АҚШ-тың оңтүстігінде дәл осындай фундаментализм қалыптасты. Ол Інжілді

сынаудың кез-келген талпыныстарын айыптап, оны жаңа жағдайлар тұрғысынан түсіндіруді теріске шығарды. Уақыт өте «фундаментализм» ұғымы кез-келген әлеуметтік-саяси, діни-мәдени қағидаларға радикалды-консервативтік қатынасты, ұстанымды білдіретін болды. Қазіргі кезде фундаментализм ұғымы «батыстану» мен «еуропалық» мәдени-өркениеттік үлгілерді қабылдаудан ат тонын ала қашатын, діни ілімді бастапқы таза күйінде қалдыруды жақтайтын ортодоксалды топтарды сипаттауда қолданылады.

Алайда Батыстың, кейде Ресейдің де кейбір БАҚ өкілдері олардың саяси-әлеуметтік құндылықтарды мойындамайтын, халықтың өзіне тән тұрмыс салтын, әлеуметтік-саяси институттарын сақтап қалуға талпынуын да бір жақты фундаменталистік деп айыптайтынын айта кетуіміз керек. «Осындай ұстаным исламофобияға да жетелеуі мүмкін. Зерттеушілер Ресейдегі исламофобияның мынадай себептерін атап өтеді: саясиленген ислам терроризмге әкеледі дейді; шариат құқыққа қарсы деген пікір; ислам адам құқықтарына қарсы дейді; мешіттер салу мен діни исламдық оқу орындарын ашуға деген қарсылық, уаххабшылар сияқты ағымдардың таралуы» [59].

Қ.А. Затов исламофобияны әшкерелей отырып, саясиленген исламды төмендегідей негіздейді: «Батыс өркениеті ислам дінінің мемлекеттік саясатқа араласуын фундаментализм көрінісі ретінде бағалайды. Бұның себебі, діни доктрина және әлеуметтік ұйымдастыру формасы ретінде исламның мұсылмандық Шығыстағы рөлі Еуропадағы христианшылдықпен салыстырғанда басқаша сипатта болды. Ислам мұсылман елдеріндегі рухани өмірді тек бір қалыпқа келтіріп қана қойған жоқ, ол толықтай ислам аясында өтті. Рухани өмірдің сыртқы қалпы да, ішкі мәні де исламдық болды. Ислам мұсылман қоғамының барлық салаларын қамтып, экономикалық және құқықтық қарым-қатынастарды, саяси әкімшілік формаларын, әлеуметтік құрылым мен мәдениетті айқындады. Мұнда Батыс әлеміне тән саяси және діни биліктер арасындағы жік пен бөлініс, діннің мемлекет пен білімнен алыстатылуы орын алмады» [60].

Мұсылман елдерінде де Құран мен сүре, хадис қағидаларын түсіндіру мен шариат нормаларын тұрмыста қалай қолдану керектігі бағытында діни пікір-таластар жүріп жатты. Соның барысында әр түрлі ағымдар мен масхабтар қалыптасты. Бірақ ислам діні мен оның канондарын жоққа шығару мүмкін емес еді. Істің мәнісі діннен безгендігі үшін қатал жазаланудан қауіптенуде емес. Ислам діні қағидалары мен ғибадаттарының түсініктілігі, әлеуметтік ілімі мен адамгершілік нормалары арқылы кең қолдауға ие болып, рухани өмірге тұрақтанып, терең сіңген еді. Сондықтан исламға басқа дін немесе мәдениет, саяси ұстаным тұрғысынан қарағанда оның бұл ерекшеліктері түсініксіз немесе тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ исламды өз идеяларына сай өзгертуге талпынғаннан гөрі оны түсініп, сол күйінде қабылдау мен сұхбат орнату (саяси, мәдени, экономикалық және т.б.) көп түрлі өркениеттілікті дамытуға өз үлесін қосар еді. Сонымен қатар дүниеде басқаның көзқарастарын, түсініктерін, наным-сенімдерін бір жақты дұрыс емес деп санап, тек өз ілімдері мен қағидаларын ақиқатың соңғы ұшқыны деп қарастыратындар да аз емес. Діни

қағидаларды түсінудегі болар-болмас өзгешеліктердің ұзақ ғасырларға созылған қантөгістерге алып келгені тарихи шындық.

Діни экстремизм мен терроризм мәселелелерін зерттеген бірқатар ғалымдар оны либерализация және жаһандану үдерістерімен байланыстырады. Жаһандану қоғамда маргиналданған топтардың санын арттыратын «артық адамдардың» пайда болуына алып келеді. Өркениеттік құндылықтар мен игіліктерді тұтынудан қағылған бұл топтар арасында экстремистік пиғылдардың қанат жаюы әбден мүмкін. Қоғам мен мемлекет мұндай топтардың шамадан тыс көбейіп кетуіне жол бермеуі керек. Яғни либерализация және жаһандану үрдісін іске асыру барысында оның салдарларын барынша жұмсартуға көңіл аудару қажет.

Әрине мұсылмандық либерализмге жақын ілімдер (мысалы жәдидшілдер мен еуроислам) бұл діндегі «шура», «сұхбат» сияқты ұстанымдарды қолдануға ұмтылады. Шын мәнісінде ислам демократияға қарсы емес. Шариат ережелерін элита да, бұқара да бірдей сақтауы қажет.

Діни экстремизм және фундаментализммен күрестің бір бағыты дін мен теология саласындағы білімділікті арттыру болып табылады. Алайда діни білімділікті арттырамыз деп барлық келімсек секталарға есігімізді айқара ашудың қажеті шамалы. Біз бұл мәселеге еліміздің ішкі бірлігі мен қауіпсіздігі, тұрақтылығы тұрғысынан келуіміз керек. Ең алдымен, Республикамызда бұрыннан келе жатқан, халық руханилығында өз орны бар дәстүрлі діндердің негіздері мен адамгершілік мазмұнын ашатын білім беру қажет.

Діни экстремизм және фундаментализммен күрестің келесі бағыты осы тұрғыдағы құқықтық-заңдық тұғырды нығайту. Бұл туралы ашық баспасөз беттерінде көп айтылып жүр. Басқа елдерде тиым салынған діни бірлестіктердің елімізде ашық әрекет етуі қоғамды қатты толғандырып отыр. Мұхит асып, қаптап кеткен діни ағымдар елімізге не береді, осыны мұқият ойлаған жөн. Біз тек бүгінгі туып отырған қауіппен күресіп қана қоймай, болашақ қатердің де алдын алуымыз қажет. Осының бәрі діни экстремизм және терроризммен күрестің халықаралық және мемлекетаралық жүйесін, құқықтық негізін нығайтуды талап етеді.

Дінаралық қатынастар барлық уақытта бейбіт болмағаны белгілі. Еуропадағы католиктер мен протестанттар арасындағы қақтығыстар мыңдаған адамдардың өмірін қиды. Діни соғыстар мен жанжалдар адамдар арасындағы діни сенім мәселесіне қатысты қатынастарды заңдық реттеу қажеттілігін туындатты. Діни наным-сенім бостандығы мен діни төзімділік адамзат өркениетінің ұзақ ғасырлық дамуының жемісі болып табылады. Діни наным-сенім бостандығы мемлекет тарапынан құқықтық негізделіп, заңмен қорғалуы діни қатынастарды бейбіт үйлестірудің алғышарттарын қалыптастырды.

Сауалнамамен жауап берген дін мәселелері бойынша эксперттер діни экстремизм мен терроризмнің анықтамасында» мына белгілерді атап өтеді:

1. «жеке құқықтық жүйені қолдан жасап алу;
2. дәстүрлі діндерден тыс әлдебір діни ұйымның, сектаның немесе криминалдық топтардың базасында құрылуы;

3. Ең шеткі қисынсыз көзқарастың болуы;
4. Конфессия, секта және қылмыстық субъектілер шеңберінде заңға қайшы қасақана мақсаттың болуы;
5. Азаматтардың, тарихи қалыптасқан қоғамның және ұлттық мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталуы;
6. Қылмыстың субъектілері діни ұйым, секта және қылмыстық субъектілер мүшелері немесе жеке сенуші тұлғалар болып табылуы» [39].

Бұл пікірді осы мәселе бойынша эксперттер де қолдайды. Мысалы, М. Айнабекова діни экстремисті дәстүрлі ислам өкілдерінен мынадай белгілері бойынша ажыратуға болады дейді:

- «өз сенімін заңнан тыс кез келген жерде насихаттау;
- өз сенімін еш күмәнсіз басқалар пікірлерін елемей қабылдау;
- насихат кезінде «джихад», «тозақ оты», «алланың қарғысы», «ширк» сияқты сөздерді шамадан тыс қолдану;
- күш көрсетуге дайын тұру, төзімсіздік, арабқұлдық;
- Отан, ұлт, ата-ана, адамзат сияқты құндылықтарды төмендету;
- өзімен келіспейтіндерге деген жеккөрушілік, оларды «жау» санау;
- ұлттық салт-дәстүрді бағаламау, мәдени мұраны терістеу» [61, 21 б.].

Арнаулы «Анықтамада» аталып өткендей, діни экстремистік немесе террористік ұйымдарға мынадай ерекшеліктер тән болады:

«діни экстремистік ұйым мүшелікке есеппен қабылдайтын және рөлдерді бөлісетін ұйым ретінде қалыптасады;

- діни экстремистік ұйымда басшылыққа бағыну жүйесі бар (екі-үш буынды жоғары ұйымдастырушылықпен қамтамасыз етілген құрылым, жалпылық, қатаң тәртіп);

- діни экстремистік ұйымның басында көшбасшысы болады, оның беделі мықты және бөгетсіз. Көшбасшыға ұйым мүшелері көзсіз бағынады және оларда ұйым басшысының оқытуының шындығына сенімді болады;

- сенушілердің жүріс-тұрысы қатаң бақылауда болады. Ұйымның мүшелігінен шыққысы келген адам қысымшылдық пен қудалауға, қауіп төндіру мен азғыруға тап болады;

- діни экстремистік ұйымның басшылары сенушілердің санасын жаулап алу үшін, психологиялық әсер ету жүйесін қолданады;

- діни экстремистік ұйымда өзіндік субъективтік мәдениеті болады. Діни экстремистік ұйымның көптеген мүшелері күнделікті өмірінде алдымен діни бірлестіктің талаптарын басшылыққа алады. Мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерін екінші кезекке тасталады;

- діни экстремистік ұйымда құпиялылық сақталады (ұйымның өмір сүруі, оның заңсыз істерін құпиялықта сақтауына байланысты), ұйымның қатардағы мүшелері көшбасшыларынан бөлінген, бұл олардың көкірек көздерін аштырмайды, тек олар сырт көзге заңды орындаған сияқты жүре береді;

- діни экстремистік ұйымның қауіпсіздігін барлық жағынан қамтамасыз етіледі (сыбайластық қатынастарды саяси және құқық қорғау аясында

пайдалану; тиісушіліктен қорғанудың жүйесін қалыптастыру; құқық қорғау органдарына қарсы бағдарлама дайындау; куәлер мен жәбірленушілерге қарсы психикалық және де физикалық әсер ету тактикасын қолдану, ұсталғанда, сотта және тергеудегі мінез-құлқы, діни экстремистік ұйымның тұтқындалған мүшелерін кепілдікке алынған адамдармен ауыстыру);

- қасиетті жазбалардағы сөздерді бұрмалап, өздерінің түсініктері мен мақсаттарына қарай, міндетті түрде пайдаланып, әрі белсенді қолдану (мысалы, кезіндегі белгілі бір қауымға немесе топқа бағытталған қасиетті жазба сөздерін, қазіргі адамдарға қарсы пайдалану);

- жалпы шынайы дін қағидаларына қайшы келетін негізсіз аморалдық ұстанымдарға діни экстремистік ұйым мүшелері арасында жол беру, әрі рұқсат ету;

- зиялы қауым және бұқаралық қоғамдық санада сенімсіздік, үрей, күйзеліс сияқты көңілөкүйді туғызуға ұмтылу, осыны Ресей ғалымдары да атап өтеді» [62].

- «қасиетті жазбаларға мүлдем қайшы сенім мен істерді өздеріне «қағида» етіп алуы;

- қасиетті жазбалардағы мәтіндерді криминалды талдаумен бұрмалап, өз мүшелеріне, әр түрлі әдістер мен тәсілдерді сендіру, әрі мүшелікке кіргізу үшін гипноз немесе басқадай жағдайлармен арбау; діни экстремистік ұйымдарды құру, ұйымдастыру, қаржыландыру, қорғаштау және басқадай жәрдемдерді беретін қылмыстық ұйымдар, саяси күштер, арнаулы қызмет ұйымдары мен басқадай қолдаушылардың болуы» [63, 293 с.].

Діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлға болып қалыптасуына діни экстремистік ұйымның басшыларының немесе идеологтарының идеологиялық үгіт-насихаты, әрі осы идеяларды өзіндік санасымен қабылдауы әсер етеді. Діни фанат деген кім? Жат ағымға не жатады? - деген сұрақтар экстремисті толғандырмайды. Осының нәтижесінде оның санасында «менің жасайтын іс-әрекетім» діни қағидалармен негізделген делінген түсінік қалыптасады. Қалған адамдардың сенімі, дүниетанымы фанатты еш қызықтырмайды. Жат ағым өкілі өзінің дәстүрлі дін аймағынан шығып қалғанын мойындамайды. Сонымен қатар осындай тұлғаның санасында «менің іс-әрекетімде ешқандай күнә болмайды, мен дұрыс жасап жатырмын, өйткені Құдайдың қалауын, әрі бұйрығын орындап жатырмын, сондықтан бұл ешқандай қылмыс болмайды» делінген ұғым қалыптасады. Академик Ә. Нысанбаев айтқандай, «діни фанат өзінің субмәдениеттен контрмәдениетке ауысқанын байқамайды» [64, 86 б.].

Қазіргі уақытта діни экстремистік бағыттағы әрекеттердің қауіптілігін былайша саралап бөлуге болады:

- кінәсіз адамдарға қауіп төндіру, табиғи апаттан да қауіптілігі қасақана жасалуында және арнаулы жоспардың болуы;

- діни, саяси және басқа негіздер бойынша мемлекет, қоғам және азаматтарға қарсы қауіпті іс-әрекет жасау;

- мемлекеттің заңдарды, мемлекеттік нышандар мен рәміздерді

мойындамау, патриотизмді бекерге шығару, күтпеген жерден, тосыннан әрекет ету;

- тарихи қалыптасқан қоғамның шариятқа негізделген ұлттық салт-дәстүріне, діни сенімдеріне қарсы әрекет ету;

- «джихад», «ширк», «таза ислам» сияқты ұғымдардың мазмұнын бұрмалау, «арабтандыру» саясатын ұстану;

- дәстүрлі дін негіздеріне сәйкес келмейтін, өз бетінше діни ұйым немесе секта құрған, қылмыс жасайтын харизматикалық жеке тұлғаларды насихаттау, сектант «вирусын» жаппай тарату;

- басқа мемлекет мүдделерін өз ұлтынан жоғары қою.

Азаматтық қоғамдағы діннің оң құндылықты бағдарларын атап көрсете отырып, сонымен бірге оны адам өмірінің барлық мәселелерін шешеді деп елестету мүмкін емес. Еркін қоғамда тек діни сенім ғана емес, оған күмән да, тіпті атеизм де бар. Дін туралы пайымдай келе, ғалым бір жағында тұрып, адамдарға діни жүйені сынауға немесе ғалымның өзін бағдарлауға мүмкіндік беруі тиіс. Діни идеялар мұнда адамзаттың шектен тыс рационализацияланған рухани әлеміне қарсы наразылық нысаны ретінде қабылданады. Дін жеке және жеке өмір саласына көбірек кетеді, алайда мәдениетаралық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып қала береді. Әлем барынша шыдамды, төзімді және ашық болып келеді.

Соңғы уақыттарда біз әлемде екі үрдістің күресін көріп келеміз. Ол бір жағынан, қоғам алдында тұрған проблемаларды шешудегі дінаралық ынтымақтастықтың жаңа деңгейі қалыптаса бастағандығы, екінші жағынан, осы ғасырдың басында шиеленіскен саяси, экономикалық және әлеуметтік қайшылықтар барған сайын діни тайталас түріне, экстремизм мен лаңкестіктің өсе түсуі үшін қолайлы ортаға айнала бастағаны.

Діни экстремизмді және діни төзімсіздік пен текетірісті елеулі жағдайда, ұлттардың рухани интеллектуалды өміріне ене бастаған жаһандану үдерістеріне өзінше сәйкессіз жауаптары деуге де болады.

Көптеген эксперттер «Экстремизм» терминінің мағынасы тым кең және заң ғылымы тұрғысынан аса дұрыс емес деп есептейді. Дінге берілген құқықтық анықтаманың жоқ екендігін есепке алар болсақ, онда «діни экстремизм» терминін негізсіз қолдану азамат құқықтары мен конституциялық негіздеріне қауіп төндіретінін айта кеткен жөн. Діни экстремизммен байланысты ұлттық қауіпсіздік жағдайына баға бере отыра, конфессияның ішкі қайшылықтары мен конфессияаралық қайшылықтармен қатар, дін негізінде қалыптасатын діни экстремизммен қатар, «жаңа діни ағымдардың кеңінен таралуына себеп болып отырған» «өзге мемлекеттерден келетін діни экспансияны» да атап өту қажет. «Діни экстремизм» терминінің тыс абстракты екендігі сияқты, «саяси ислам» да сол сияқты термин. Нақтылы ислами қозғалыстардың бағдарлары мен мақсаттарын қарастыру керек. Саясиландырылған белгілі бір ислами құрылымдардың қарқынды дамуы елдегі қалыптасқан этноконфессионалды үйлесімділікті бұзып, конфессияаралық бәсекелестік пен халықтың наразылығын туындатады. Ислам тек дін емес, ол

белсенді өмір сүру дәстүрі» [65, 52 б.].

Ислами қозғалыстар модернизация мен орнықты дамуға да шақыра алады [66]. Дін және сенім бостандығы адамдардың негізгі құқықтарына жатады, олар келесі халықаралық құқықтардың негіздерін қалады: Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы (1948 ж.), Азаматтық және саяси құқықтардың Халықаралық келісімі (1966 ж.), Діни төзімділіктің кез келген түрі мен дискриминацияның алдын алу жөнінде Декларация (1981 ж.), ұлттық, этникалық, діни және тілдік топтарға жататын адамдар құқығы жөнінде Декларация (1992 ж.) [67].

Кез-келген азаматтың өзінің діни сенімін таратуға құқысын қамтамасыз ететін конституциялық құқықты негізге ала отыра, діндар мен діни ұйымдар басшысы, сонымен қатар діни ұйымдар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар келесі принциптерде құрылуы тиіс,

Исламның радикалды топтары жалпы мұсылмандардың аз бөлігін ғана құрастырады. Ар-ождан бостандығы, өз діни көзқарасы мен ұсытанымын білдіріп, оны өзгелерге өз ұстанымдарының ақиқаттығын дәлелдеуге ұмтылуы бұл кез-келген азамат құқығының ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар әрбір азамат өз діни сенімін сыртқы қысымсыз және мәжбүрсіз өз қалауымен таңдауға құқы бар; дінді мәжбүрлеп қабылдату, өзгерту немесе сақтау түрі сынға алынып, теріске шығарылуы тиіс.

- Діни ұйымдар қоғамдық жауапкершілікті ескере отырып, диалогты конфронтация арқылы емес, кішіпейілділік, шынайылық және өзге адамдардың көзқарасына құрметпен қарауды көрсететін диалог арқылы жүргізуі қажет;

- Діндарлардың өз діни сенімдерін уағыздау өзге діни сенімдерге тең дәрежеде қараумен, өзге діни топтардың ілімдерімен өз ілімдерін объективті түрде салыстырумен қатар жүру қажет;

- Діни ұстанымдарды уағыздау тек көпшіліктің құқықтарын қорғау ғана емес, сонымен қатар кішігірім топтардың құқықтарын қорғауға да негізделуі, кез келген төзімсіздік пен дискриминацияны қатаң сынға алатын халықаралық нормаларға сай жүргізілуі тиіс;

- әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени ағартушылық іс шаралар күрделі әлеуметтік шарттарда қалған және оларды өз діни сенімдерін ұстану немесе өзгерту мақсатымен адамдар үшін қаржылық және материалды стимул үшін жүргізілмеуі тиіс;

- ешкім де өзге діндерге қатысты мақсатты немесе мақсатсыз жалған қаралау, қарапайым адамдардың сенімдері мен дәстүрлерін күлкі етуге құқылары жоқ. Жалған пікірлерден аулақ болу үшін, өзге діндер жөнінде объективті мәліметтерге сүйену қажет;

- діни сенімдер мен ұстанымдарды уағыздау абсолютті болып табылмайды. Ол құғамдық тәртіпті сақтау үшін, халық денсаулығын сақтау, жанұялық байланыстар мен адамдардың заңды құқықтарын қорғау мақсатында заңды шектеулерге бағынуы тиіс;

- діни сенімдер мен ұстанымдарды уағыздаумен байланысты діни ұйымдар арасында пайда болған қарама-қайшылықтар жағдайында оларды

татуластыру жолдарын іздестіру қажет. Мемлекеттің осы жанжалдарға араласу қажеттігі туған жағдайда олардың бейбіт жолмен шешілу мүмкіндіктеріне сүйену қажет, қандай жағдай болмасын аталмыш жағдайды мемлекет заңдарына және халықаралық құқық нормаларына негізделе отырып, шешілуі қажет.

Шынайы әлемдік діндер тікелей экстремизмге шақырмайды. Оның тек фундаментализм бұрмалаған түрлері ғана экстремизмге, терроризмге бой ұрады. Олардың көріністерін тарихи деректерден білеміз. Фундаментализм не дегенде, ол ең алдымен мынада: фундаментализм қай дінде болса да бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі дінді «бұзылды» оны жақсартамыз деп немесе өзге діндердің «озбырлығынан қорғанамыз» деген сылтаулармен экстремистік тіпті лаңкестік әрекеттерге баруы мүмкін. Исламның өңін айналдырғаны сияқты, христиандықтың да, иудаизмнің де өңін айналдыруы мүмкін екенін атап өткен жөн. Керек десеңіз, біздің ұғымымыздағы осы күнгі «фундаментализм сөзінің» төркіні де исламға мүлде қатыссыз болған. Алғаш рет XX-ғасырдың, 20-жылдарында кальвинистер, пресвитериандар және баптистер сияқты христиандық қауымдар өкімін фундаменталистер деп атай бастағанды.

2014 жылы философтардың Алматыда жүргізген эксперттік сауалнамасына жауап берушілер фундаментализм және соған қатысты экстремизм пайда болуының мынадай шарттарын атап өтеді:

- «Вестернизацияға қатысты.
- БАҚ-тың пайда көздеп сенсация іздеуі.
- Діни мәдениеттің төмен деңгейі.
- Террористік топтармен күрестегі адам құқықтарын шектеу.
- Дәстүрлі емес дін ағымдардың шамадан тыс экспансиясы.
- Әлеуметтік әділетсіздік пен кедейшілдік және т.б.» [68].

Терроризм оның асқынған көрінісі – бейкүнә адамдарды жаппай қырып жоятын, қорқыныш пен үрей тудыратын күштеудің шектен шыққан ең жеккөріністі түрі. Оның себептері де алуан түрлі. Бірақ олардың көбінің саяси сыр-сипатын анықтау оңай емес. Белгілі бір саяси күштер радикалдық жолға түскендердің наразылықтарын қолдауға тырысады. Оның да түр-түрі бар: жиналыс, шеру, антиглобальдық, антиамерикандық наразылық және т.б. осындай қазғалыстар экстремизм идеологтарының назарына ілігеді, осы арқылы түрлі желеулермен радикалды көңіл-күйдегі адамдар легін толтырады. Олар өз реттерінде экстремистерге, сепаратистерге бөлініп, көбінде діндер арасындағы текетірес ретінде көрініс беруде.

Орта Азияда діни фундаменталистер, яғни ваххабистер Ислам Дінін тазарту желеуімен саяси экстремистік жолды ұсынады, Тіпті терроризмге бой алдырып отыр. Ал оның шығу себептерін түсіну үшін мұсылман елдерінің әлеуметтік өміріндегі исламның рөлін жете түсінбей болмайды. Ол үшін оны тереңірек қарастырып көрейік. Шығыстағы исламның рөлі, Еуропадағы христиандықтан гөрі өзгеше. Еуропа инквизацияның шарықтап тұрған кезінің өзінде, христиандық зайырлы билікті түгелімен ығыстыра алған жоқ. Ал ислам діні болса барлық жағынан, саяси әкімшілік, әлеуметтік құрылым,

мәдениет және діншілдердің тұрмыстық жақтарының бәрін, яғни мұсылман қауымының өмірін түгелдей қамтыды. Мұсылман елінің адамы исламға қарсы шығатын болса, онда ол, әлемге және қоғамға қарсы болып табылады, яғни өзін осы қоғамнан тыс, заңнан тыс қояды. Осының барлығы мұсылман елдерінің саяси-әлеуметтік өмірінде исламның ерекше рөл атқаратындығын көрсетеді.

Исламның күші оны жақтайтындардың санында емес, ең алдымен, Мұхаммед пайғамбар белгілеп кеткен мұсылман қауымдастығының идеялық – институционалдық бірлігінде. Ол әлем мұсылмандарын, олардың мәдени және этникалық ерекшеліктеріне теориялық жағынан ғана емес, керек болса тіпті, іс-жүзінде топтастырады. «Қоғамдағы діннің осындай жағадайда, рухани және әлеуметтік – саяси жіктерді ажырата қарау мүмкін емес. Олар бірнеше жүздеген жылдар бұрынғыдай рухани өмірге үлкен ықпал етеді және саясатта белсенді рөл атқарады. Оның үстіне соңғы жылдары исламның беделі мен белсендігі ислам мемлекеттерінің батыстық экспансияға қарсы наразылықтарына байланысты арта түсті» [69].

Ислам фундаменталистері халқының көпшілігі мұсылман болып табылатын мемлекеттерде Мұхаммед пайғамбардың кезіндегідей тәртіп орнатпақшы болады. Басқаша айтқанда исламдық өркениет құндылықтарын сақтап, байырғы мұсылман мемлекетін қайта орнатпақшы болады. Осы жолда олар ислам дінінің бұрынғы негізіне қайта оралуды көздейді. Ал, ол бойынша, исламдық діни қайраткерлер мемлекетті де басқаруы тиіс. Ислам фундаментализмнің мәні осында. Оның үстіне исламшыл теоретиктер халықаралық қатынастар доктринасын Құран уағыздарына негіздейді. Онда бүкіл әлем екіге бөлінеді: мұсылман қауымдастығы және қалған басқа дүние. Бұлайша бөлу исламдық және исламдық еместіктердің теңсіздігі болып саналады. Осы талап бойынша мұсылман еместерді мұсылмандықты қабылдауға шақырады. Бұл сияқты талап кезінде христиан дінінің тарапынан да қойылған болатын. Олар осыны өркениеттілік деп есептейді. Бұл өз алдына зерттеуді қажет етеді. Ислам теоретиктері өз доктриналарының бейбітшілік сипатын дәріптеп, Құранға жүгінетіні рас. Бірақ Құранда «дінге зорлап кіргізуге бомайды» делінген. Осы қағидаларда біздіңше, қайшылықтар бар. Ислам дінін тарату туралы уағыз оның доктринасының бейбіт бағытына толық сәйкес емес. Шындығында бұл саяси тәжірибиеде исламға ғана емес, христиандық дінде де орын алып келеді. (Рим Папасының католик дінін тарату уағызын айтуға болады). Осылайша әлемде діндердің өзара қарма-қайшылығы орын алуда. Мұның үстіне «бірыңғай исламдық мемлекет» құру идеясы күштеу әдістеріне, тіпті лаңкестікке соқтыруда.

Исламдық экстремистер белсенділігін 3 сатыға бөліп қарастыруға болады:

1. Жалпы ағартушылық және қайырымдылық әрекет;
2. Ұйымдастырушылық кезең, ұйымның кеңеюі және нығайуы; оның мүшелерін дайындау мен тәрбиелеу. Мақсаты – ұйым мүшесінен «муджахидты» дайындау (жауынгер мен әскер);
3. Күш көрсету сатысы. Джихадқа шақырудан басталып, билік үшін шешуші күреспен аяқталады. Исламдық экстремистердің барлық негізгі әрекеті

мемлекеттік төңкеріс және әскери экспансия жолымен мемлекеттің билігін жаулап алуға бағытталған.

Қорыта келгенде, экстремизммен күреске бағытталған діни саясат бірсыпыра ерекшеліктерге ие. Ең бастысы конфессиялық татулық пен келісімдер сақталуда. Бұл жөнінде тиісті заңдар қабылданып, көптеген жұмыстар атқарылғанымен, зайырлы мемлекет құру бағыты мықтап ұсталынып отыр деп, біздіңше айту ерте. Мемлекет басшысы, үкімет, парламент конфессиялардың біреуіне біржақты басымдық танытқан емес. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттердің зайырлығын шайқалтуға тырысатын кейбір қозғалыстардың атап айтқанда, белгілі бір дінге басымдық бергісі келетін қозғалыстар да жоқ емес. Мысалы бұған Валентин күнін мейрам етіп жариялау туралы христиандардың ұсынысын, құрбан айт және ораза айт күндерін мейрамдау жөніндегі мұсылман дінін жақтаушылардың ұсыныстарын жатқызуға болады. 2003-жылдың наурыз айында Қазақстан парламентінің соңғы ұсыныстарды қабылдамай тастағаны мәлім. Бір дінге артықшылық бергісі келетін саяси күштер діни уағыздарды таратуға Қазақстанда кең мүмкіндіктер жасалғанын пайдаланып, дін арқылы саяси үстемдікке қолдарын жеткізгісі келеді. Сондықтан дін жөніндегі толеранттықтың теріс нәтиже беретінін де ұмытпаған жөн.

Саясатта оны еске алып, діни экстремизмнің алдын алу шараларын жүзеге асыру, өте күрделі және қиын іс. Билік пен бұқара арасындағы алауыздық жоғарыдағы басшылық арасында коррупцияның асқынуы, жер дауының әділ шешілмеуі және т.б. қайшылықты мәселелер кекшілдер легін тудырды. Әділдік болмаған жерде араздық бар. Мысалы, наразылықтың бірі жерді сату мәселесімен байланысты болып отыр, сол сияқты жұмыссыздыққа, кедейшілікке, қайыршылыққа, сауатсыздыққа ұшыраған адамдар терроризмге қолайлы. Тығырыққа тіреліп басқа жол таппай тарыққандар өте қауіпті, ондайлар экстремистік, террорлық жолға өз еркімен бармайды. Осындай жағдайда Қазақстанда діни экстремизмнің таралуына жол бермеу үшін көптеген сақтық шараларын жүзеге асыруға тура келеді.

Біріншіден, түрлі секталардың ел ішіндегі тұрақтылықты шайқалтуға бағытталған іс-әрекеттеріне заң жүзінде тыйым салу.

Екіншіден, діни фундаментализм идеяларын әшкерлейтін діни ағарту жұмыстарын жандандыру.

Үшіншіден, оқу орындарында жастарды зайырлылық рухында тәрбиелеуді күшейту.

Төртіншіден, ең бастысы, жағдайы төмен қоғам мүшелеріне арнайы мемлекеттік әлеуметтік көмек шараларын іске асыру және тағы да басқалар.

Экстремистер діндарларға қасиетті жазбаларда жоққа шығарылғанның барлығын: радикализм, жихадизм идеологиясын ұсынады, оның мәніне құлдық, табын психологиясы, агрессия, басқа мәдениеттер мен діндерге өшпенділік жатады. Белгілі болғандай, әдетте, жастардың проблемаларына биліктің үндеуі наразылық қозғалыстарынан басталады, мысалы, Францияда 1968 жылы, оқу үдерісіне қанағаттанбаған француз студенттері реформаны талап еткен.

Студент жастар демократиялық реформалар, сөз бостандығы, азшылықтардың құқықтары және т.б. үшін демонстрациялардың қозғаушы күші болып табылады.

1.3 Діни экстремизм мен терроризмнің қазақстандық қоғамда орын алу мүмкіндіктері мен тенденциялары

Қазақстан – С. Хантингтонда діни белгі бойынша бөлінген сегіз суперөркениеттердің [14] бірі – ислам өркениетінің солтүстік шығыс жағында орналасқан, егеменді ел ретінде қалыптасу кезеңінен өтті және дүниежүзілік қауымдастықтың толық қанды мүшесіне айналды. Егемендігіміздің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде еліміздің діни саласында көптеген өзгерістер орын алды. Қазақстан постсекулярлық даму кезеңінің барлық ерекшеліктерін басынан өткізіп жатыр. Ислам мен қазақтың ұлттық мәдени коды бір-бірімен тығыз байланысты. Дәстүрлі қазақ «Кімсің?» деп сұрағанда, ойланбастан «Мұсылманмын» деп жауап берген.

Әрине қазақтың исламдық діліне қатысты неше түрлі пікірлер де кездеседі. Солардың бірі «шынайы мұсылман еместігі» жөніндегі ұстаным. Кейбір діндарсымақтар, делінген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығарған «Дін мен дәстүр» кітабында: «Қазақ даласында бірқұдайшылдық, таухид ілімі жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары ғана келе бастады» [19]. Олар өздерінен бұрынғының бәрін терістеп, «таза исламды біз әкелдік» дейді де, халықты екіге бөліп, діни «джихадқа» шақырады. Осыдан экстремизм мен лаңкестіктің ауылы алыс емес.

Шешім жасау үшін нақтылы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени жағдайды есепке алуымыз керек. Нақтылы жағдай – Қазақстан Республикасы, яғни, мәселе осы мемлекеттің мазмұнына, оның мүддесіне орай шешілуі керек [71]. Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру қаралды. Қазақстан Республикасының басқару тәртіптері мемлекетіміздің Ата Заңы Конституцияда белгіленгендіктен ол талаптар қоғамның әрбір мүшесі тарапынан орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ата заңына сәйкес – Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының дінге қатысты Заңына сәйкес, экстремистік

мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құрылымдарды құруға тиым салынса,

«Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынған.

Конституцияда ар-ождан бостандығы мен діни бостандықтың принциптері, әр түрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға тең құқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Дін Қазақстанда қазақ халқының ұлттық бірегейлігімен тығыз байланысты, өйткені отаршылық пен тоталитарлық заманда ислам этносақтаушы функцияны атқарды және бұл халықтың жадысында ұяланған.

Көптеген Шығыс елдерінде дін Батыстың үстемдігіне қарсы өткір құрал қызметін атқарды. Сол себепті азаттық жолында өздерін құрбан еткен шахидтерді лаңкестер дей алмаймыз. Дін әділетілік үшін күресу жағдайында шыңдала түсті. Кейбір диктаторлар өздеріне қарсы шыққандарға «лаңкес» айдарын таға берді. Көптеген экстремистер өздерін «әлеуметтік әділетсіздікке қарсымыз» деп жариялайды. Дәстүрлі діни этика бұл жариялаудың жалған екендігін негіздеп береді. Соңғы отыз жылда постсоветтік елдерде этика пәнінің оқу жоспарларының алынып тасталуы экстремистік бағыттармен күресті әлсіретті. Экстремизм аномия жағдайында ақылмен тексерілген әдептің орнына радикалды нормаларды тықпалайды [72, 61 б.].

Маргиналды және пауперизацияға ұшыраған топтар, әдетте, экстремистер мен террористерге қолайлы орта болып табылады. Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты, ресми идеология дінге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірлі өзгешелікке ие. Қазақстан көне заманнан бері қарай сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның әсіресе несториандық және яковиттік тармақтары) ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт қатар өмір сүрген, яғни толеранттылық иен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған.

Қасиетті Құран Кәрімде: «Мұсылмандар – бауыр» (Хужурат сүресі) делінген, Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) те өз хадистерінде осыны ескертіп:

«Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман – бауырына жәбір көрсетпейді, оны дұшпанға тастап қоймайды. Кім мұсылман бауырына жәрдем көрсетсе және оның кемшілігін толықтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кімбір мұсылман бауырын қиыншылықтан құтқаратын болса, Аллаһ Тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Аллаһ Тағала ақыретте оның кемшілігін жауып жібереді» [73], – дейді. Осы ескертуді өмірлік ұстанымға айналдырған қазақ халқы өзара бөлінуді теріс көріп, былай деген екен: «Бауырым, сен мені қуантсаң, Құдайым сені қуантсын!».

Діни экстремизм, негізінен, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауымен, халықтың тұрмыс жағдайы құлдыраумен, адамдардың үкіметке және оның жүргізіп отырған саясатына риза болмаған жағдайларында, сонымен қатар адамдардың тіршілігіне әсер ететін моральдық-психологиялық факторлар орын алған жағдайда көрініс береді. Діни экстремизм кез келген мемлекет тұтастығына сызат түсіріп отырған бірден-бір қауіпке айналып отыр. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алу жылдарының басында мемлекетті нығайту үшін негізгі күш жігердің барлығы экономикалық әлеуетті арттыруға жұмсалды. Мемлекет халыққа дін мәселесі туралы нақты бағыт бағдар бермегендіктен қазақ халқы дін туралы мәліметтер мен діни уағыздарды әр түрлі діни ағымдар өкілдерінен сусындай бастады.

Мемлекет діннің ісіне араласпауы да осыған себеп болды. Діни білім аламын деген жастарымызды бейберекет шетелдерге, мысалы, Сауд- Арабиясы, БАЭ, Пәкстан секілді елдерге оқуға жіберілді. «Қай мемлекет қандай дінді ұстанады? Қандай діни оқу орнының ұстанымы біздің дәстүрлі діни сенімімізге сәйкес келеді ме?» деген мәселелерге тәуелсіздік басында көп көңіл аударылмай келді. «Әсіре діншілдер елімізге сырттан келіп әлденіп, әбден аяқтарына нық басып орнығып алғаннан кейін, дінде ұлтқа бөлінушіліктің болмайтынын насихаттап, елімізден діни космополиттік ортаны қалыптастырып жатқандығы аздай, енді құзырлы орындардың өзіне қарсы шауып жатқандығы белгілі» [74].

Соңғы уақыттарда кейбір исламдық топтардың белсенділігі арту үрдісі байқалады. «Еліміздің аумағында «Хизб-ут-Тахрир» діни-саяси партиясы өз жұмысын жалғастыруда. «Хизб-ут-Тахрир» ұйымын экстремистік деп танып, оның республика аумағында қызмет етуіне тыйым салынуын ұйым мүшелері жәйбарақат қабылдаған. Ұйым басшыларының әлеуметтік базасын арттыру және «Халифат» құру идеясын ілгерілету үшін «Таблиги Джамаат» миссионерлерімен күш-еркін біріктіруге ұмтылуы байқалады. Оның үстіне Өзбекстандағы таныс оқиғалар (Әндіжан оқиғалары) бұл ұйымның Қазақстандағы әдептерінің қызметін күрт жандандырып жіберді. Соңғы кездері дінді жамылған және Орталық Азия аумақтарында бүлдіру қызметін жүзеге асырып жүрген экстремистік діни бірлестіктердің белсенділігі байқалады» [75].

Діни экстремизм кейбір діни оқу орындарының дін тазалығын сақтаймыз деуімен де байланысты. Мысалы, ҰҚК қызметкерлерінің Орал қаласында «Дағуатшылар» атты діни ағымның 8 белсендісін тұтқындағанын жазды. Газет ақпаратына қарағанда, орталығы Пәкістанда орналасқан «Таблиғи жамағат» радикалды діни қозғалысының бір тармағы «Дағуатшылар» өздерінің уағызына ұйыған жастарды заңсыз жолмен Пәкістандағы діни оқу орындарына жөнелтіп келген. Ол жерде «діни ілім» үйренген «дін сарбаздары» кейін ғаламшардың әр түкпіріндегі соғыс ошақтарынан бір-ақ шығады екен. Орал қаласындағы мұсылман мешітінде, қазақ халқының ежелден қалыптасқан дәстүрлеріне қарсы үзілді-кесілді уағыз таратып жүргендері туралы баспасөзде жазылды. Үзінді келтірейік: сурет

салуға болмайды, ән айтуға болмайды, басқа діни кітап оқудың да қажеті жоқ, Құран оқысаң соның ішінде бәрі бар. Қожа Ахмет Яссауи әдейі дін бұзу үшін жіберілген кәпірлердің тыңшысы, тіпті, «Қазақстанның Конституциясы параға құрылған. Оны өзгерту керек!» – деген идеяны айтып жүрген «мұсылман» жігіттердің діндар, әлде экстремист екенін айыру қиын.

Ислам фундаменталистері халқының көпшілігі мұсылман болып табылатын мемлекеттерде Мұхаммед пайғамбардың кезіндегідей тәртіп орнатпақшы болады. Басқаша айтқанда исламдық өркениет құндылықтарын сақтап, байырғы мұсылман мемлекетін қайта орнатпақшы болады. Осы жолда олар ислам дінінің бұрынғы негізіне қайта оралуды көздейді. Ал, ол бойынша, исламдық діни қайраткерлер мемлекетті де басқаруы тиіс. Ислам фундаментализмнің мәні осында. Оның үстіне исламшыл теоретиктер халықаралық қатынастар доктринасын Құран уағыздарына негіздейді. Онда бүкіл әлем екіге бөлінеді: мұсылман қауымдастығы және қалған басқа дүние. Бұлайша бөлу исламдық және исламдық еместіктердің теңсіздігі болып саналады. Осы талап бойынша мұсылман еместерді мұсылмандықты қабылдауға шақырады. Бұл сияқты талап кезінде христиан дінінің тарапынан да қойылған болатын. Олар осыны өркениеттілік деп есептейді. Бұл өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Ислам теоретиктері өз доктриналарының бейбітшілік сипатын дәріптеп, Құранға жүгінетіні рас. Бірақ Құранда «дінге зорлап кіргізуге бомайды» делінген. Осы қағидаларда біздіңше, қайшылықтар бар. Ислам дінін тарату туралы уағыз оның доктринасының бейбіт бағытына толық сәйкес емес. Шындығында бұл саяси тәжірибеде исламға ғана емес, христиандық дінде де орын алып келеді. (Рим Папасының католик дінін тарату уағзын айтуға болады). Осылайша әлемде діндердің өзара қарма-қайшылығы орын алуда.

Біздің елімізде дін мемлекеттен бөлек деп жария етілгенмен, олар шын мәнінде бір-бірінен оқшауланбайды. Бұл қарым-қатынасты – серіктестіктің ерекше түрі, деп те сипаттауға болады. Бүгінгі таңда, елімізде мемлекет пен діни бірлестіктердің арасында негізінен сенімді байланыс орнықты. Діни бірлестіктер жетекшілерінің қоғамдық-саяси шараларға қатысуы, олардың дінге сенушілердің мүдделерін жергілікті және ең жоғары биліктердің деңгейіне көтеріп, ұсынуы дәстүрге айналды. Түйіп айтқанда, бүгінде республикадағы дінаралық қатынас тәжірибесі әлем назарына ілікті. Дінаралық қатынастар саласындағы біздің еліміздегі салиқалы мемлекеттік саясаттың негіздері – біріншіден – ырықтандырылған (либералдық) заңнамалар, екінші – барлық діни нанымдарға төзімділікпен қарау, өзара төзімділік және үшінші – діни пікірлердің, діни көзқарастың алуандығы (плюрализм) болып отыр. Міне, осы үш шарт, тұтастай алғанда, Қазақстандағы дінге сенушілердің құқығын, дінді ұстану бостандығы қағидатын, рухани бірлікті нығайтуды іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Бізде діни бірлестіктердің ішкі діни істеріне араласпау, қандай да бір болмасын діни ұстанымдарды бір-бірімен сәйкестендірмеу, діндердің тең мүмкіндік мәселелерін қамтитын мемлекеттің саясатында бейтараптылық принципіне басты орын беріледі.

Қазақстан Республикасы – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына толық кепілдік беретін зайырлы мемлекет. Посткеңестік дәуірден кейін адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының «Сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңының» өтпелі кезеңде маңызы зор болды. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқы туралы актілер мен келісімдерде бекітілген азаматтардың сенім бостандығын іске асыруға кепілдік берілетіндігі, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттердің және азаматтығы жоқ азаматтарының жеке дара немесе басқалармен бірлесе отырып кез-келген дінді еркін ұстануына немесе ұстанбауына, сондай-ақ, діни рәсімдерге қатысуға немесе қатыспауға құқылы екендігі, діни айқындалуға қатысты ешқандай мәжбүрлеуге жол берілмейтіні, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігі туралы айтылады.

Конституция мен «Сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заң» тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихында алғаш рет мемлекет пен дін арақатынасын реттейтін құқықтық негізді айқындады. Бұл қатынастар төмендегідей іргелі принциптерге сүйенеді: а) дінге қатынасына қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтылығы; б) діни және зайырлы бірлестіктердің мемлекеттен ажыратылғандығы; в) мемлекеттік білім беру жүйесінің зайырлы сипаты; г) діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі; д) наным-сенім бостандығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін арнайы заңдардың болуы және оларды бұзған жағдайда жауапкершілікке тартудың қарастырылуы. Тоталитарлық режимнен кейінгі бұл принциптер азаматтардың дінге қатысты айқындалуына толық еркіндік берді.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы діни жағдай тұрақты. Дегенмен діннің қазіргі қазақстандық қоғамға айтарлықтай ықпалын атап кеткен жөн. Діни бірлестіктердің көбеюі, дін үйлерінің жаппай бой көтеруі осыған дәлел. Қазақстанда қазіргі кезде 4551 діни бірлестік бар (салыстыра кетсек: 1990 жылы олардың саны небары 670 болатын). Қазақстан тұрғындарының басым бөлігі дінді этникалық мәдениеттің және ұлттық салт-дәстүрдің элементі ретінде қарастырады. Дәстүрлі діни институттардың ықпал ету аясы кеңеюде, халықтың діни ықпалға бой алдыруы жиілеуде, діни бірлестіктердің әлеуметтік функциялары күшеюде, діни білімнің рөлі артуда, діни миссионерлердің қызметі жандануда.

Діни жағдайды заңдық жетілдіру қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып қалып отыр. Бұлай айтуға соңғы екі жылдағы (2020-2021) еліміздегі дәстүрден тыс діни ағымдардың қызметіндегі мемлекеттік және ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіретін әрекеттердің кездесіп отырғандығы негіз беріп отыр. «Кейбір зерттеушілер, жаңа діни ағымдардың шамадан тыс көбеюін дәстүрлі діндердің дүниетанымдық тоқырауымен, олардың догматтарының бүгінгі таңдағы қоғамдағы рухани сұраныстарды толық қанағаттандырмайтынымен түсіндіреді. Әрине, бұндай көзқараспен келісуге әсте болмас. Себебі, жаңа діни ағымдардың шамадан тыс таралуының негізінде батыстық қаржылық немесе фундаментальдық, сепаратистік, экстремистік

пиғылдағы топтардың, қала берді бақылаусыз келіп-кетіп жатқан имигранттық топтардың да мүддесі жатуы мүмкін» [77].

Кезінде Батыс Қазақстандағы қылмыстық топтың полиция патрульдарына қарсы оқ атып, өздері мерт болған. Ресми емес хабарламадан мерт болғандар радикалды исламдық бағыттың мүшелері болған. ҚР ІСМ қылмыскерлер діни идеяларды бүркеніп, мұнай құбырларынан мұнай ұрлаумен айналысқан [78]. Сондықтан, Қазақстандағы діндік қатынастар мен құрылымдық ұйымдардың өмір сүруі батыстық менталитетке негізделген адам құқын сақтау концепциясы тұрғысынан емес, ұлттың рухани-моральдық қауіпсіздігі тұрғысынан қарастырылуы керек. «Демократиялық құндылықтарды тарихи-мәдени дәстүрлерді есепке алмай, жалаң, абсолюттік сипатта қарастыру, немесе осы тұрғыдан діни миссионерлерді еркінсіту, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірген болып табылады. бақылауды күшейту мақсатында заңдық өзгертулер енгізуге шақырды» [79].

Соңғы жылдардың ішінде Қазақстанның Бас прокурордың өтініші бойынша сот орындары «әл-Қаида», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд халық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Асбат-әл-Ансар», «Мұсылман бауырлар», «Талибан» қозғалысы, «Бозқұрд», «Орталық Азия моджахедтер жамияты», «Лашкар-и-Тайба», «Әлеуметтік реформалар қоғамы», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», «АУМ Синрике» және «Хизб-ут-Тахрир» сияқты 13 террористік және 1 экстремистік ұйымның іс- әрекетіне тыйым салды. Бұл шетелдік ұйымдарды Шанхай ынтымақтастық ұйымы да лаңкестік деп танып, олардың көбісі сондай-ақ, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен Еуропалық Одақтың шешімдеріне сәйкес халықаралық террористік ұйымдар тізіміне енгізілген болатын.

Халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бірі, яғни негізгі себептердің бірі заңсыз миграция мәселесі болып отыр. Өкінішке орай, Елімізде кейінгі жылдары өте жылдам көбейіп кеткен дәстүрлі емес бағдарларды ұстанатын әр түрлі діни ағымдар мен орталықтары шетелде орналасқан сан-алуан секталар ішімізден іріту әрекетіне бет бұрып, мемлекетіміздің саясаты мен біртұтастығына әлі де қауіп төндіруде екенін ұмытпауымыз керек.

Исламның түркілер арасында таралуына ықпал еткен тағы бір фактор – халықтық санада қалыптасып тұрақтанған құндылықтардың ұқсастығы мен үйлесімділігі болды. Ислам этикасының негізгі категориялары: тәубе, сабыр, қанағат, ата-ана мен үлкенге деген құрмет және т.б. түркі менталитетінде де терең санаға сіңген еді. Сондықтан ислам құндылықтарынан түркі халықтары өз бейнесін танығандай болды. Мүмкін, құндылықты ұстанымдардың жақындығы екі өркениеттіңде көшпенділік негізінде туындағанынан да болар. Қалай десек те исламның түркілер арасында негізінен бейбіт жолмен таралғандығын теріске шығара алмаймыз. Кейін араб елдерінің пассионарлық сілкінісі саябырсыған сәтте, дәл осы исламды қабылдаған түркі халықтары оның рухани ілімі мен өмірлік құндылықтарын асқан жанқиярлықпен қорғады. Түркілер исламға еш уақытта сырттан таңылған дін ретінде қарамады. Керісінше, өз дүниетанымы

мен жан дүниесінің қайнар бастауы деп қабылдады.

Өркениеттің сапалы өзгешелігі оның төл мәдениетімен байланысты. Мәдени мұрада жүзеге асырылып, өркениеттің төл мәдениеті индивидтің және қоғамның сана-сезіміне зор ықпал етеді. Ол дәстүр механизмі арқылы өркениеттің біртұтастығын және тұрақты дамуын камтамасыз етеді де оның рәміздерінде сақталады.

Өркениеттердің өзара айырмашылықтары олардың төл мәдениетіне сіңіп жетекші орын алған діндермен тығыз байланысты. Бұл мәселені әлеуметтік философиядағы өркениеттік бағытты дамытқан ғалымдар, әсіресе А. Дж. Тойнби [80, 15 б.] дәлелдеп берген. Діндерді әдетте «табиғи» және «этикалық» деп, сондай-ақ шығу тегіне қарай «илаһи» және адами» деп те бөледі [81, 89 б.]. Бірінші топқа барлық ежелгі наным-сенімдер, мифологиялық жүйелер, көпқұдайшылықтың (политеизмнің) әртүрлі формалары құраса, ал екіншісіне әлемдік деңгейге көтерілген, адамзат тарихына бетбұрыс енгізіп, өркениет тудыруға қабілетті діндер – христиандық, ислам және буддизм жатады.

Аталмыш тақырып бүгінгі күннің қоғамдық пікірінде ең көп әрі әр алуан ұстанымда талқыланатын мәселелердің біріне айналып отыр. Исламдағы әйелдің жағдайы мен құқықтары, көп әйел алушылық (полигамия), хиджаб киіп, қымтанып жүру және т.б. бұқаралық ақпарат құралдарында да, арнаулы әдебиеттерде де әрқилы пікірталастардың өзегіне айналды. Және де білдірілген пікірлер мен келтірілген дәлелдер христиандық әлем авторларының субъективизмінен, тіпті апологетикасынан ада деп айта алмаймыз. «Қазақтар шала мұсылман болды», «қазақтарда тәңірілікпен қатар жүрген қос дінділік болды» деген пікірлердің отаршылдық пен тоталитаризм барысындағы астыртын саясат пен жалаң біржақты материалистік дүниетанымның таңылуы нәтижесіндегі негізсіз тұжырымдар екендігін, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде исламдық құндылықтардың ғасырлар бойы сіңіп, біте қайнасып кеткенін алға тарта отырып, бұл мәселенің басын ашып алғанды жөн көрдік.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «идеологиялық және саяси көптүрлілік мойындалады» деп бекітілді де, әртүрлі плюралистік бағыттағы көзқарастар мен ағымдардың қатар өмір сүруіне жағдай жасады. Кейбір саяси күштер осыны және Қазақы көңілшектікті ұтымды пайдаланып, түрлі діни секталардың елімізде қаптап кетуіне жол беріп алды. Ал, оның салдары жақсы болмайды.

Жалпы Қазақстанда мемлекеттік деңгейде 21 террористік және экстремистік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. Бұл салада тиісті заңдар, нормативтік құжаттар қабылданып, олар өмірде қолданыс табуда. Шет ел арнайы қызметтерінің мемлекеттік құпияларға ену, түрлі сала бойынша барлау жасау әрекеттері ешуақытта толастап көрген емес. Оларды табиғат ресурстары мен шикізат көздерінің қоры, қорғаныс кешені, ядролық әлеует, қарулы күштердің орналасуы мен күш-қуаты, күш құрылымдарының құрамы, іс-әрекеті, ғылыми-техникалық жобалар мен жаңалықтар, қоғамның саяси құрлымы, қоғамдағы ұлтаралық қарым-қатынастар секілді тағы да басқа

көптеген маңызды мәселелер туралы мәліметтер қызықтырып келеді. Қазақстан аумағында шетелдік арнайы органдарға қатысы бар деген сезікпен бірқатар шетелдік барлаушылар мен тұлғаларға қатысты жүргізіліп жатқан істер жетерлік.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік–топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тиым салынады.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құрылымдарды құруға тиым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынған.

Шетелдерде тамырын жайған халықаралық лаңкестік, экстремистік ұйымдардың, тағы да басқа қоғамымыздағы тұрақтылықты бұзатын, Қазақстанның ішкі тұрақсыздығын қоздыруды көздейтін күштердің жандана түскен іс-қимылы еріксіз алаңдатады. Мысал ретінде, бір ғана «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік ұйымын айтар болсақ, минимум бағдарламасы – ислам дінін барынша насихаттау (оған ешкімнің қарсылығы болмас), ал максимум бағдарламасы – Орта Азия мемлекеттерінде халифат құру, осы жерден келіп оның ішкі ойы көрінеді.

Мақсаты мен іс қимылы мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға бағытталған, діни ала ауыздық пен дұшпандықты қоздыруға, соның ішінде, күш көрсетумен немесе күш көрсетуге үндеумен байланысты діни бірлестіктер құруға тиым салынады. Діни экстремизмге үндеуге, сондай-ақ, конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-қимылдарды іске асыруға тиым салынады.

Радикалды ислам бойынша адамның таңертеңнен кешке дейінгі өмірі тек қана шариғат нормаларымен реттеледі. Ал, шариғат нормалары Құран мен сүннеттен тұрады. Құранда адамның ішкі жан дүниесі, сенім, Құдайдың сипаттары туралы таза рухани аяттар бар. Құран түскелі адамның жан дүниесіндегі құбылыстар мен күнәнің түрлері өзгере қойған жоқ әрине. Ал, шариғаттың кейбір шарттары қазіргі заманның даму динамикасына кейде сәйкес келмейді. Сондықтан, фундаментализм өкілдері қазіргі заман құбылыстарын «шариғатта қарастырылмаған» деп оп-оңай теріске шығара салады. Ал, Құранды бейбітшіл, жасампаз еңбекке, тату тұрмысқа икемдеп түсіндіріп, фикх заңдарын жасау арқылы заманның талабына сай шариғатқа өзгерістер енгізген ғұламалардың бәрін олар «күпір» қылды деп теріске шығарып тастаған. Жүрегін қара тат, көзін қалың шел басқан бұл найсаптар Құрандағы «Имансыздарға бағынбандар...», «мұсылмандар кәпірлерден

үстем...», «кәпірлерді көрген жерлерінде ұрындар...» деген Құран аяттарын мойындарына бойтұмар қылып тағып алды.

Діни сананың радикализациясы қауіпті, өйткені ол жалпы қазақстандық қоғам үшін дүниетанымдық құндылықтар жүйесін түбегейлі өзгерту қаупін туғызады, ол егемендікке де зиянын тигізеді. Қазақстан жағдайында діни сананың радикалдануының өңірлік көрсеткіштері бар және оларға тек Қазақстанның батыс облыстарын жатқызуға болмайды. Құқық қорғау органдары Алматы облысы мен басқа оңтүстік облыстардағы радикалды топтарды бейтараптандыру туралы есептерді көбейтті. Діни экстремизм мен терроризм бүгінде адамзат үшін нағыз қауіпке айналды және біздің жастардың «жанын» аулау үшін тор құрды, ал сырттан келген жат діни идеология жастар арасында агрессивті және радикалды діни сананы қалыптастырады. қоғамның идеологиялық рухани қауіпсіздігін қалыптастыруға қиындық тудырады. Діни экстремистік ұйымдардың жаңа мүшелерін идеологиялық іріктеу бүгінде теоретиктердің қауіпсіз үйлерінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы нано-технологиялардың (Интернет кеңістігі және т.б.) теориясы мен практикасындағы әсіре-исламдық насихат арқылы жүзеге асып жатыр. Бейне, аудио және басқа да мүмкіндіктері бар интернет-сайттар санаулы минуттар ішінде барлық түрдегі және мазмұндағы ақпаратты жіберіп, тіпті радикалды флешмобтар жасай алады.

Егер біз 2016 жылы Ақтөбе мен 2022 жылы Алматыда болған оқиғалар арасында параллель жүргізетін болсақ, онда ДАИШ идеологтарының бірі Әбу Мұхаммед Аднанидің атынан Интернетте жарияланған аудио хабарламалардың идеологиялық насихатында қамтылған әмбебап байланыстарды таба аламыз. Қылмыскерлердің бас бостандығынан айыру орындарында діни экстремизммен бірігуі де жасырын емес. Жазасын өтеу үшін колонияда отырған жастар қатал діни қысымға ұшырайды.

Алматылық лаңкестер де осы ортадан шыққан. Жастар көбінесе діни білімдері жеткіліксіз болғандықтан әр түрлі діни ағымдардың ықпалында жүреді, бұл жағдайда исламды түсіну өте қиын. Көптеген жастар уағыздаушыларға өздерін жалған діни догмалар мен мойындаудың жаңа тәжірибелері туралы идеяларды жазатын «табула раса» (бос тақта) ретінде көрсетеді. Діни экстремизм, өзін исламдық ағым ретінде жасырып, діннің «дұрыс» жолына шақырады деп олар ойлайды, бір жеке адамның, содан кейін топтың, отбасының, ақырында, қоғам мен мемлекеттің рухани қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Кейбір салафилік бағыттағы миссионерлер Яссауи ілімін қолдаушылар фанатизм мен экстремизмге жақын, мистикалық жат бағытқа жатады деген пікірді таратып жүр. Осы мәселеге нақтылы тоқтайық. Нақтылы дінтанулық зерттеулер Орталық Азиядағы суфизмнің деструктивті емес, керісінше конструктивті конфессияға жататынын дәлелдейді. Қ.А. Яссауи ілімі туралы мынадай қызық дерек бар: «Яссауи тариқатында әйелдердің де зікір салуы исламның таралу аясын кеңейтті (ислам отбасына енді). Яссауидің шәкірттері ислам дінін тек көшпелі қазақ тайпалары арасында ғана емес, көшпелі башқұрт

жерлеріне де таратты. Яссауидің ілімі Орта Азияға ғана емес, Кіші Азия жерлеріндегі діни өмірге зор ықпал етті» [76].

Шынында да, қазақ жерінде тәуелсіздік алған 90-жылдарға дейін діни фундаментализм көрініс берген бір де бір оқиға кездеспейді. Кеңестер кезінде оған дейін де қазақ жерінде дінді пайдаланып, «кәпірлерді қырайық» дейтін экстремистік пиғылдар мен әрекеттер болған емес. Ондай дерек тарихта тіркелмеген. Керісінше ханафиттер мен Яссауи ізбасарлары ежелден пайғамбар мен сахабалар, Ғазіреті Ғали туралы хикаяларды, Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха туралы араб-парсы әдебиетінен келген ғашықтық дастандарды ұлттық дәстүрге бейімдеп жырлады. Ұлы ақын-жыраулар мен билер Асан Қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Үмбетей, Әнет баба, Бұхар, т.б. – бәрі де медресе бітірген, дала данышпандары болатын. Бұлардан кейінгі Шортанбай, Дулат, Шал ақын секілді ақылман ақындар да алдыңғы әулие жыраулардың жолын қуды. Қазақ халқы ислам ойшылдары: Қожа Ахмет Яссауиді, Абайды, Шәкәрімді, Мәшһүр-Жүсіп Көпейді мұсылман мәдениеті мен әдебиетіне тарту етті. Осы ойшылдардың бір де біреуі имансыз кәпірлерді өлтіріп тауысудың тәсіл айласы туралы бір де бір кітап не болмаса бір парак қағаз да қалдырмапты.

Ханафи мазхабында, яғни біздің мазхабта адам Аллаға, Құранға, періштелерге иман келтірсе, оны мұсылман деп санайды. Яғни, сенім бірінші орында, ал амал, ғибадат екінші орында тұрады. Адам алдымен сенімге келу керек. Сондықтан, шын жүрекпен кәлимә айтқан адам мұсылман болып саналды. Қазақтардың ешқандай ғибадат қылмаса да «мұсылманмын», «оллаһи-билләһи» деп отыратыны осыдан. Ханафи мазхабының дін ғұламалары халық арасында шарифатта жоқ салттар мен дәстүрлердің өмір сүруіне келісіммен қарады. Мысалға, заң жасаушы ғалымға қойылатын бір талап – фикхқа жаңадан ереже енгізгенде, ол халықтың әдепкі өмір ағысына айтарлықтай өзгеріс әкелмеуі керек. Егер жаңа ереже халық өмірінің үйреншікті ырғағын бұзып, бүлік шығаратын болса мужтахид оны фикхқа енгізбейді. Сөйтіп, діннің сыртқы формасына емес, ішкі сенімнің тереңдігіне баса мән берген ханафи мазхабының бұл ерекшелігі қазақтардың мақал-мәтелінде, кара өлеңінде, өсиет-жырларында кездесетін халық даналығының дамуына өте қолайлы жағдай жасады.

Бүгінде Қазақстанда діни экстремизмнің ерекшеліктері айқындала түсуде. Қазір ислам дінінің ішіндегі тәуелсіздігімізге мойын ұсынбайтын, мемлекеттігімізге шүбә келтіретін, тәкфиршілер мен жиһадшылар, қазақтың салт-дәстүріне мұрын шүйіріп қарайтын уахабшылар, ұзақ жылдар бойына саналары коммунистік идеямен уланғандар «енді батыстың бұзақы догмаларымен бұзыла бастады» деп, өздерінің «исламды тазарту керек» деген әңгімелерін айтып жүр. Сөйтіп, олар қазақ халқы ұстанатын дәстүрлі ислам дініндегілердің бәрін «кәпірлер» қатарына қосып, олармен күресуге шақырады. Діни экстремистер мен теріс пиғылды топтар мүшелерінің шынайы исламмен қиыспайтын жері – олар ислам тыйым салған көптеген әрекеттерге барады.

Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көрсоқырлыққа бейімделген

көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «тек қана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды». Бұл оның ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Сондай ақ тағы бір көрінісі - өзгелерді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмеу. Олар өздерін өте таза, кіршіксіз санап, басқаны адасушыларға жатқызады. Тура жол көрсеткендерді мойындамайды. Міне осы себептерден, түрлі төңкерістер мен қантөгістерден орын алуы ықтимал. Экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарына жету үшін ешнәрседен қаймықпайды. Тіпті өздерін құрбан етуге әзір. Осылайша күш, қару қолдану және заңдар сенім-нанымдарды аяққа таптап, дін атын бүркемелеп, діттегендеріне жетуге тырысады. Өзі үшін бөгде пікірде саналатындарды түрлі амал-айлалармен арандатуды ойластырады. Экстремизм діндегі жеңілдеткен үкімдерді ауырлатып көрсетіп, халыққа түймедейді түйедей етіп көрсетіп бағады.

Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын, қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе қазір дүние жүзіне діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Оларды ХХІ ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Конфессияаралық келісім мен диалогты жетілдірудің жаңа жолдарын іздеу қажет.

Дін, әуелі, әлемдік және дәстүрлі діндер адамның діни және рухани негіздерін дамытудың күшті факторы болып табылады. Діннің негізгі мақсаты адамдағы барлық адамгершілік қасиеттерді сақтау және оларды дамыту, адамның өзінің «бет-бейнесін» сақтап қалуына көмектесу болып табылады. Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің енгізген принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін және әр түрлі саяси құрылымдарды, сан алуан этностар мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің нығаюы үшін, діннің біріктіруші, рухани тұрғыдан құрушы фактор есебінде рөлінің күшеюі үшін діни мәдениет пен діни сананы қалыптастыру қажет.

Сырттай қарасаңыз Қазақстанда діни түсіністік пен татулыққа арналған шаралардың бүкіл әлемге ықпалы айтарлықтай бола қоймайтын секілді. Бұл күндері әлемнің түкпір-түкпірінде дінаралық, ұлтаралық қақтығыстар болып жатса, оларға Қазақстандағы түсіністікке, тату, бейбіт өмір сүруге шақырған жиындардың ықпалы қандай болмақ? Таяу Шығыстағы еврейлер мен арабтардың арасындағы діни қақтығыстар мен соғыстар, Үндістандағы дінаралық және ұлтаралық қарсыласулар, Еуропадағы сербтер мен албандар арасындағы дұрдараздық, тіпті көршілес Ресейдегі орыстар мен украиндардың, Кавказ халықтары арасындағы қақтығыстар, Ресейде шовинизмнің бой көрсетулері секілді оқиғалар қаншама? Соларға Қазақстандағы татулық пен келісім қандай дәрежеде әсер ете алмақ? Әрине, бұл жөнінде саясаткерлер түрлі

болжамдар пен пікірлер түйіндеуде.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. «Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек» [84].

Қазақстан түрмелерінде терроризммен сотталған 400-ге жуық тұтқын жазасын өтеп жатыр. Сарапшылар атап өткен тәуекелдер секулярлық қоғамнан кейінгі 350 діни конфессияда радикалды исламның таралуымен байланысты болды. Бас бостандығынан айыру орындарындағы зорлық-зомбылық экстремизмді жақтаушыларды тарту үшін объективті қолайлы ортаны қалыптастырады. Түрмеде болудың алғашқы кезеңінде көптеген сотталушылар бостандықтың жоғалуына, автономды өмір сүру сезімінің жоғалуына, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және басқа тұтқындардың агрессиясынан қорқуына байланысты бағдарланбаудан туындаған мазасыздық пен депрессияның белгілерін сезінеді. Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде діни салт-дәстүрлерді ұстанатын сенушілердің үлкен контингенті қалыптасты, олардың арасында экстремистік және террористік қылмыстар үшін сотталған адамдар бар. Қазіргі әлеуметтік желілер коммуникацияның қуатты интеграторы ретінде әрекет етеді; олар жасөспірімдер мен жастар арасында өте танымал. Рекрут көбінесе 14 пен 29 жас аралығындағы жастарға бағытталған. Сондықтан экстремизмге қарсы үгіт-насихат саласы осы сегментке ауысуы керек. Экстремизмнің алдын алу жағдайында білім беру дискурсында және білім беру жүйесінде тиісті білімдерді меңгеруде халықтың хабардар болуының рөлі артып келеді.

Міне, сондықтан да діннің функциялары мен мүмкіндіктерін талдауға қайта оралу керек және оқыту, тәрбиелеу мен ағартудың құндылық негіздерінің жалпы гуманистік, әмбебап мазмұнын табу маңызды. Қазіргі қоғамның сегменттелуі жағдайында биліктің, ғылыми және білім беру мекемелерінің, азаматтық қоғам институттарының интеграциялық күш-жігері мен діни ұйымдардың белсенді қатысуы бұрынғыдан да өзекті екенін түсіну және деструктивті типті квазидіни күштерге қарсы әрекет - бір жағынан және шынайы рухани құндылықтарға негізделген дұрыс идеологиялық мәдениетті қалыптастыруда, екінші жағынан, бұл логикалық түрде жаңа Дін істері министрлігін құруға әкелді. Жастар саясаты саласы да оның құзыретіне кіреді. Террористік көріністермен табысты күресудің маңызды шарттары-мемлекеттің арнайы және құқық қорғау органдарының алдын алу-әрекет ету әрекеттеріне төзбеушілік, шешімділік және қатаңдық, сондай-ақ азаматтық қоғам тарапынан қолдау мен көмек.

Діни төзімділік Қазақстан елінде де өзекті мәселелердің бірі болуда. Діни

төзімсіздіктің зардабынан қаншама адамдар құрбан болуда. Осындай құрбандық оқиғаларға себеп болып отырған, діни сауаты жоқ адамдар және жастар деп ерекше атап өтуге болады. Осы сауатсыздықтың кесірінен өз өмірлерімен қосы отбасыларында құрбан етуде. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі еліміздегі діни тұрақтылық, бейбітқатар өмір сүру, толерантты сананы қалыптастыру жолында еңбектенуі қажет және оны азаматтық парызы ретінде түсінген жөн. Бүгінгі таңда әлемде орын алып отырған келеңсіз жағдайларға қарамастан, Қазақстан өзін бірқатар жылдар бойы «тыныштық пен тұрақтылықтың аралы» ретінде танытқан мемлекет болып келді.

Бұл сипатта кейбір тоталитарлық режимдер де саяси оппозиционерді экстремистке жатқызатын тәжірибелер кездеседі. Әрине бұл шындықтан аулақ нәрсе деп бағаланады. Зерттеуші өзінің ғылыми ізденістерінде Берік Аташ саяси оппозиционер мен экстремисттің арасындағы мынадай айырмашылықтарды атап өтеді: «діни экстремист пен радикалдың белгілері: экстремист өз сенімімен келіспейтін жалпы халыққа қарсы болса, саяси оппозиционер өз халқы мен ұлтына қарсы емес, экстремист істерінде белгілі бір діни идея мен мүддені басшылыққа алады, саяси оппозиционер діни мүддемен шектелмейді, террорист пен экстремистте психикалық ауытқулар мен девианттық мінез-құлық жиі кездеседі, саяси оппозиционерге әдетте ұстамдылық тән, бірінші категорияға білімділікті сыйламау тән, сауаттылығы жиі ретте төмен, зиялы қауым өкілдері жиі кездеседі, террорист пен экстремист заңнан тыс, жасырын әрекет етеді, демократиялық елдерде оппозиция заң шеңберінде және жария әрекет етеді, біріншісінің моральдық деңгейі төмен, екіншісінде жоғары адамгершілік құндылықтар басымдық танытады» [39, 23-24 бб.].

Әрбір азамат қоғам тыныштығы үшін діни экстремизмге табанды түрде

қарсы тұруы тиіс. Қазақ халқы ертеден - ақ бірліктің, ынтымақтың маңызын жете түсінген. Бабаларымыздан өсиет болып бізге жеткен «Бақ қайда барасың ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге барамын!» деген қанатты сөз бүгінгі күн ішінде өз көкейкестілігін жойған жоқ.

Діни экстремизмнің құрбанына айнарудың басты себептерінің бірі – дінді дұрыс түсінбей, шариғат шеңберінен шығу. Негізі дінге алғаш бет бұрған адам барлық ғибадаттарды мүлт жібермей, толыққанды орындауға тырысады. Сондай-ақ, естіген уағыздарына амал етуге әрекет етеді. Міне, теріс ағым өкілдері осы сәтті ұтымды пайдаланып, ондай адамды өз құрығына түсіруге барын салып бағады. Сосын ол адамның басы тасқа тимейінше, өз ұстазынан басқаның насихатына құлақ түрмейтін, алған бетінен қайтпайтын бір беткей болып шыға келеді.

Демек, шектен шығу немесе кемшілікке жол беру, өте қатты болу немесе бос болуға жол берілмейді. Яғни, абзалына, әділеттісіне, жақсысына, кемелдісіне ілеседі». Демек, орта жол – мұсылман ұстанатын нағыз тура жол және дұрыс таңдау болмақ. Ислам – жеңілдік діні. Тіпті, ғибадаттың өзінде жеңілдік жолын ұсынады. Яғни, Алла Тағала адам табиғаты көтере алмайтын нәрсені орындауын талап етпейді. Мәселен, шариғатта үзірлі адамның да жағдайы есепке алынған. Бар болғаны, кез келген жақсылық пен ғибадаттың үзілмей орындалуын қалайды. Осы ойымызды нақтылау үшін пайғамбар хадистерінің бірін әңгімеге арқау етсек өмір сүруін қалайды. Адам баласының періште болғанын да хайуан болғанын да құптамайды. [141]

Осындай терроризм мен діни экстремизмнің себептерінің арасында мәселеге мән бермеу, оны білмеу, себептерін анықтамауды атап өткен жөн. Көп жағдайда мәселенін ушығуы сауаттылықтың төмендегінен, ұғымдарды шатастырудан болады. Мәселен, дін мен дін атын жамылған діни топтарды баламалау, діндегі жоқ экстремистік және террористік ойларды дінге әкеліп тағу, соның салдарынан діни экстримизм деген сөз тіркесінің пайда болуы.

Діни төзімсіздікті шешудің басты жолы болып табылатын дінаралық мәдениетті қалыптастыруда қазіргі таңда жоғары білікті кәсіби мамандардың атқаратын қызметі аса маңызды. Бұл арада дінтанушыларға атқарылатын жауапкершілік жүгі ауыр. Діни сарапшылардың пікірі бойынша, «діни терроризм мен экстремизмге қарсы күресте діни білім беру мен діни мәдениеттілікті қалыптастыру алдыңғы міндетке жатады. Бұл үшін:

- студенттердің діни және дінтанулық сауаттылығын көтеру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына «Дінтану» пәнін барлық мамандықтар үшін міндетті пән ретінде және мемлекеттік емтихан тапсырылатын пән ретінде енгізу;

- республика көлеміндегі мектепке дейінгі, орта және орташа- арнайы білім беру мекемелерінен бастап, жоғары оқу орындарында идеологиялық, патриоттық тәрбие мен дінтанулық білім берудің жүйелі стратегиясын жасау;

- жоғары оқу орындарының бұқаралық ақпарат құралдары арқылы экстремизмнің алдын алу шараларын жасау: мемлекеттің қалыптасуындағы дәстүрлі діндердің рөлі, азаматтық ынтымақтастық, патриоттық тәрбиеге

насихаттау үшін ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыру;

- толеранттылық және экстремизмнің алдын алуға арналған оқу-әдістемелік материалдар шығару;

- рухани-интеллектуалдық тәрбие, дарынды жастарды қолдауға арналған қорлар;

- әлеуметтік бағдарламаларды, қоғамда мәдениеттанулық және әлеуметтік технологияларды дамыту;

- дінтанушы мамандарға деген бүгінгі күндегі туындаған қажеттілікке байланысты «дінтану» мамандығына білім беру гранттарын көбейту.

Кез келген діннің жалпыадамзаттық құндылықтарды, этика, эстетика, ғылымның іргетасын құрауы келісімге келу мүмкіндігін аша түседі. Діндер арасындағы үнқатысудың болуы – адамзаттық құндылықтардың, рухани қажеттіліктердің ортақтастығында. Үндестіктің адамзат баласын біріктіруші табиғатын қоғам қажеттілігіне пайдалану діни төзімсіздікті болдырмауда басты негіз болып табылады» [144, 26 б.].

Біздің елімізде діни пікір алуандылығына (Қазақстанда 50-ден астам конфессиялар мен деноминациялар қызмет етуде) деген төзімді қарым-қатынасы дін немесе сенімдер негізіндегі төзімсіздік пен кемсітуден конституциялық – құқықтық кепілдіктерінің бекітілуімен расталады. Сонымен қатар, Қазақстан бүкіл әлемге өзінің төзімділік және конфессияларалық үндесу саясатын басшылыққа алатын ел екендігімен белгілі.

Соңғы жылдары Қазақстанда ислами этиканың маңызды негізі – Ихсанға үлкен мән беріліп келеді. Бұл мәселеге арнаулы тоқтаған өзекті. Ихсан қағидаттары арқылы адамзаттың барлық рухани-адамгершілік негіздерін баяндап беруге болады десек, қателеспейміз. Өйткені, жер бетіндегі нығмет жаратылған жан иесі – адам, оның өмірі шексіз дүние. Ихсандағы адамгершіліктің құндылықтары сол – адамның ойына ой қосып, адамгершілік, имандылық, тазалық, кешірімді де әділетті болып, шыншылдықпен тура сөйлейтін салауатты өмір сүруге жетелейді деген үміттеміз. Халқының тәлім-тәрбиелік тәжірибесінен сусындаған әрбір адам осы құндылықтарды ардақтаса – жан-жақты, үйлесімді дамып, рухани мәдениетінің шынайы қазынасын жасап, оны өмірде пайдалануда мол мүмкіндіктер туатынына кәміл сенімдеміз.

Енді Ихсанның басты қағидаттарын келтірейік:

«Көркем мінез – адамның іс-әрекетін, ішкі және сыртқы сезімдерін қамтитын бесаспап ауқымды жүйе. Ал оны толық қамтитын – бүкіл адам баласына ортақ діни қағидалар. Көркем мінез – туыстық қарым-қатынастарын үзгендермен арадағы аралас-құраластықты арттыруың, саған жамандық жасағандарға жақсылық жасап, қиянат жасағандарды кешіруің, - деп қорытқан. Мысалы, Хасан әл-Басридің: “Көркем мінез – жүзі әрдайым күлімдеп жүру, кеңпейілділікті насихаттайтын және жәбір көрсетуден сақтану”, - деп айтқаны сияқты. Әл- Уасити болса: “Көркем мінез - бір-бірімен күндеспеу. Аллаһты таныған пенде ешқашан дұшпандыққа бармас болар”, - деген. Шаһ Кирманий бұл хақында: «Көркем мінез – басқаға жәбір көрсетпеу және қиыншылықтарға төзімділік ете білу», - деп айтқан. [143]

Басқаларының пікірінше: “Көркем мінез – адамдарға жақын болу, олар жасаған жамандықтан алшақ тұру”, - деген. Әл-Уасити жақсы мінез жайындағы келесі сөзінде: “Көркем мінез - қуанышта да, азалы күнде де халықты риза ету”, - деп айтқан [144, 13 б.].

Сабырлық. Сабыр – адамзатты кемелдік шыңына жетелейтін ең асыл қасиеттердің бірі. Асылында бұл қасиет адам баласына әуелден Жаратушы тарапынан берілген. Сабыр – жетістікке қол жеткізудің сырлы кілті. Сабырдыңда сан қырлы сатылары бар. Сабыр сақтау – тағдырға ризашылықтың, шүкірліктің белгісі. Тағдырға налып, іштей риза болмаған адам өмірде ештеңеден байыз таппай өтеді. Шыдамсыз, осал адам үшін өмірде елеулі жетістікке қол жеткізу өте қиын. Сабыр сақтау немесе шыдамдылық таныту – парасаттылықтың нышаны. Әбу Һурайрадан жеткен бір хадисте «Күштілік күресте анықталмайды. Нағыз мықты адам – ашуланған кезде ашуын жеңе білген адам болады» дейді. Күштіліктің негізгі өлшемі – сабырлық пен төзімділік болып табылады» [145].

Мейірімділік. «Мейірімділік – жаратылысты уыздай ұйытқан ең басты құндылық. Мейірімділік болмаса, күллі әлем мағынасыз маңып, хаос белең алар еді. Әрі-беріден соң айналасына, адамзатқа, барша жаратылысқа мейірім шуағын шашуы адамның ардақты борышы болып табылады. Мейірімді болған сайын адамдық абыройы асқақтайды. Жауыздыққа, ынсапсыздыққа бой ұрған сайын кісілігін кір шалып, адамгершіліктен алшақтайды. Адамзаттың ең тура сөзді тұлғасының баяндарына зер салайық: бірде күнәһар әйел шөлден қаталап, титықтаған итке мейірімі түсіп, құдықтан су алып бергені үшін жаннатқа қанат қағады, енді бірі қарауындағы мысықты аштан өлтіргені үшін тозаққа түседі. Мейірімді болсаңыз ғана мейірімге бөленесіз. Кез келген жаратылысқа мейірімділік танытып, қайтармаған жан мәңгілік әлемінен сол сәтте қарша бораған мыңдаған сүйіншінің астында қалады» [145].

Кішіпейілділік. «Кішіпейіл адам адамгершілігі мол, мейірбан болады. Кісіге қарасуға, қол ұшын беріп, жәрдемдесуге дайын тұрады. Кішіпейілділік жай нәрсе ғана емес, ол – мінез, әлеуметтік мәртебе, көп сый тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізді» [143, 75 б.]. Кісінің аса ұнамды адамгершілік қасиеттерінің бірі - кішіпейілділік. «Ұлық болсаң, кішік бол» дейді халқымыз. Бұл кішіге де, үлкенге де аса жарасымды мінез қасиеті. Кішіпейілділіктен ешкім де кішіреймейді. Кішіпейіл, ашық, ажарқын мінезді адамды жұрт қадір тұтып, сыйлап отырады. Халықта «кішіпейілділіктен кішіреймейсің, өркөкіректік пен менмендіктен өспейсің» дейтін ұлағатты сөз бар. Бұл осындай жақсы мінезі бар адамдар жайында айтылған аталы сөз. Кішіпейіл кісіні жора-жолдастары, қатар құрбылары өзгелерге үлгі етіп, оған аса сыйлы сезіммен қарайды. Кісінің бауырмалдығы мен кішіпейіл қарапайымдылығы, оның істеген ісі мен атқарған қызметі, айналасындағы адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасауы былайғы жұрттың қызығуын тудырып, оған ерекше ылтипат жасауға мәжбүр етеді. Кішіпейіл адам ақкөңіл болып келеді. Халық «ақкөңіл адамның тоны тозбас, аты арымас» дейді [144, 29

б.].

Адалдық. «Сыдық» сөзі – шыншылдық, шынайылық, адалдық, туралық деген мағыналарды білдірумен қатар, хақ жолындағы пенденің дүние қумай аталмыш қасиеттерді өмірінің өлшемі ету дегенді білдіреді.

Туралық – сөз бен істің бір жерден шығуы, жалған айтып құтылып кетуі бек мүмкін қилы сәтке тап болғанда, өзінің әуелгі табиғатынан титтей де айнымауы. Нағыз шыншылдар мен турашылдар мойнына алған іске жан-тәнімен беріліп, ішкі-сыртқы тазалығын сақтай біледі. Бүгінгі таңда жалғандық пен өтірік сөйлеу қоғамдық өмірдің бүкіл саласына тамыр жайып, адами құндылықтардың аяқ асты етілуіне тікелей себепкер болып отыр. Ал, жалғандық – мұсылмандық сипатқа мүлдем жат. Оған куәлік етудің өзі де – үлкен күнә. Сөзіне ісінің үйлеспеуі мұнафықтық (екіжүзділік) болса, алдау, қиянат жасау Ислам шеңберінен шығуға әкеледі» [146, 118 б.]. Адал адам ешкімнің ақысын жемейді, өз еңбегімен дүние жинап, кісіге қиянат жасамайды, жапа шектірмейді. «Адалдық - кісінің абыройы мен атына дақ түсірмейді, оны шын-шылдыққа, әділетті болуға жетелейді. Шындық пен әділет, сенім мен үміттің көзі, ар-ұяттың өлшемі. Шындық пен әділет бар жерде ғана адалдық болады. Екі жүзділік, іштарлық, мақтаншақтық, тәккаппарлық, — адалдық, шын-шылдықпен еш уақытта сыйыса алмайды. Адал да шыншыл, болу — еңбек пен білім алуға, жалпы іс-әрекетке оң көзбен қарау, инабатты, тіршілікте тиянақты, принципті болу деген сөз. Адалдық пен шыншылдық бар жерге әділеттілік, кішіпейілділік пен қайырымдылық, қарапайымдылық еріп жүреді» [147, 66 б.].

Қанағатшылық. Қанағат - барға риза болу, місе түту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қанағат - ашкөзділікке жібермейді, біреудің дүние затына сұқтандырмайды. сұғанақтық жасаттырмайды. Қанағатшыл кісі - барымша кішіпейіл, қарапайым, жұмсақ. Сондықтан да ол көпшіліктің көзіне түсе бермейді.

«Қанағатшылық — қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына разы болу, шүкіршілік ету. Әрине, ксібіреулер мұны адамшылыққа жарасатын көркем сипат, өмірде ортаймайтын қазына деп түсіне бермейді. Қаншама мол байлығы болса да, оны қанағат қылмайтындар да кездеседі. Мұндайларды жұрт көзі тоймайтын, қанағаты жоқ адам дейді. Ондайлар «болған сайып болсам деп, толған сайын толсам деп» ылғи да ашкөздікке салынып, Аллах тағаланың қанағат-нысабын ұмытады, көбінде жалған сөйлеп, екі жүзділікке барады. Пайғамбарымыз: «Монтаны екіжүзділіктің белгісі үшеу дейді. Олар өтірік айту, уәдесінде тұрмау және аманатқа қиянат жаса. Екіжүзділік-жарамсақ жағымпаздықпен егіз қозыдай. Арамза, жарамсақ пен екіжүздіге қарағанда ашық жаудың өзі артық. Ондайлар: «адамның сиқын кетіреді» — деген еді орыс патшасы Бірінші Петр. Адам қолындағы барының игілігін көріп, соған шүкіршілік қылса, өмірі де мәндірек, қызығырақ болар еді. Қанағатсыз адам ашкөз келеді. Қанағатсыздық — тойымсыздық, езі тойса да көзі тоймаушылық. Ондайлар, әсіресе, тамаққа қомағай, ашкарақ болады. Артық ішіп-жеудің зияндылығында шаруасы болмай, «кедейдің бір

тойғаны, шала байығаны» дегендей. әйтеуір әркез шеміршектеп бір тойып, қарынын кампитуды ойлайды. Әрине, оның миына ұлы ағылшын драматургі В. Шекспирдің «Артық тамақ шашты ағартып қинайды, ал қанағат ұзақ ғұмыр сыйлайды» деген аталы сөзі кіріп те шықпайды. Мұндай қылық сыйлы жерлерде дастархан басында тіпті ұят. Бұл өте ерсі, тәрбиесіздік пен мәдениетсіздіктік белгісі. Қанағатсыздық — жастайынан алған отбасы тәрбиесінс байланысты» [144, 81 б.].

Бауырмалдық. Бауырмалдық — бір әке-шешеден өрбіген, яғни бірге туған адамдардың өзара қарым-қатынастарша байланысты айтылатын ұғым, Бұл сондай-ақ ағалы-іні, әпке-сіңлі, ағайынды, аталас адамдардың өзара сыйласымды сезімдеріне негізделетін туыстық қатынасты білдіретін атау. Жақын, ағайын-туыс адамдар қайда жүрсе де бірін-бірі бауырым деп санайды. Өзара жанашырлық сезімін білдіреді. Олардың бір-бірінен алыс-жақын тұрса да бауырлас едік, шыққан түбіміз, ата-тегіміз ағайындас, бауырлас едік дейтіні қазақы мінез-құлықтың бесенеден белгілі басты ерекшелігі. «Бауырмалдық қасиет ет жақын туған-туыстарына деген туыстық қатынасты, яғни кір жуып, кіндік кескен жері мен өскен еліне, ата мекеніне деген сүйіспеншілікті де білдіреді. Ел-жұрттың азаматымын деген кісі өзінің туған жеріне, ауылы мен аудан, өлкесіне, тіпті бүкіл ата-мекеніне сүйіспеншілік сезімін білдіруі тиіс» [143, 28 б.].

Сыйластық. Сыйластық – үлкенді сыйлау, досты сыйлау, ата-ананы сыйлау, кішіні сыйлау, ағайынды сыйлау, ұстазды сыйлау, ұлттар арасындағы сыйластық. Менің ойымша, сыйластық деген айналандағы адамдарға құрмет көрсету, оларға қамқор болу, адамдарға түсінушілікпен қарау. Сыйластық айналана зиян тигізбеу, сәлемің түзу болса соның өзі сыйластық.

Түсіністік. Түсіністік болған жерде сыйластықтың да болатыны сөзсіз! Бір-бірін түсінген жандарбір-бірін сыйлайтын болады. Әр адам өзінің парасат пайымына, өмірлік ұстанымына, зейіні мен зердесіне орай айна аласына сыйлы болады. Мұндай жандар әке – шешенің түп тамырының тұғыры мықты болғандықтан тегіне тартып туады емес пе? Сыйластық адами қасиеттің ең жоғарғы белгісі, ең жылы қарым-қатынас.

Кісіні сыйлау. Бұл имандылық пен адамгершіліктің іргетасы. Қазақ халқының тыныс-тіршілігінде бұл ұлттық дәстүрдің басты өлшемі. Сондықтан да от басында, мектепте, қоғамдық орындарда осы дәстүрді сақтау, оны қастерлеу міндетті түрде орындайтын міндет. Мұны сақтай білмеген үлкен-кішіні халқымыз адамгершіліктен айрылған, не одан безген «имансыз» адам дейді. Ертеректе мұндай әдепті сақтамағандарды ел жақсыларымен, ақсақалдары тиісті жаза тартқызып, қатаң тәртіпке шақырып отырған. Отбасындағы күнбе-күнгі қарым-қатынаста қарттардың көңілдеріне тиерлік дөрекі сөздер, оларға үй шаруасындағы ауыр жұмыстарды итеріп тастау - көңілдеріне қаяу түсіреді. «Ұл-қыздарыңды, өсіріп, «ұлды ұяға, қызды қияға» қондырғандағы естір сөзім мен. көрер қызығым осындай дөрекі сөздер ме еді деген реніш тудырып, өмірін жасын өксітеді. Бала мен келін, қыз бен күйеу, немерелер, яғни осы үйдегі қалған адамдардың бәрі-бәріде қарттарға деген

қатынас неғұрлым биязы әрі қамқорлық көрсететіндей болса, олардың көңілі де көтеріліп, өсірген ұрпағына риза болады. Оларға оң батасын беріп, аман-саулығына, істеген ісіне үнемі игі тілек білдіріп отырады. Қарттарды күтіп, оларға қамқорлық жасау жалпы халқымыздың ерте замандардан бері келе жатқан игі-дәстүрі. Мұндай қатынасты орнату ең алдымен ұл мен келінге, қыз бен күйеуге байланысты. Немерелердің «аталап», «әжелеп» тұруы, үлкенді аға деп сыйлап, кішіні іні деп қамқорлық көрсету — ынтымақты отбасының тыныс-тіршілігі. Үйдегі кішілерге де қамқорлық бұл, оларды шама-шарқынша үй жұмысын қатыстыру, яғни қаршадайынан баланы еңбек етуге баулу, адам бойындағы ұнамды мінез- құлықты қалыптастыру деген сөз. Өзара сыйласу отбасының жарасымды қылығы, береке мен бірлігінің негізі [143, 2, 23 б.].

Экстремизмге тыйым салатын заң қабылдағанда ортодоксальді-теократиялық елдердің діни ықпалына түскен дінтанушылардың кеңесіне сүйену Қазақстан Республикасы жіберіп алған ең үлкен қателік, ғасыр қателігі болуы әбден мүмкін. Бұл ұлт тағдырын шешетін маңызды шешімді өзімізде тәлім алған дінтанушы ғалымдар, патриот тарихшылар, ұлт мүддесін көздей алатын саясаттанушылар өзара ақылдасып отырып қана қабылдауы тиіс. Қазақ халқының тәжірибесі көрсеткендей, түркілік Ислам атанған Яссауи жолын қандай жолмен болмасын күшейту маңызды. Қалай алып қарасаңыз да фундаменталистік көзқарастағы ұйымдарды қудалау, күш қолдану проблеманы түбегейлі шешпейді. Күресудің ең тиімді жолы: дәстүрлі дінді мемлекеттік тұрғыда, жүйелі түрде насихаттау. Ескерте кетер ең үлкен қауіп - фундаменталистік ұйымдар билікке жету үшін саясаттың барлық саласында белсенді әрекетке бара береді. Олардың жақтаушылары үкіметке, жергілікті әкімшіліктерге жұмысқа кіруге тырысады. Араларынан депутат шығарып, Парламентке өткізіп, өздеріне ыңғайлы заң қабылдатып жіберуге барын сала кіріседі. Мемлекеттік қызмет туралы заңға қызметке алу үшін азаматтардың діни көзқарасын, дәстүрлі дін мен фундаменталистік идеяларға қатысты пікірін тексеруді енгізу шарт. Міне осындай шаралар мемлекеттік тұрғыдан жедел жасалып іске асқанда ғана келеңсіздіктердің алдын алуға мүмкіндіктер туады. Оған дейін «кім не бүлдірер екен?» деген қорқыныш орын алады.

Олай болса «Кім біліпті қай діннің жақсы екенін. Әйтеуір әр қайсысы әртүрлі айтады ғой» деп те салғыртыққа салынбаңыз. «Шала дін де, пән де таппас, Дін тазасын ой табар, Еркін ақыл тіпті адаспас, кезсе кірсіз жарқырап» [148], - деген Шәкәрім. Яғни еліміздің сан жылдар тарих елегінен еленіп, екшеленіп қалыптасқан дәстүрлі ислам ғана біздің менталитетімізге сай келеді. Оның негізін қалаушылар Қожа Ахмет Ясауи, Махмут Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп. Осының негізінде ғана біз өз елдігімізді сақтап, қазақ ұлты ретінде өзімізді әлемге таныта аламыз.

Ислам он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым-білім мен

өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындауда.

Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне он екі ғасырдан аса уақыт өтті. Содан бері халқымыз атақты ислам ғұламасы, фикһтың (мұсылман заңы) білгірі Нұғман ибн Сәбит (р.а.) (699–767) негізін қалаған Ханафи мазһабын (діни құқықтық мектеп) ұстанып келеді. Осы орайда, әуелі фикһ пен мазһаптың ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Мазһаб – жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шарифатта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкім- дер мен көзқарастар жиынтығына «мәзһаб» делінеді.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар тумады. Өйткені, хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді.

Бұл туралы Алла тағала мұсылман үмметін: «Ей, иман келтіргендер! Аллаға, пайғамбарға және өз араларыңдағы ұлықтарыңа бойсұнындар. Егер өзара бір нәрсеге келісе алмасаңдар, оның жайын Алладан, пайғамбардан сұраңдар. Аллаға, қиямет күніне сенетіндерің рас болса, бұл сендер үшін қайырлы, әрі тиімді» [149] («Ниса» сүресі, 59-аят),-деп ескертеді.

Ханафи мазһабының негізін қалап, оны нығайту жолындағы фикһ ғұламаларының жасаған қызметін дін ғұламалары былай баяндайды: «Фикһ ілімінің дәнін Абдулла ибн Мәсбүд (р.а.) екті, Имам Әлқамә өніп шыққан егінді суарды, Ибраһим ән-Наһаби піскен астықты жинады, Әбу Ханифа оны диірменге тартты, Имам Әбу Йусуф ұннан қамыр жасады, Имам Мұхаммед нан пісірді. Міне, барлық халық осы күнге дейін Имам Ағзам дайындаған ұннан жасалған нанды жеп келеді» [150].

Негізінде «фикһ» сөзі «терең, жан-жақты түсіну» деген мағынаны білдіреді. Фикһ пәні ғибадат, қоғамдағы өзара қарым-қатынас, әдет-ғұрыптардың шарифатқа сәйкес тәртіп-қағидалары мен оның қайнар көзін үйретеді. Бұл саланың маманын факиһ (мұсылман заңгері) деп атайды.

Қазақстан Республикасы Ата заңындағы адам құқықтары, соның ішінде діни бостандықтары туралы тармақтар адамзат өркениетінің жетістіктерін ескере отырып қабылданды. Қазақстан Республикасы азаматтарының ой еркіндігі мен дінді ұстану құқы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодекске, «наным-сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңға, басқа да заң актілеріне және Қазақстан Республикасы мойындаған адам құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық актілерге негізделеді. Адамның азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пактінің бірінші пунктының он сегізінші бабында: «Әрбір адамның ой - еркі, ар - ұждан және дін құқы бар. Бұл құқық өз таңдауына сай дінді және сенімді қабылдау, өз дінін жеке дара немесе басқалармен бірге жариялы түрде немесе жеке ұстану, діни және әдет ғұрыптық салттарды орындау бостандығын қамтиды» делінген.

Адамның азаматтық және саяси құқықтары туралы халықаралық пакт дінді немесе сенімді ұстану бостандығы тек заңмен белгіленген және қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, басқа тұлғалардың денсаулығы мен моралін, сондай-ақ

негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттілігі негізінде ғана шектелетіндігін атап көрсетеді. Мұндай шектеулер Қазақстан Республикасының Конституциясында да қарастырылған. Конституцияның 5 пунктiнiң 12 бабында «Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуы басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарына, конституциялық құрылыс пен қоғамдық әдепке нұқсан келтірмеуі керек» [151] деп атап көрсетілген. Конституцияның бұл бабы «Наным - сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңда нақтылана түседі. Заңда «Дінді ұстану немесе сенімді таратуды жүзеге асыру тек қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, басқа азаматтардың өмірін, денсаулығын, адамгершілігін немесе құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында ғана шектеледі» делінген.

Қазақстан Республикасының азаматтары дінге қатынасына тәуелсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында заң алдында тең. Дінге қатынасына байланысты азаматтардың құқықтарын тікелей немесе жанама шектеу немесе артықшылықтарын белгілеу немесе осыған байланысты дұшпандық пен жек көрушілікті қоздыру, азаматтардың сезімін қорлау, дін өкілдері үшін киелі болып табылатын бұйымдарды, ғимараттар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілікке тартылады.

Заңмен қарастырылған жағдайлардан тыс ешкімнің өзінің діни сенімінің мотиві бойынша азаматтық міндеттерді орындаудан бас тартуға құқы жоқ. Діни сеніміне қайшы келетін болса, бір міндетті басқа міндетпен алмастыру тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жүзеге асырылады.

Аталған заңның төртінші бабына сай діни бірлестіктер мемлекеттен ажыратылған. Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында тең. Ешқандай дін мен діни бірлестіктердің бір - бірінен артықшылықтары жоқ. Діни бірлестіктер мемлекеттік функцияларды атқармайды және мемлекет егер заңға қарсы келмесе діни бірлестіктердің әрекетіне араласпайды. Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды.

Діни бірлестіктер мемлекеттік билік пен басқару органдарын сайлауға қатыспайды. Бірақ мемлекет мәдени ескеркіштер қатарына жататын діни ғимараттарды жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландырады. Конституцияда көрініс тапқан діни негізде саяси партиялар құруға тиым салу қағидасын одан әрі дамыта Заң діни бірлестіктерге саяси партиялардың әрекетіне қатысуға және оларды қаржыландыруға тиым салады. Діни бірлестік қызметкерлері саяси өмірге тек өз атынан барлық азаматтар қатар қатыса алады.

Діни бірлестіктер заң мен құқықтық тәртіп талаптарын сақтауы тиіс. Мемлекет дінді ұстанатын және оны ұстанбайтын, сондай-ақ әр түрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен сыйластық қатынас орнатуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес тіркеуден өтпеген діни бірлестіктердің әрекет етуіне жол берілмейді. Мақсаты мен іс-қимылы мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға бағытталған, діни ала

ауыздық пен дұшпандықты қоздыруға, соның ішінде, күш көрсетумен немесе күш көрсетуге үндеумен байланысты діни бірлестіктер құруға тиым салынады. Діни экстремизмге үндеуге, сондай-ақ конфессия аралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-қимылдарды іске асыруға тиым салынады. Елімізде экстремизмнің алдын алу мақсатында «Экстремизмге қарсы күрес туралы заң қабылданды». Бұл заң ұлттық, этникалық, діни араздық пен төзімсіздік қаупін тудыратын әрекеттерге тосқауыл қояды. Осы заң негізінде «Хизбут тахрир», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Мұсылман ағайындар» сияқты саяси партиялар мен ұйымдар елімізде заңсыз деп танылды.

Діни бірлестіктердің қызметі тек сот шешімі бойынша ғана үш айдан алты айға дейін төмендегі жағдайда тоқтатылады:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылғанда;

б) діни бірлестіктің жарғысына қайшы келетін іс - әрекеттерді жүзеге асырғанда.

Діни бірлестіктің қызметі тоқтатылған мерзімде оның атынан бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуге, жиналыстар мен митингілер ұйымдастыруға және өткізуге тиым салынады. Егер діни бірлестіктің қызметі тоқтатылған уақыт аралығында орын алған заң бұзушылықтар түзетілсе, діни бірлестік қызметін қайта жалғастыра алады.

Республикамызда діннің саясатқа араласуына тиым салынғанымен, дін қызметкерлерінің барлық саяси - азаматтық құқықтар қорғалған. Дін қызметкерлері жергілікті мәслихаттарға, парламентке депутаттыққа сайлана алады.

Аталған заңның бесінші бабына сәйкес республикамыздағы мемлекеттік білім беру мен тәрбие жүйесі діннен ажыратылған және зайырлы сипатта.

Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар өз балаларын өз сенімдеріне сай тәрбиелеуге құқықты, бірақ балаларды дінге мәжбүрлеуге жол берілмейді. Балаға діни тәрбие беру оның тәндік және психикалық денсаулығына, сондай-ақ адамгершілік дамуына нұқсан келтірмеуі керек.

Алайда діндер заң алдында тең болғанымен, олардың қоғамға ықпалы бірдей емес. Мемлекеттік конфессионалдық қатынастың еуропалық нұсқасында мемлекет пен діни ұйымдардың үш деңгейлі қарым - қатынасы қалыптасқан. Бірінші төменгі деңгейде мемлекетпен өте шектеулі ынтымақтасатын діни топтар орналасқан. Олар мемлекеттен қаржылай көмек ала алмайды, мемлекеттік ақпарат және байланыс құралдарына кіре алмайды, өз оқуларын мектептерде оқыта алмайды. Бұл топтар әдеттегідей жалпы заңмен, барлық бірлестіктерді реттейтін заңмен реттеледі. Екінші деңгейдегі дін топтары мемлекеттен қолдау табады. Бұл конфессиялар ерекше тәртіппен реттеледі. Бірінші топтан екінші топқа өту белгілі мемлекеттік бақылауға жатады. Үшінші жоғары деңгейде келісім жасалған ұлттық және мемлекеттік шіркеулер, діни қауымдар орналасқан.

БАҚ мәліметтеріне жүгінсек, еліміздің тұрғындарын жаңа діндердің белсенділігі алаңдататындығы байқалады. Әсіресе, республикамыздағы дәстүрлі болып табылатын ислам және православие дінінің өкілдері жаңа

діндердің таралуына қауіппен қарайтындығын аңғару қиын емес. Тоталитарлық құрсаудан шыққан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары діни сенімдердің шектелуін демократиялық нормалардың бұзылуы деп бағалаған болсақ, қазіргі кезде кейбір діни бағыттардың демократиялық принциптерге қайшы келетіндігі, тіпті адам құқықтарын елеп ескере бермейтіндігі анық болып отыр. Осыны ескерген билік экстремистік бағыттағы діни ұйымдарға тиым салды. Атеизм мемлекеттік идеология болып табылған кеңестік жүйеден шыққан жас мемлекеттерде азаматтардың дін, діннің шын мәні туралы білімдері таяз болып шықты. Сондықтан сыртқы бітімі «жалтырап» тұрған, ел басына түскен ауыртпалықты діни тұрғыдан интерпретациялаған «кірме» діндер етек жайды. Экономикамыз тұралап, рухани құндылықтар көмескіленіп қалған жылдары бұл жаңа діни бағыттар халықтың әлеуметтік аз қорғалған топтарына гуманитарлық, мейірімділік, қаржылай көмек көрсету арқылы да өз торларына тартқаны жасырын емес. Екінші жағынан, сыртқы инвестицияларға зәру болған мемлекетіміз де миссионерлер әрекетіне көз жұмып қарағаны да рас.

Осы уақыттарда сыртқы қаржылық құйылымдар мен қатар шет елдік миссионерлер де ағылып келе бастады. Белгілі бір деңгейде олардың әрекеті мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіріп, негізін шайқалтатыны күмән келтірмейді.

Алайда адамдардың бәрі бірдей еркін таңдау барысында белгілі бір дінді қалап алады деп айту қиын. Осындай «белсенді миссионерлермен» қала көшелерінде кездесіп сұхбаттасқанымызда, олардың өздері насихаттап жүрген діндері туралы білімдерінің деңгейі төмен екені байқалады, ал басқа діндер туралы білімдері тіптен жоқ. Ал жаңа діни бірлестіктер жетекшілерінің жергілікті қазақ халқының өкілдерімен қызу жұмыс жүргізетіні де құпия емес. Көп жағдайларда жаңа шіркеулердің жетекшілерін қазақ ұлтынан тағайындау тәжірибесі кездеседі. Мұндай шіркеулердің қатарына «Қасиетті рух шіркеуін», «Сенім», «Иман» сияқты Евангелиялық Христиандық орталықтарды және т.б. жатқызуға болады. Қазақ тілінде христиандық әдебиеттер басылып таратылады.

Жоғарыдағы сауалнама көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі мұндай фактілерге теріс баға береді немесе немқұрайлы қарайды. Басқа діндерге кірген қазақтардың үлес салмағы өте аз болғанымен этностың ыдырауы және бұл тенденцияның күшеюі алаңдатады. Сонымен қатар жаңа діндерге жастарды тарту ісін де бұл ағымдар жақсы жолға қойған. Еліміздің болашағы жастар дейтін болсақ, бұл мәселеге де бей-жай қарауға болмайтыны түсінікті. Сондықтан мектепке және басқа да оқу орындарына жақын жерлерде, сондай-ақ кәмелетке толмаған жас жеткіншектер арасында діни үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді шектеу қажет деп ойлаймыз. Мемлекет пен қоғам азаматтардың психикалық саулығына да аса көңіл болуі керек. Өйткені, жастардың көбі танымдық қызушылықтың, сондай-ақ қарым-қатынастың, отбасы мен жақындарының оларға жеткілікті көңіл бөлмеуі, яғни өтпелі кезеңде туындайтын психологиялық қиыншылықтардың салдарынан да жаңа діндерге еріп кетеді. Осыған орай, мектептер мен басқа да оқу орындарында ұлттық тәрбие мен рухани жетілуге көп көңіл бөлуіміз қажет. Қазақстанның

болашағы ұлттық мақсат-мүддемізге сай келмейтін діни идеялармен уланбаған, жан-жақты терең білімді жастардың қолында. Өкінішке орай, демократия, либерализм, плюрализм құндылықтарының желеуімен елімізге жат жерлік діни наным-сенімдер ентелеп ене бастады.

XX ғасыр басындағы қазақтың зиялы азаматтары мұны жақсы түсінді және сондықтан мемлекеттің зайырлы сипатына зор мән берді. «Ұлттық интеллигенция, бір жағынан, өз халқының мемлекеттілігін, мәдениетін, тілін, білімін, діннен жоғары қойды, ойна бастаған ұлттық сананың діни клерикализм жетегінде кетпегенін қалады. Екінші жағынан, түрік, мұсылман өркениетінен алшақтау ұлтсыздандыруға, төлтума ерекшеліктерден айырылуға апаратын жол екенін түсінді» [152, 149-150 б.]. Осы кездерде Ресейдің мұсылман халықтарының алдыңғы қатарлы өкілдері арасында пайда болған жәдитшілдік қозғалысы да діни догматизммен шектеліп қалмай, адамның творчестволық ойлау, рухани іздену, діни және зайырлы мәдениет элементтерін ұштастыру мәселесіне көп көңіл бөлді. Діни білімі терең адамдардың өзі әрқашан қоршаған ортаны тануға мүмкіндік беретін ғылымдарды игеруге үлкен мән берген. Сондықтан діни және зайырлы мәдениеттер бір-біріне қайшы келмейді, қайта бір-бірін толықтырып отырады.

Республикамыздың азаматтары көше-көшені аралап, өздерінің үн парақтарын тықпалайтын миссионерлікке де наразы екенін газет, радио, теледидар беттерінде ашық айтып жүр. Кейбір миссионерлердің тіркеуден өтпей әрекет ететіні де белгілі. Сондықтан діни үгіт насихат жұмыстарын белгіленген аумақтарда жүргізу және білім беру мен тәрбие орындарында діни насихат ісі де реттелуі қажет деп санаймыз. Бірақ бұл азаматтардың дін туралы объективті ақпараттар мен білім алуына кедергі болмауы керек.

Соңғы кездері мемлекеттік мектептер мен оқу орындарында діни үлгідегі киім кию мәселесі, білім беру бағдарламасына енген сурет, ән және дене шынықтыру сабақтарынан бас тарту фактілері ұшырасады. Оқу орындарының жалпыға бірдей ішкі тәртіп пен оқу бағдарламасына сәйкестікті талап етуі кейбір оқушылардың ата-аналары тарапынан діни бостандықты шектеу ретінде бағаланатыны да жасырын емес. Мемлекетіміздің зайырлы сипатын ескере отырып, осы жағдайларды да заңдық реттеу қажет деп санаймыз. Заңға өзгертулер енгізу үш мақсатты қамтамасыз етуі қажет. Олар: адам құқықтарын қорғау, діни бірлестіктердің қызметін реттеу, азаматтық заңнамамен сәйкестендіру және кемшіліктердің орнын толтыру.

Жоғарыда аталған мәселелерді құқықтық реттеу республикамыздағы әр түрлі конфессиялардың өзара және мемлекетпен қарым - қатынасын жүйелі жетілдіріп, өзара төзімділік пен келісімді дамытуға өз үлесін қосады деп ойлаймыз. Еліміздегі мемлекет пен дін арақатынасының құқықтық- заңнамалық аспектілеріне тоқталып өткеннен соң, осы қатынастарды жетілдіру жолдарын саралап өтейік.

Қазақстанның ата заңы мен діни наным-сенім бостандығы туралы заңнамалық актілері елімізде әрбір адамның өз ой еркіндігін, сенімін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қоғам типін қалыптастырудың қажетті құқықтық

негіздерін айқындайды. Дегенмен, заңнама тек осы құқықтарды, наным - сенім бостандығы принципін жүзеге асырудың, Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде дамуының құқықтық алғышарттарын ғана жасақтайды. Бұл қағидаттардың іс жүзінде орындалуы әр түрлі дүниетаным, дін бірлестіктер және мемлекет арасындағы байсалды пікір алмасу, үнқатысу барысында ғана мүмкін. Үнқатысу әр түрлі тараптардың арасындағы пікір алмасудан тұрады. Үнқатысудың мазмұны оның мақсаты мен міндеттеріне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Үнқатысу нақты формальды іс - шаралар: кездесулер, келіссөздер, конференциялар формасында ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай іс - шаралар қоғамдық сұраныстан туындайтын мәселелерді шешу үшін маңызды болып табылады. Бірақ қоғамдық өмірде көптеген мәдени, дүниетанымдық және құндылықты ұстанымдар кездесетіндіктен, осы қоғам интеллектуалдары мен зиялы қауымының шығармашылығы барысында дүниеге келетін идеяларды талдаудан тұратын кең мәтіндік тұрақты үнқатысулар орын алады.

Құран рационалдылығы исламға дейінгі діндердегі адам табиғаты мен ақылына сай келмейтін тиымдарды жоюынан да байқалады. Құранның «әл-Маида» сүресінің 87-аятында бұл жайында «О иман келтіргендер! Аллаһ рұқсат еткен игіліктерге тиым салмандар және шектен шықпандар. Ақиқатында, Аллаһ шектен шыққандарды қаламайды» делінген. Шектен шыққандықтың бір формасы отбасылық өмірден баз кешіп, некеден бас тарту, яғни рухпандық (монашество) болып табылады. әл-Бухари мен Мүслімнен жеткен хадистерде Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына рухпандықтың дұрыс емес екендігін түсіндіргені баяндалады [149, 167 б.].

Адам үшін ең қауіптісі үстірт, таяз діншілдік. Дін негіздері мен оның астарлы, жұмбақ мәнін дұрыс түсінбеу діни надандыққа алып келеді. Ал діни фанатизм осының салдары. Ислам діни фанатизмге жол бермейді. Фанатизм - ақыл-ойдың шектілігі мен надандықтың көрінісі. Жаратушысын таныған адам оның рұқсат еткендері мен тиым салғандарында өзі үшін бір жақсылықтың барын түсінеді. Ал, әрнәрсенің мәнін түсіну мен ақылға салу - парасаттылықтың нышаны. Ойлану мен білімді игеру және сондай-ақ ақиқатты іздеу мен құпия сырларды ашу адамды шектен шығудан сақтандырады. Сондықтан әрнәрсенің байыбына бару, сабырлылық таныту мұсылман hareketінің басты ұстанымы болуы керек. «Мүмкін, Аллаһ сендермен дұшпандарыңның арасында достық орнатар. Аллаһ – Құдіретті. Аллаһ – Кешірімшіл, Мейірімді». «Аллаһ сендерге дін үшін сендермен соғысып, тұрғын жайларыңнан қумағандармен ізгі және әділетті болуларыңа тиым салмайды». «Аллаһ сендерге сендермен дін үшін соғысып, тұрғын жайларыңнан қуғандармен және сіздерді қуғындауға ықпал еткендермен ғана достасуға тиым салады». Мұхаммед пайғамбар осы Құран аяттарын басшылыққа ала отырып, әр түрлі діни нанымдағы адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі принципінің негізін қалады және оны іс жүзінде жүзеге асырды. Ол өзінің ізбасарларына басқа дін өкілдеріне қысым жасамауды өсиет етті. Ислам мемлекеті қалыптасып қанат жайған дәуірде бұл мемлекет пен діни қауымдастықтар қатынасын реттеудің негізгі тетігіне айналды. Ислам мемлекеті аймағында

өмір сүретін басқа діни қауымдарды зыммилар деп атады. Олар мемлекетпен арнайы келісімдер жасады.

Мемлекет зыммилардың діни әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін еркін ұстануына және олардың өмірі мен мал-мүлкінің қауіпсіздігіне кепіл болды. Зыммилар өз тарапынан мемлекетке қарсы қастандық әрекеттерге бармауға, мемлекеттің заңдарын орындауға, әдет-ғұрыптары мен дініне құрметпен қарауға, бұрыннан бар ғибадатханаларды ғана пайдаланып, жаңаларын салмауға, жиза салығын төлеуге және т.б. орындауға міндеттелді. Зыммилар арасынан мемлекеттік қызметкерлер де шықты. Бұл ислам мемлекеттерінде олардың азаматтық құқықтарының жоғары бағаланғандығын айқындайды. Зыммиларға деген осындай көзқарас исламдық толеранттылықтың негізі болып табылады. Сондықтан діни төзімділіктің теориялық және практикалық ірге тасын ислам өркениеті қалады деп толық айта аламыз. «Осылай қатар өмір сүру мен өзара қатынаста болу олардың (әртүрлі халықтардың.) кемелденуіне ықпал етті, ал ислам рухындағы өзара көмек туралы толеранттылық ілімі мен ғылымға деген құрмет әр түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен тоғысуына алып келді» [153, 29-30 б.]. Ислам зерттеушісі А.Х. Зарринкуб «бұл қоғамның құлдырауы оның сыртқы әлеммен байланысы үзіліп, өз ішінде сепаратистік тенденциялар мен фанатизм бой алған кезде басталды» дей отырып, дәл осы төзімділік принципінен ауытқудың ислам қоғамы үшін өте зиянды құбылыс болғанын атап көрсетеді [154]. Сондықтан бұл принцип бүгінгі күні де өз өзектілігін жойған жоқ. Ислам өркениеті, Құранды басшылыққа ала отырып, басқа өркениеттермен тату-тәтті қарым-қатынас орнатуға талпынуы керек. Қазіргі заманғы өркениеттердің әрқайсысы бір-бірінің өзіндік болмысы мен құндылығын мойындауынсыз, одан әрі үйлесімді дами алады деп айту қиын.

Қазақстандағы білім беру саласында тәуелсіздіктен кейін қарқын алған жағымды әрі қажетті үрдістердің бірі дінтану мамандарын даярлау болып табылады. Дінтанушы мамандарды еліміздегі Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің дінтану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия ғылымдары және дінтану кафедрасы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дінтану және теология кафедрасы, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің дінтану факультеті даярлайды. Отандық жоғарғы оқу орындарын тәмамдаған дінтанушылар ғылыми- педагогикалық, сарапшылық қызметке араласып, игі нәтижелерді көрсетіп келеді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан «Дінтану» мамандығына жыл сайын 60 мемлекеттік грант бөлінеді. Жекелеген оқу орындары өз гранттары арқылы дінтанушылардың белгілі бір бөлігінің ақысыз білім алуын қамтамасыз етеді. «Дінтану» мамандығы барлық оқу орнында мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес бекітілген бағдарлама бойынша жүреді. Дегенмен оқу үдерісінде басшылыққа алатын әдістемелік құралдардың әр алуан болуы және оқытушылардың дайындық деңгейінің әркелкілігі

бірзділіктің болмауына алып келуде. Үстіміздегі жылы дінтану мамандығы бойынша елімізде 145 бакалавр, 44 магистр бітіреді. Оларды қоспағанда алғашқы 3 курста 473 дінтанушы студент, магистратураның 1- курсына 72 магистрант білім алуда. Еліміздің жоғары оқу орындарында «дінтану» мамандығы бойынша білікті мамандар дайындау үшін мемлекеттік білім тапсырысын бөлуді қарастыру барысында назар аударылатын мәселелер аз емес. Қазіргі грант мөлшерінің елімізді білікті дінтанушылармен қамтамасыз етуге аздық ететіні белгілі. Грант негізінде даярланған маманның оқу бітіргеннен кейін тапсырыс беруші мемлекетке өтем ретінде белгіленген орындарда қызмет атқаратыны мемлекеттік гранттың басты артықшылығы болып табылады. Осы орайда дінтану мамандығы бойынша мемлекеттік білім грантын 2-3 есеге дейін көбейту мүмкіндігін қарастыру орынды болмақ. Бұл мәселені болашақ дінтанушы маманға қай мекемелерде сұраныс бар екендігін зерделей отырып жүзеге асыру қажет. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде дінтану магистранттары болашақта өндіріске жіберілетін бейіндік бағыт бойынша және ғылыми қызмет пен жоғарғы оқу орындарына оқытушылыққа жіберілетін ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша даярланады. Бұл тәжірибені жетілдіріп, дінтанушылар даярлайтын басқа да оқу орындарына енгізу оң нәтиже берері сөзсіз. Сонымен қатар болашақ дінтану бакалаврларын жұмыспен қамту үшін оларды мамандандырудың жаңа тетіктерін қалыптастыру қажет.

Елімізде дінтанушыларға деген үлкен сұраныс бар болғанымен, дайын кадрлық ресурсты, әсіресе, орта білім беру жүйесінде тиімді пайдалану мүмкіндігі шектеулі. Қазір орта мектептегі дінтану пәні міндетті және баға қойылатын факультатив пәні ретінде бекітілгені белгілі. Дегенмен аталған пәннің сағат саны өзгеріссіз қалып отыр. Дінтану пәнінің апталық жүктемесі – 1 сағат, жылдық жүктемесі – 34 сағат. Ал орта мектеп мұғалімінің бір штаттық мөлшерлемесі бойынша бекітілген апталық жүктемесі – 18 сағат, жылдық жүктемесі – 612 сағат. Яғни дінтану пәнінің қазіргі сағат саны мектеп мұғалімінің 0,25 мөлшерлемесін де (мұндай мөлшерлемен мұғалімнің жұмысқа алынуы мүмкін еместігін ескермегенде) құрай алмайды. Бұл жағдайда дінтанушы маман тек тоғыз бірдей параллель сынып оқитын мектепте ғана 0,5 жүктемен жұмысқа қабылдануы мүмкін. Мұндай мектептер ел аумағында санаулы ғана. Сондықтан дінтанушы мамандардың орта мектепте қызмет атқарып, өз әлеуетін тиісті орнына пайдалануы үшін дінтану пәнінің сағат санын көбейту немесе оны 9-11 сыныптардың бағдарламаларына енгізу арқылы тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру мәселесін шешу қажет.

Дінтану пәнінің оқытылу аясын кеңейту еліміздегі қазіргі діни ахуал және конфессиялық кеңістіктің алуан түрлілігі жағдайында да өте маңызды. Орта мектепте дінтану бағытында жүйелі әрі сапалы білімнің берілуі болашақта еліміздің ішкі тұрақтылығына септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан аталған пәннің сағат санын көбейту мәселесіне мүмкіндігінше тереңірек маңыз берген жөн. Дінтанушы мамандарға қосымша мамандық беру мүмкіндігін қарастыру да осы мәселені шешудің екінші бір тетігі болмақ.

Қазір орта мектептерде тәжірибе жүзінде дінтану пәнін тарихшылардың жүргізуі қалыптасқан. Осы жағдайды және аталған пәндердің салалық шектестігін ескере отырып, дінтанушыларға «дінтанушы-тарихшы» қос мамандығын беру мүмкіндігін қарастыру барлық жағынан тиімді болып табылатыны сөзсіз. Сонымен қатар «дінтану» пәнінің орта мектептегі қолданыс аясын кеңейту үшін оны «дін тарихы» деген атпен жаңа пән ретінде қалыптастырып, сәйкес бағдарлама жасақтау мүмкіндіктерін де қарастырған жөн. Елімізде 2009 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи атындағы университетте «теология» мамандығы бойынша діни және дінтанулық салаларды ағастырған жоғары білім беріле бастады. Бұл мамандықтың ерекшелігі дінді тек сырттай талдау, бағалау, пайымдау арқылы тану және танытумен шектелмей, діндердің ішкі болмысын зерделей оқытатын курстардың үлес салмағы басым болуында.

Дін ұстанушының сана сезімінің динамикасын зерттейтін, түсіндіретін пәндер тағылымын тәжірибемен ұштастыруға, дінтану ғылымын өз кезегінде екінші бір шетін көзқарас болып табылатын атеизм ұстанымдарымен біржақты қаруландырудан сақ болуға мүмкіндік беретін аталған мамандықтың еліміздің діни және дінтанулық білім жүйесінде өзіндік орны болары сөзсіз. Қазіргі күні болашақ отандық теологтардың алғашқы буыны соңғы курста білім алуда. Отандық білім жүйесіндегі 2013 жылғы жаңалықтардың бірі «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында «дінтану», «теология» және «шығыстану» мамандықтарына грант бөлінгендігі болып отыр.

Бұл қадам отандық мамандардың діни және дінтанулық білім саласындағы біліктілігін арттырып, әлемдік тәжірибемен жете танысуға септігін тигізері анық. Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім бағыттылығы жөнінен бірізділендіруге, мазмұны тұрғысынан байытылуға тиіс. Дінтанулық білімнің динамикалылығын арттыру, қасаң көзқарастардан арылту, тәжірибелік курстар санын көбейту шараларын жүзеге асыру нәтижелі болмақ. Мектептегі «Дінтану негіздері» оқулығы да осындай толықтыруларға мұқтаж. Аталған пәнге бөлінген уақыт пен даярланған дінтанушы мамандар әлеуетін орынды пайдалану қажеттілігі мектеп қабырғасында өтілетін осы пәннің сағат санын көбейту шарасын жедел арада қолға алу қажеттігін көрсетеді.

Діни және дінтанулық білім базалық пәндері мен бағыттылығы жөнінен бір-бірінен ажыратылғанымен, түпкі мақсаты бір. Ол – дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, шетін көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани құндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсінуге және бағалай білуге жетелеу.

өздерін кәдімгі исламды немесе христиандықты қолдаймын деп есептейді, олардың түрлі фанатиктермен тіл табыса білу және де тағы да басқа жағдай бойынша ортаға бейімделу немесе басқа дүниетанымдағы, сенімдегі адамдармен шығыса алатындай тәжірбиелері өте аз. Кей жағдайда жат ағымға кетіп бара жатқанын байқамай да қалады. Сонымен қатар кейбір осындай жастар, отбасында діни сенім, жұмыссыздық мәселелері бойынша ата-ана, туыстарымен шекісіп қалатын жағдайлар, бір жағынан үйден кетіп қалу деректері кездеседі. Көптеген жұмыс орындарында сыртқы келбетіне қарап (дін жолында жүргендердің кейбіреулері сақал қояды) жұмысқа қабылдамауы мүмкін. Бұндай кезде арнайы қоғамдық ұйымдар мен ресми діни ұйымдардың өкілдері осы мәселеге жоспарлы қараса, яғни жұмысқа орналасуға көмек беру, ал діни өкілдер сыртқы келбетімен байланысты жұмысқа орналаса алмай жүрген жастарға осындай мекемелерде өзін қалай ұстау керектігін, сырт келбетін қалай ұстайтындығын кеңестерін беретін болса, бұның нәтижесі жақсы болатындығы анық.

Қазақстанда діни лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресте діни білімнің орны мен рөліне қатысты бірнеше әлеуметтанулық сұраулар мен эксперттік талдаулар мен сұхбаттар жүргізілді. Мысалы, дәстүрлі ислам өкілдері білдірген қазақстандықтардың санасы мен мінез-құлқының радикалдануы мәселесіне қатысты Философия, саясаттану және дінтану институты арнаулы зерттеу жүргізді, үш фокус-топ талқылау кезінде анықталды: Қазақстан Республикасы имамдарының біліктілігін арттыру ислам институтында, Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде, медреседе [170]. Лаңкестік мәселесін талқылау кезінде «Нұр Мұбарак» университеті мен медресе студенттері «дін мен экстремизм ұғымдарын бір-бірінен ажырату керек, өйткені табиғаты бойынша олар әр түрлі. Кез келген дін, мейлі ислам болсын, буддизм немесе христиан болсын, ізгі және мейірімді адамдарды тәрбиелеуге бағытталған, адамгершілікке және лайықты мінез-құлыққа үйретеді. Дінде бір-біріне зиян келтіру туралы айтылмайды. Терроризмге келетін болсақ, ол адамдарға зиян келтіретін тек теріс нәрселерді алып жүреді. Осылайша, лаңкестікте саяси жауапкершілігі жоқ кейбір топтар дінді қару ретінде қолданады, осылайша өз мақсаттарын жасырады. Дін мен лаңкестіктің арасында ешқандай байланыс жоқ» [171].

Дін мен лаңкестікті байланыстыратын ұстанымның пайда болуы себептерін түсіндіре отырып, сұхбат берген эксперт: «лаңкестік дінмен байланысты болған жағдай дінді білмеу мен түсінбеушіліктен туындайды. Бұл аймақта лаңкестікке бару жиһадпен байланысты болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай: «Сен үшін ең үлкен соғыс - өз кемшіліктеріңмен күрес». Осылайша, нағыз жиһад адамның жеке қасиеттерін жақсартумен байланысты. Қазіргі уақытта әлемде жиһадшыл-мұсылмандар мен жалпы мұсылмандар арасындағы бөліну соғысқа әкелуі мүмкін деп түсініледі. Осылайша, жиһад сөзі туралы жалған түсінік пайда болды» [172] деп атап өтеді.

Тағы бір эксперт «ислам мен терроризм арасында ешқандай байланыс жоқ» деп санайды. Ислам - бейбітшілік діні, атаудың өзі бейбітшілікті

білдіреді. Ал шариғат тек бірлікке шақырады. Ешқандай зиян немесе бөліну туралы сөз жоқ. Пайғамбар айтқандай, «ешкім сөзбен де, іспен де басқаға зиян келтірмеуі керек - бұл мұсылманға сәйкес келетін нәрсе. Теледидардан дұрыс емес ақпарат жиі беріледі. Исламның бұған еш қатысы жоқ. Біздің сеніміміз азаматтарды бірлікке және өркендеуге шақырады» [172, С. 328-332].

Нұр Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің студенті қоғамда радикалды сезімдердің пайда болуын демократияланумен байланыстыратынын түсіндірді. Ол «Ислам экстремизм діні емес, бейбітшілік пен келісім діні. Исламда радикалды ештеңе жоқ. Ислам мен экстремизм ұғымдары бір-бірінен алшақ. Мұның бәрін басқа елдердің адамдары ұйымдастырады, олар оған қомақты қаржы жұмсайды. Олардың басты мақсаты - бүкіл әлемге мұсылмандардың қалай қорқынышты екенін көрсету және мұсылман елдері арасында алауыздық тудыру. Бұрын бұлай болмаған еді. Соңғы 15 жыл ішінде мұсылмандардың көп қаржыға және табиғи ресурстарға қол жеткізуі осындай жағдайға түрткі болды» дейді. Араб елдеріндегі соғыстар да өз жерінің ішіндегі мұнайдың салдарынан болатыны анық. Мұны мұндай байлыққа ие емес басқа мұсылман елдерінде соғыстардың болмауы растайды. Мысалы, Африкада. Не табиғи газ, не мұнай жоқ. Сондықтан соғыс пен жалған «діни» радикализм жоқ. Тағы да қайталап айтамын, ислам мен экстремизмнің арасында аспан мен жердің айырмашылығы бар. Біз оларға мұның бәрін исламда жоқ екенін ғана айта аламыз. Біз лаңкес емеспіз. Біз экстремист сияқты пулемет алу арқылы әрекет етпеуіміз керек» [172].

Диссертант әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да арнаулы далалық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Зерттеуге анкеталық сұрау әдісі пайдаланылып, 200 респонденттен анкета түрдегі сауалнама алынды. Зерттеудің іріктеуі кездейсоқ іріктеу әдісі бойынша жүзеге асырылды, алайда

200 респондентті 25%-дан ЖОО-нан табу көзделді. Сұрауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нен 50 респонденттен 200 респондент қатысты (1-диаграмма).

Бас жиынтықты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ -50 респондент, яғни - 25%, - 50 респондент (25%), – 50 респондент (25%), – 50 респондент (25%) құрады.

Бас жиынтықтың гендерлік көрсеткіштерінде айырмашылық байқалады (1-диаграмма).


Диаграмма-1. Жынысы бойынша іріктеу қорытындысы



Зерттеуге қатысқан 200 респонденттің жыныстық ерекшеліктері 1-диаграммада көрсетілгендей 29 және 71 пайыз. Яғни сұралушылардың 29% - ер, 71% - әйел.

Зерттеу барысында жастық ерекшелікте басты назарға алынды. Сұралушылар студенттер болғандықтан олардың жастық көрсеткіштері 15- 27 жас аралығындағылар (2-диаграмма).

2-диаграмма. Жастық ерекшелік бойынша іріктеу қорытындысы



2-диаграммадан көріп отырғанымыздай жастық ерекшелік бойынша бас жиынтықты 4 топқа бөліп қарастырылды, олар: 15-17 жас аралығындағылар - 22%, 18-20 жас аралығындағылар - 58%, 21-23 жас – 13%,

24-26 жас аралығындағылар -10%, 26 жоғары 2% құрады.

Экстремистік бағыттағы жасалған қылмыстарды жасаушы тұлғалардың көпшілігін ер адамдар құрайды. Ер адамдар мен әйелдер бұл жөніндегі қарым-қатынасында 89% ер адамдар құраса, 11% әйелдер құраған. Жалпықылмыстық қылмыстар жасаудағы әйелдердің меншікті салмағы келтірілген көрсеткіштерден 3 еседен артық. *Осы орайда әйелдер жасайтын экстремистік бағыттағы қылмыс деңгейінің өсуі орын алып отыр.* Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша, экстремистік бағыттағы қылмыс жасап сотталғандардың үштен бір бөлігі (35,4%) 25 – 29 жас аралағындағылар, 18 – 24 жас

аралығындағылардың да көрсеткіші шамамен осылай (34,5%) [175]. Осы қылмысты жасаушылар ішкі дүниетанымы тұрақталмаған, қалыптаспаған немесе ол үшін экстремизмнің немесе ұлтшылдықтың, шовинизмнің пайда болуы оның санасының ішкі ыңғайлығын қамтамасыз ететін қажеттілік т.б.

Респонденттерге ең бірінші сұрақ ретінде «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда экстремизм мен терроризмге қарсы күресте қандай рухани факторлар әсер етеді?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа респонденттердің жауабын 1-кестеден көруге болады.

Кесте-1. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда экстремизм мен терроризмге қарсы күресте қандай рухани факторлар әсер етеді:


Факторлар	Саны	%
- әлеуметтікәділеттілікке негізделген ұлттық идеяны ұстану;	112	56
- бұқаралық ақпарат құралдарын пәрменді қолдану, дәстүрлі діни және зайырлы құндылықтарды насихаттайтын Интернетке сүйену;	42	11
- мемлекет тарапынан оқу орындарында террористік идеологияны әшкерелеу үшін флешмобтар өткізу және ұйымдастыру; дін туралы заңды қатайту, экстремистік бірлестіктердің қызметіне тыйым салу	48	24
- мейірімділік сияқты құндылықтарды дінде көрсететін позитивті әлеуметтік роликтер жасау, халықтың қалың көпшілігін дәстүрлі, классикалық исламмен таныстыру;	36	18
- халықтың діни сауаттылығының жалпы және сапалық жоғарылауы, діни ұйымдардың қызметін үнемі қадағалау, олардың жас ұрпаққа әсерін зерттеу, секуляризмнен кейінгі қоғамдағы діни конфессияларға қатысты жастармен жұмыс, ізгілікті қамтамасыз ететін әлеуметтендіру бағдарламаларын қабылдау, ішкі тұрақтылық пен бірлікті нығайту, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту және басқалары	140	70

1-кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстанда рухани факторлары әсер етеді, бұл жауапты респонденттердің - 46,5% таңдады. Сонымен бірге, респонденттер, ең алдымен, мейірімділік, қайырымдылық, толеранттылық және адамның рухани жетілуінен көрінетін діннің терең рухани мәнін дұрыс түсінудің қажеттігіне назар аударады. - [173].

Төзімділікті жетілдірудің рухани-адамгершілік негіздерін білу мақсатында респонденттерден ең алдымен олар кімді экстремизм мен терроризмге бейім адам деп санайтынын білу мақсаты қойылып, респонденттерге олардың

бойында төзімділік қасиеті бар ма, енді оларға бұл қасиет маңызды ма әлде маңызы жоқ па соны білу мақсатында олардан «Сіз үшін өмірде төзімділік маңызды ма?» сұрағы сұралды (диаграмма-3)


3-диаграмма. Сіз үшін өмірде төзімділік, толеранттылық сипаттар маңызды ма?



Респонденттер үшін, көпше түрде жастар үшін төзімділіктің, толеранттылықтың маңызды қасиет екендігін көруге болады. Төзімділік маңызды – 72%; маңызды емес - 15%; кейде маңызды - 13%. Бұл көрсеткіштер жастар төзімділікті маңызды деп санайды, алайда кей кезде оның маңыздылығы жоқ деп санаушылар да бар деген қорытындыға келеміз. Бұл кейде төзімсіз, толеранттық сипат аз болуға тура келеді дегенмен тең.


Бұқаралық сана діни бүркенген экстремистік қызметті анық таниды.

Диаграмма 4. Қазіргі жастардың бойында рухани-адамгершіліктің құндылықтары табылады ма?



Диаграммадағы мәліметтерге жүгіне отырып, қазігі жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар табылады. Себебі респонденттердің жауаптарына сәйкес 72% респондент - «иә» деген жауапты таңдады, ал 15% - «жоқ» десе, 13% - «кейде» деген жауапты таңдаған.

Диаграмма 17. Діни экстремизм мен терроризмді шектеудегі діни білім берудің рөлі туралы басқа да ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз



2-кестеде көріп отырғанымыздай респонденттерден «Сіздің пікіріңізше діни оқу орындарында ұлттық рухани құндылықтарды жастардың бойында қалыптастыру үшін қандай жағдай жасау қажет?»

	Frequency	Percent
--	-----------	---------

1. Оқу орындарында адамгершілік курсын енгізу, Сабақ уақытында және өзге іс- шараларда түрлі дидактикалық материалдар және әңгімелер оқыту, поэтикалық туындамалар, мазмұндамалар жазу, видео және аудио басылымдарын көрсету, әңгіме-дүкен, балалар сауық кешін өткізу сияқты өзге де жұмыстар қолданылу.	75	37,0
2. Оқу жоспарына адамгершілік қарым- қатынас және рухани дамыту, мәдени өзгешелік, жалпы байланыс, азаматтық этика туралы «Этика» пәнін мектепте және оқу орындарына енгізу.	90	48,5
3. Салт-дәстүр негізінде, ұлттық психологиялық ерекшіліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелейтін жарыстар мен ойындар жиі ұйымдастыру.	45	14,5
4. Басқа	0	0

2- кестедегі сұраққа респонденттердің жауабы мынадай:

- оқу жоспарына адамгершілік қарым-қатынас және рухани дамыту, мәдени өзгешелік, жалпы байланыс, азаматтық этика туралы

«Этика» пәнін мектепте және оқу орындарына енгізу -48,5%;

- оқу орындарында адамгершілік курсын енгізу, Сабақ уақытында және өзге іс-шараларда түрлі дидактикалық материалдар және әңгімелер оқыту, поэтикалық туындамалар, мазмұндамалар жазу, видео және аудио басылымдарын көрсету, әңгіме-дүкен, балалар сауық кешін өткізу сияқты өзге де жұмыстар қолданылу - 37%;

- салт-дәстүр негізінде, ұлттық психологиялық ерекшіліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелейтін жарыстар мен ойындар жиі ұйымдастыру - 14,5%.

Рухани-адамгершіліктің құндылықтарына сауалнамаларда қойылғанындай, қанағатшылдыққа, бауырмалдыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, төзімділік сипаттарға, білімге деген табандылыққа қатысты қойылды. Сауалнамада жастар арасында білімге деген ықыластың жоқтығы мақсаткерліктің жоқтығында деген жоғары пайызды құрады. Сауалнама нәтижесі бойынша бауырмалдыққа қатысты құндылық, ата-аналарымен толерантты қарым-қатынаста екені байқалды. Бауырмалдық — бір әкешеден өрбіген, яғни бірге туған адамдардың өзара қарым-қатынастарша байланысты айтылатын ұғым, Бұл сондай-ақ ағалы-іні, әпке-сіңлі, ағайынды, аталас адамдардың өзара сыйласымды сезімдеріне негізделетін туыстық

қатынасты білдіретін атау. Жақын, ағайын-туыс адамдар қайда жүрсе де бірін-бірі бауырым деп санайды. Өзара жанашырлық сезімін білдіреді. Олардың бір-бірінен алыс-жақын тұрса да бауырлас едік, шыққан түбіміз, ата-тегіміз ағайындас, бауырлас едік дейтіні қазақы мінез-құлықтың бесенеден белгілі басты ерекшелігі. Ал, жетімдерге деген қамқорлықты білудегі мақсат, қанағаттылықта жатыр.

Жастардың бойында, қанағатсыздықтың кесірінен ата-аналарына деген толеранттық қарым-қатынастарын жоғалтып алады. Себебі, өзіңнен төменге қарау арқылы, қамқорлық көрсету арқылы рухани кемелдікке қол жеткізе алады. Қанағат-барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қанағат - ашкөзділікке жібермейді, біреудің дүние затына сұқтандырмайды. сұғанақтық жасаттырмайды. Қанағатшыл кісі - барынша кішіпейіл, қарапайым, иі жұмсақ. Сондықтан да ол көпшіліктің кезіне түсе бермейді. Қанағатшылық адам қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына риза болады, шүкіршілік етеді. Әрине, ксібіреулер мұны адамшылыққа жарасатын көрксм сипат, өмірде ортаймайтын казына дсп түсіне бсрмсйді. Қаншама мол байлығы болса да, оны қанағат қылмайтындар да кездеседі. Жалпы, қазір қазақ жастарына білімге деген құштарлықтарын ашатын, білімді ұстаздардың саны көп болу керек. Қазір жастарымыздың білімге деген құштарлықтары болғанымен, іргелі кітаптарды оқитын жастарымыздың азайып бара жатқандығы қиналтады. Егерде, шет елмен салыстыратын болсақ, өзге елінде жастар көп кітап оқымайды. Уақыттарын үнемді пайдаланбайды. Осы жастардың уақытты үнемді пайдалануы да төзімділікті аса қажет етеді.

Қазіргі жастардың дінге бет бұрысы жақсы, бірақ кімнен алып жатқанын білуі аса маңызды. Айналасындағы ұстазды, жақсы достарды таңдай алу қажет. Сосын, білім алуда үлкен табандылық көрсету үлкен рөл атқарады. Отбасындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің орны ерекше. Бұл адам бойында жалпыұлттық, жалпыадамзаттық мазмұн негіз болған адамгершілікті-өнегелік құндылықтарды қалыптастыруды бағдар етуді білдіреді.

Экстремизмнің бағыттары бар ма, жоқ па екендігін айқындау үшін түрлі фокус-топтар мен эксперттердің арасында Философия, саясаттану және дінтану институты ғалымдары сұрау жүргізді. Сұрау экстремизмнің «агенттерін» де анықтады: діни сектантшылық, жалған діндер (емдік культтерді, қаржылық пирамидаларды қоса) және радикалды ислам. Олардың қызметіне байланысты туындайтын девианттық көріністерін бағалау ұсынылды.

Жауап берушілердің 35,2% жағдай бақылауда деп санаса, төрттен бірі (26%) бұл үрдістің жасырын сипаты мен мүмкін болатын теріс көріністерді көрсетеді, бестен бірі (19,1%) жағдайды экстремалды деп бағалайды және арнайы мемлекеттік шаралар қабылдауды талап етеді. Жаһандану заманындағы экстремистік идеялардың шекарасы жоқ және олар қазақстандық қоғамда таралуда. Сондықтан экстремизмге қарсы әлеуетті шаралар қолдану керектігін түсіну маңызды. Сауалнама бойынша «адамды өлтірме» («не убей») деген өсиетті православтардың 92 % құптаған. олардың 88 % өзінің ұлттық

дәстүрлерін «үйімізде сақтаймыз» деп жауап берген. Олар «теңдік», «әділдік», «адам құқы», «күш қолданбау», «бөтен діндерге төзіммен қарау» деген сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қолдаған [174, 51].

Қазақстандағы экстремистік қозғалыстардың белсенділігіне әсер етуі мүмкін себептер басымдығына келсек, жауап берушілердің пікірінше, бірінші кезекте, экстремизм мен терроризм туралы және оларға қатысты заңда көрсетілген жауапкершілік туралы білімнің жетіспеуі (39,3%) девианттық және қылмыстық әрекеттерге әкеледі. Респонденттер бір бөлігі (18,9%) Орталық Азия елдеріндегі саяси-экономикалық ахуалдың шиеленісуін атап өтеді: тұрғындардың экономикалық жағдайының нашарлауы, БАҚ-тың экстремизм мен терроризмге қатысты үнсіздігі, кейбір шетелдік орталықтардан діни ауытқушылықты қаржыландыруы, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің халықтан алшақ болуы, мемлекет тарапынан түсіндірме жұмыстардың жүргізілмеуі, экстремизм мен лаңкестікке қатысты заң алдындағы жауапкершілік туралы білімнің болмауы және т.б. [174].

Респонденттер діни сауаттылық пен ағартушылықты арттыруға бағытталған шараларды бағалады, бұнда бұқаралық ақпарат құралдарында, байланыс құралдарында, қоғамдық көліктерде жарнама мен хабарландырудың ақпараттық-білім беру мүмкіндіктеріне бірінші кезекте мән беріледі (62,8%). Діни уәжді радикалды идеологиялардың әсер ету тәуекелдері мен оларға қарсы тұру құралдарының сараптамалық бағалануы маңызды [176].

Жүргізілген сауалнамада мешіттердегі рухани мекемелердің студенттері мен рухани курстардың студенттері арасындағы шейіттерді бағалаудағы айырмашылықтар ашылды. Рухани курстарда оқитындардың көпшілігінің көз алдында шәһидтердің кейіпкерлерге ұқсайтынын көруге болады: олар не сенім үшін қасақана өз өмірін қиған адамдар, бостандық пен әділдік жолында дін үшін күресетін адамдар. Елде осы күнге дейін хиджаб киюге қатысты қызу пікірталастар жүріп жатыр, ал Қазақстанның кейбір оқу орындарында студенттерге мұсылманша киім киюге тыйым салынады. [177].

Сонымен қатар Алматы қаласында сұхбатқа қатысқан эксперт дінтанушылар еліміздегі экстремизм көріністеріне қарсы күресті мынадай шараларға басты назар аударады:

- Радикализмнің ұйымдасқан қылмыспен бірігуі және желілік принцип бойынша қылмыстық бірлестіктерді ұйымдастыру шындыққа айналуда, түрлі саяси, діни немесе басқа ұрандармен әрекет ететін лаңкестіктің, ұйымдасқан қылмыстың және радикалды топтардың бірігу процестері саяси жүйеге қауіп төндіреді.

- Елдегі биліктің ауысуына сыртқы немесе ішкі саяси субъектілердің қызығушылығы, сондықтан күшпен тежеу лаңкестік пен экстремизмге қарсы тиімді күрестің негізгі факторы болған және болып қала беретіндіктен, күштік құрылымдарының заңсыз әрекеттерге тосқауыл қою мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

- Халықтың дінге сенуінің жалпы өсуі аясында радикалды исламдық ұйымдардан кету көптеген адамдар үшін өмір сүру деңгейінің төмендігіне,

жұмыссыздық пен сыбайлас жемқорлыққа наразылықты лаңкестер пайдалануы мүмкін.

- Әлеуметтік алғышарттар мен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу арқылы экстремизмнің негізін тарылту: жұмыспен қамту, кедейлік, маргинализация, сондай-ақ идеологияға жаңа көзқарастарды енгізу (редидологизация). Әлеуметтік әділеттілікке негізделген жалпы ұлттық идеяны дамыту. Қоғамның әр түрлі мүдделерін ескере отырып, бұқаралық медиация институттарына жағдай жасау.

Қазақстандық БАҚ-тың (баспа БАҚ, интернет-ресурстар, теледидар) қоғамдық санада діннің белгілі бір бейнесін қалыптастырудағы рөлін бағалай отырып, сарапшылар бұқаралық ақпарат құралдарының діни сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті, олардың әсері орташа деңгейден жоғарыға дейін бағаланады және қанағаттанарлық деп бағаланады. Тұрғындардың интернет-ресурстарға қызығушылығын ескере отырып, бұл медиа құралдың әлеуеті зор. Бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінің тікелей салдарынан, айталық салафизмнен тұрғындардың бас тарту мысалдары келтірілген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бұл мәселе бойынша мүмкіндіктері орасан зор. Мысалы, зекет қоры кедейлерге және мұқтаждарға көмек көрсету үшін ашылды. Қазақтардың тамаша дәстүрлері бар және оларды шариятпен байланыстыра білу керек. Соңғы 5 жыл ішінде уаххабилер ағымы күшейе түсті. Қазір жағдай жақсы жаққа өзгеруде., дәстүрлі ислам біздің елде дамып келеді. Дінтану пәні мектептерде енгізілді, онда олар дәстүрлер туралы айтады. Түркістан аймағынан келген имам былай дейді: «Мен Оңтүстік Қазақстанда жазғы демалыста жұмыс істегенде ... Құраннан бастайтынымызды түсіндім және бұл дұрыс емес. Біз Акидадан бастауымыз керек, содан кейін Құранға өтуіміз керек. Бұл туралы Тәжікстаннан бір белсенді айтты. Оның айтуынша, олар бір кездері үлкен қателік жасаған. Мешітке келгендердің барлығына Құлхуа алалағу ахад, альхамдулилландар үйретілді, бірақ олар Ақиданы ұмытып кетті. Осы себепті олар білмей-ақ, сарбаздарды «Хизб-ут-Тахрир» уах-хабитамына дайындады. Осы тәжірибені ескере отырып, біз алдымен Ақида туралы білімді бекітуіміз керек. Ақиданы білмейтін Аруд - шайтаннан шыққан халық. Егер олар мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген болса да, олар ақиқатты сеніммен таба алмайды. Ақиданы білмейтін адамның барлық ғибадаты, дұғасы, оразасы - бәрі бекер. Шетелден келген деструктивті ағымдардың өкілдері өздерінің насихатында Ақиданы қолданады. Олар кешірілмейтін күнә туралы және бұл оның тұрақты серігі екенін айтады. Біз сөйлеу мәнері мен стилін үйренуіміз керек. Келген білімдерді ретке келтіру керек. Енді көп нәрсе шешіледі. Және қорқуға негіз жоқ. Көбі көзін ашты. Мемлекет бұл бағытта қолдан келгеннің бәрін жасайды» [174].

Діни экстремизмді алдын алудағы мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық құрылымдар жүйесінің атқарар жұмыстары көп болып табылады. Діни экстремизмнің жалпы алдын алудың негіздері мыналар болып табылады: тұрақты экономика, адамдардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің

негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру, жас адамдардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсартуға, олардың өз бетімен еңбекке және қоғамдық-саяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік жастар саясатын қаржымен, заңмен қамтамасыз етуге шаралар қарастырып, оны жүзеге асыру. Себебі діни экстремистік ұйымдарға жастардың көп тартылатындығы статистикалық мәліметтерден байқалатын анық нәрсе. Өйткені экстремистік ұйымдарда жастарды тартуға мүдделі.

Діни экстремизм және терроризммен күресте бұл құбылыстардың объективті-сыртқы (халықаралық терроризмнің әрекеттері, сыртқы діни фундаменталистік ықпалдар, исламофобия т.т.) [175] және В.Д.Курганская жазғандай субъективті ішкі себептерін ажыратқан жөн [176]. Діни терроризм мен экстремизм өрістеуіндегі субъективті ішкі факторлардың арасында діни саясаттың дұрыс жүргізілмеуін, мемлекеттік және заңгерлік ұйымдардағы енжарлықты, отбасы пен білім беруші мекемелердегі бейхабарлық пен бейтараптылықты, формализм мен бюрократизмді, коррупцияны, аномияны атап өтеді» [177, 12-13 б.].

Дінтанушы Қ.А. Затов та бұл пікірді қолдайды: діни мағынадағы экстремистік ағымдардың белсенділігің артуын Ішкі және Сыртқы деп айта аламыз. Сыртқы себептерге Геосаясат, Жаһандық және Жаһантану жатады оған келетін болсақ мысалғы Ауғанстандағы Тәліптердің билік басына келуі, осының барлығы экстремистік топтарға өздерінің саяси билікке келуіне ұзақ уақыт жұмыс істеген, осындай күрес жүргізген тәліптер билік басына келіп отыр деген реніштер айтылуы мүмкін. Бұның барлығы геосаяси себептерге байланысты ал Ішкі себептерге халықтың әлеуметтік жағдайының ушығып кетуі әсіресе соңғы пандемия қарсаңында халқымыздың күн көру жағдайы төмендеп бара жатыр, міне осында көптеген адамдардың күн көрісіненің тарығуы осыны барлығы белсенділіктің артуына себеп болады [178].

Келесі мәселе ол қылмыскерлік, нашақорлық мәселесі осының барлығы қоғамдағы қылмыстың артуына себеп. Бұлда белгілі бір экстремизм мен терроризмнің көбісі нашақорлықпен тығыз байланыста екендігі бүгінгі күнде жасырын емес. Және соның қаржыландыру көзі осы есірткі болып табылады. Осы қоғамдығы әртүрлі қылмыскерлікпен бірінші кезекте нашақорлықпен күресуге мемлекет барынша көңіл бөлу керек деп ойлаймын. Келесі кезекте мемлекеттегі жемқорлық мәселесі, біздің қоғамдағы азаматтарымыздың әсіресе жастарымыздың санасына кері әсер етуі мүмкін мысалға келетін болсақ осы әрекеттер арқылы өзінің материалдық жағдайын жақсарту осының барлығы үлкен заңсыздықтарға алып келеді. Ал заңсыздықтар эстремистік және террористік белсенділіктің артуына алып келуі мүмкін.

Діни экстремизмді зерттеушілер атап өткендей, діни лаңкестікпен күрес туралы дүркін-дүркін жиындар өткізіп, қарар-қаулы қабылдап жатқанымызбен, бағыты күмәнді діни баспаларға тиым салуға әлі ешкім асығар емес. Ал, ол баспаларда жарық көріп жатқан кітаптардың қауіптілігі күн өткен сайын дәлелденіп келеді. Қаржының қайдан келетіні белгісіз, қайырымдылық қорынан төленетін, Сауд Арабиясы, Египет сияқты елдерден келетін уаххабтық

әдебиеттерді, журналдар мен осы тақырыпта жазылған ғылыми еңбектерді араб тілінен қазақ тіліне аударып басу, кітап қылып шығарып, оны тарату жолға қойылған. Кітаптардың ішіне үңілсеңіз, оның мазмұны экстремистік идеяға негізделгенін ажырату қиын емес. «Ислам тәлімдері» (Авторы Мухаммад Юсуф, қазақ тіліне аударған Е.Нүсіпбеков) [179] деген кітаптың ішінде «Дінсіздік» деген тақырыбында былай деп жазылған. «Ислам дінінен шығып кетудің қауіптері мыналар:

1. Исламды мойындамау.
2. Аллаға күмән келтіру.
3. Құдайдан басқа біреуге дұға жасау.
4. Секталарды мойындау, кәпірлер ұстанатын дәстүрді мойындау.
5. Ислам шариятынан басқа ұстанымдарды тұтыну» (17-бет)

Кітаптың 31 -ші бетін ашсаңыз, уаххабидің негізгі міндеті ашыла түседі.

«Мұсылманда Отан жоқ, ол бір Аллаға ғана сиынуы керек. Сондықтан ол умраға, білім іздеуге, дінді қорғау үшін әскери жорыққа аттануға, діннің игілігі үшін басқа мемлекетке эмиграцияға кетуіне болады» – деп анық жазылған. Г.Ж. Жұманова атап өткендей, «жат ағымдарға діни космополитизм тән, олар дәстүрлі мәдениетті мойындамайды, олар әкеден де, анадан да фанаттық сезімі үстемдік құрғанда бас тартуға дайын» [180].

Дінді саясиландыруға қарсы қандай діни білім беру мен халықтың діни мәдениетін көтеруге бағытталған шараларға мемлекет үлкен көңіл бөлуі керек. Қазіргі уақытта ақпараттық түсіндіру топтары жұмыс жасап жатыр, кейбір адамдар бұл түсіндірмелерді пайдалы емес деп айтады мемлекет кез келген жағдайда халықты экстремизммен терроризмге бағытталған нөлдік төзімді қалыптастыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажет. Бірінші кезекте халық арасында әсіресе жастардың арасында Колледж Мектеп және Жоғарғы оқу студенттері арасында діннің дұрыс мәнін түсіндіретін ақпараттық жұмыстар жалғасуы тиіс. Яғни Саясат пен Діннің ара жігін ашатын мақсаты мен міндеттерін нақтылап түсіндіріп бере алатын білікті ғалымдарды және білікті мамандарды дайындауымыз қажет. Қазіргі уақытта Дін мен Саясаттың арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар қандай жағдайларда діни ілімдер ұғымдар мен концептілер діни идеялогияға негіз болады деген сұрақтарға жауап беруіміз қажет.

Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы Б.М.Бабаджанов Қазақстандағы Философия, саясаттану және дінтану институтының ғалымдарымен бірге өткізілген сұхбатында Орталық Азия елдерінде саяси ислам туралы көп айтыла бастады дейді. Бірақ бұл мәлімдемелердің сапасы немесе тереңдігі қолданылатын әдістемелерге, нақты зерттеушілердің өзекті мәселелерді білу дәрежесіне, ең бастысы жалпы исламды білуіне тікелей байланысты. Сонымен қатар, көптеген сарапшылар (немесе көбінесе өздерін солай көрсететіндер) тікелей немесе жанама түрде өз елінің (немесе олар тұратын елдің), кейбір саяси және экономикалық

корпорациялардың, әсіресе діни және саяси партиялардың мүдделеріне қызмет етеді. Саяси ислам да әр түрлі. Мысалы, кейбір мұсылман ғалымдары мұны мүлде қабылдамайды, олар ислам ешқашан саясаттан тыс болмағанын, теориялық тұрғыдан алғанда, ислам мен саясат бір-бірімен байланысты және өзара тәуелді екенін көрсетеді. Демек, олардың пікірінше, шариятты өзінің саяси, заң шығарушы және құқықтық институттарын басқару мен құрудың негізі етіп қоймаған мемлекетті ислам мемлекеті деп атауға болмайды, ал оның аумағын «Дарулислам» деп санауға болмайды. Мұсылман ғалымдарының тағы бір бөлігі (әсіресе ханафилері) саясаткерлер сенушілердің рухани құндылықтарын құрметтеген жағдайда зайырлы мемлекетте мұсылман қауымының толыққанды өмір сүру мүмкіндігін мойындайды. Зайырлы діни сарапшылар да «саяси ислам» терминін түсінуде әр түрлі пікірде болады.

«Бірақ тұтастай алғанда, бұл термин, қысқаша айтқанда, теологтардың ішкі және сыртқы саясат мәселелері туралы пікірлерімен байланысты. Басқа бағыттағылардың кейбірі «саяси ислам» дегенде бұл саяси-құқықтық құрылымды еуропалық түсінігін, зайырлы және рухани биліктің бөлінуін мойындамайды және рухани топ өкілдерінің билікке тікелей қатысуын, тіпті оның үстемдігін талап етеді. Орталық Азияның қазіргі елдеріндегі кез келген дәрежелі саясаткердің ешқайсысы бұл елдердің конституциясына қайшы келетін мұндай схеманы қабылдамайды. Халықтың көпшілігі исламдандудың мұндай формаларымен келісе қоюы екіталай. Сондықтан «саяси исламның» өкілдері «билікке енудің» өзіндік схемаларын жасайды. Олардың кейбіреулері интернетті белсенді қолдана отырып, астыртын әрекет жасайды және «исламдық мемлекетті» қалпына келтіруді ұсынады, атышулы «халифат» түріндегісін насихаттайды» [180].

Дін бойынша сарапшы маман, дінтану мамандығы студенттері қатысқан фокус-топта, философия ғылымдарының докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті профессоры Затов Қайрат Айтбекұлымен болған сұхбатта (Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 73) діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөліне арнаулы тоқталды. Біздің «Қазақстанда діни мағынадағы экстремистік және лаңкестік идеялардың алдын алу үшін қандай құралдарды және оларды қалай қолдануға болады?» деген сұрағымызға интервью (сұхбат) беруші: «Жаңа атап өткендей экстремистік және лаңкестік идеялардың алдын алу үшін әр түрлі құрылымдар тиімді қызмет атқару керек. Мысалы, айталық ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер министрлігі олар іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру керек. Ұлттық қауіпсіздік комитеті бізге лаңкестікке немесе экстремистікке итермелейтін сыртқы факторлардың алдын алу қажет. Сыртқы саяси ортадан экспортталатын осындай идеологиялардың алдын алуға бағытталған кешенді әрекеттерді жүзеге асырған дұрыс. Еліміздің Ішкі істер министрлігі егер біздің елімізде осындай лаңкестік топтар болатын болса соларды анықтап, оларды жоюдың тетіктерін қарастыру керек. Енді, мысалы білім саласына, білім министрлігіне келетін болсақ, онда біз жоғарғы оқу орындарында, колледж мектептерінде жастарымыздың санасын осындай лаңкестік идеялардан арашалайтын кешенді программаларды жұмысқа

асыруға тиістіміз деп санаймын. Мысалы, бұл айталық, әртүрлі патриоттық идеяларды, немесе патриотизмге тәрбиелейтін құрылымдармен байланысты болуы мүмкін. Өздеріңіз жақсы білетіндей мына ведомство обороны, военкоматтардың структурасында осындай құрылымдар болатын болса, солардың құрылымдарымен бірге бірлесе отырып министрліктер осындай шараларды қолға алу керек. Екіншісі, бұл мәдени сфераға келетін болсақ, біз көбінесе мына телеарналарда немесе ютуб каналдарда, қазіргі технологиялардың коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, еліміздің дәстүрлі құндылықтарын, ұлттық құндылықтарымызды Қазақстан халықтарының арасындағы өзара достықты насихаттайтын басты бағдарламаларға көп көңіл бөлуіміз керек сияқты. Сол сияқты, мысалы, еліміздегі этносаяси ахуалды, этносаяси қарым-қатынастарды зерттейтін орталықтарды ашуымыз керек, және осы орталықтарға ғылыми зерттеулеріне мұрындық болатын ғалымдарды тартуымыз керек сияқты деп ойлаймын. Міне, осындай кешенді жүйелерді жүзеге асыру бізге экстремизммен лаңкестік идеялардан сақтануға өзіндік ықпалын тигізеді».

Әсіресе, дінтанулық сауаттылықты арттырудың рөліне қатысты сұхбат беруші жалпы құқықтық сауаттылықтың жастар арасында мысалы, айталық жоғарғы сынып оқушылары, колледж студенттері арасында экстремистік және террористік қылмыстар үшін Қазақстанда діни мағынадағы экстремистік және лаңкестік идеялардың алдын алуда жалпы құқықтық және қандай жазалар қолданылатыны туралы лекциялар өзекті болып табылады. Дінтанулық сауаттылыққа келетін болсақ, әрине қазіргі уақытта жоғарыда атап өткендей лаңкестік, экстремистік идеологиялардың негіздерін, олардың қалай пайда болатындығын, неліктен қоғамда, шетелдерде белгілі бір сұраныстарға ие болатын болса, солардың алғышарттарымен себептерін ашып, көрсетуіміз қажет. Сондықтан біз осы көп мәселені мына, діни лаңкестікпен экстремизмнің профилактикасына бағыттауымыз керек. Бұл жерде біз тек қана дәрістер оқылумен ғана шектелмей, осы жастарды салауытты өмір салтына тарту бағытында өте қажырлы қызметтерді жүзеге асыруымыз керек. Мысалы, өкінішке орай қазіргі уақыттарда көптеген Қазақстандағы жасөспірімдердің спорт секцияларына барудың немесе жаңағы әр-түрлі үйірмелерге қатысуға жағдайлары жоқ, көптеген ауылды жерлерде, қалалық жерлерде де айталық бұрынғы жас техниктер, бұрынғы пионерлер үйі деген сияқты үйірмелер мүлдем жұмыс істемейді. Сондықтан, біз осындай жасөспірімдерді ғылымға, білімге, техникаға, спортқа тартанын ұйымдардың жұмыс істеуіне көңіл бөлуіміз керек. Өйткені, өкінішке орай қазір мемлекетіміз осындай істермен айналыспайтын болса, лаңкестердің осындай істермен айналасуы сөзсіз. Сондықтан, біздің жастарымыз өзіміздің еліміздің жастары болып өсу үшін біз бұдан ешқандай қаржыны, ешқандай мүмкіншілікті аямауымыз керек. Міне, сондықтан мектеп жасындағы балаларды көбінесе техникаға, ғылымға бейімделуге барынша жағдайлар жасауымыз керек сияқты. Олардың қызығушылығы мүдделі артуға бағытталған шараларды жүзеге асыруымыз қажет.

Діни эксперттер Қазақстанда діни мағынадағы экстремистік және ланкестік идеялардың алдын алуда ақпараттық көздер мен әлеуметтік желілердің рөлін жоғары бағалайды. Қазіргі кезде заманымыз коммуникациялық технологиялар заманы, біз осы құралдарды өзіміздің салауатты өмірімізді насихаттауға кеңінен қолдануымыз керек. Жастарға дұрыс діни сауатты беретін және діни бағытын қалыптастыруға ықпал ететін сайттарды және желілерді ашуға мемлекет тарапынан болсын үлкен көмек қажет жастарымыздың әлеуетін осы ланкестік идеялардың алдын алуға бағытталған жоспарлар құрып жастарымызды өзімізге кеңінен тартуымыз қажет және олардың идеяларын қолдап оларға мүмкіндік беруіміз қажет. Қазіргі кезде жастардың санасы өкінішке орай осы ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы қалыптасып отыр. Сондықтан қазіргі кезде Қазақстанда ұлттық тілдегі контенттердің санын көбейту қажет себебі өкінішке орай біздің жастарымыз діни білім алу үшін мешітке немесе медресеге немесе оқу орындарына емес көбінесе ақпараттық месенджерлер Ютуб, Фейсбук, В Контакте сияқты әлеуметтік желілерле жұмыс істейтін топтарды қалыптастырып оған діни және құқықтық білімі бар азаматтарды тартуымыз қажет.

Бұл мәселеге Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті профессоры Затов Қайрат Айтбекұлымен 2021 жылы болған сұхбатта ерекше мән беріледі. Ғалымның пікірі бойынша, қазіргі кездегі жаңа діни ағымдардың таралауы, радикалды исламнің белең алуы жалпы осылардың барлығы қазіргі қоғамды мазалайтын мәселелер болып табылады. Себебі біздің қоғамымыздың әртүрлі ағымдарға бөлінуі қоғамның алдында тұрған межелі мәселелерді жүзеге асыруға кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл Қазақстан сияқты енді қалыптасуын бастап келе жатқан мемлекеттер үшін өте қауыпты мәселе себебі діннің саясаттануы немесе сананың радикалдануы бұлардың барлығы қоғамның тұтастығы мен тыныштығына кері әсерін тигізеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 18 конфессия және осы конфессияларға тиесілі 3700 ден аса діни бірлестіктер бар. Қазіргі кезде осының алдын алу мақсатында азаматтық санаға үлкен назар аудару керек. Яғни біз діни білім этникалық сана ретінде емес азаматтық сана негізінде топтасуымыз керек. Қазақстандағы әртүрлі дін және ұлт өкілдері өздерін Қазақстан мемлекетінің азаматы ретінде сезіне білуі керек және мемлекет осы азаматтық сананы қалыптастыруға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс;

«Экстремизм және терроризммен күрес жүргізу үшін кешенді саяси әлеуметтік істерді жүзеге асыру қажет. Жалпы кез келген террористік және экстремиздік ұйымдардың артында 3 негіз бар олар:

1. Идеялық негіздер
2. Экономикалық негіздер
3. Әлеуметтік негіздер» [181].

Жалпы қазіргі уақытта мемлекетте көптеген шаралар жүзеге асырылып жатыр олар жол карталары немесе жастарды жұмыспен қамту және тағы басқалары. Бірақ бұл кешенді жүргізілуі тиіс мысалғы айталық экстремистік

немесе террористік заң баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам қылмыстық жазасын өтеп келген адам қалай қоғамға бейімделу керек деген мәселе туындайды, міне біз осы кездерде террористік экстремистік ұйымдардың идеялогиясының кері сипатын ғана ашып қоймауымыз қажет сонымен қатар сондай адамдарға тұрмысын немесе тіршілігін қамтамасыз ететін көздерді аша алуымыз керек, яғни қоғамға бейімдеуіміз қажет, ондай адам, мысалы, жұмысқа тұруында немесе білім алуында белгілі бір жағдайларды қалыптастыру қажет.

Өкінішке орай қазіргі кезде оларда жұмысқа тұру мәселесі, біліктілімен білімін арттыру мәселесі өте ауқымды болып отыр. Себебі олардың сотталғаны туралы анықтамасы болса көптеген фирмалар немесе жеке кәсіпкерлер ондай адамдарды жұмысқа алудан бас тартады. Соны мемлекеттік тұрғыдан біз шешуіміз қажет. Екінші бір мәселе осындай экстремизм немесе тероризм баптары арқылы қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтардың отбасына байланысты мәселелер, әсіресе балаларын қоғамға бейімдеу мәселелері де өте күрделі болып табылады. Егер біз оларды өткен отызыншы ғасырдағы халық жауы сияқты қарайтын болсақ оның да санасының радикалдануы белең алуы мүмкін. Осы мәселелерді біз алдыңғы орынға қойып шешуіміз керек деп ойлаймын.

Діни мағынадағы экстремистік және лаңкестік идеялардың қауіптілігі өте үлкен. Неде дейтін болсақ, бұл адамның санасын жаулап алуға бағытталған әрекеттермен ерекшеленеді. Қоғамда қалыптасып отырған көптеген әлеуметтік мәселелерді, экономикалық қиыншылықтарды олар осы діни тұрғыдан түсіндіруге талпынады. Адамдар көбіне діннен әділеттілікті іздеп келеді. Міне, осындай әділеттілікті іздеген адамның санасына теріс идеяларды тықпалап, оларды қоғаммен мемлекетке қарсы айдап салуда, немесе соларды қолдануды көрініс табуы мүмкін. Тағы бір айта кететін мәселе өкінішке орай, кейбір саясиланған топтар, олар адамдардың діни сана сезімін саяси билікке араласудың, саяси билік үшін күресудің құралына айналдырып жіберу қаупі мүмкін екені жоқ емес, қазіргі кезде. Міне сондықтан осының барлығын біз есепке алып отыруымыз қажет деп ойлаймын.

2024 жылы 23-25 қаңтар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Радикализмнің алдын алудағы Қазақстан мен Түркияның тәжірибесі: теориялық мәселелер мен практикалық шешімдер» тақырыбында Халықаралық Қысқы мектеп ұйымдастырылды. Мұндағы басты мақсат – радикализмнің алдын алу жұмыстарында екі елдің өзара тәжірибе алмасуы мен кейбір маңызды мәселелерге теориялық талдау жасау болмақ.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры, PhD Қайрат Құрманбаев баяндамасының тақырыбы. «Діни мәтіндерді дұрыс түсінудің дерадикализациядағы маңыздылығы». Қайрат Құрманбайұлының байыптауынша мұндай проблема діни мәтіндерді дұрыс түсінбеуден туындайды. Қазір бір-екі арабша сөз жаттап алып өзін мұсылмандарды құтқарушы немесе өзін ғана дұрыс жолдамын деп санайтындардың қарасы көбейді. Осының дер кезінде алдын алмасақ, мұндай жандар болашақ

потенциал радикалдар болуы әбден мүмкін. Діни мәтіндерді түсіну ең алдымен сөзді түсінуден басталды. Сөзді түсіну лексика мен грамматиканы білуді қажет етеді. Яғни грамматика мен лексиканы білмей діни мәтіндерді түсіну мүмкін емес. Мысалы Қайрат Құрманбайұлының айтуынша араб тіліндегі «уә» әрпі көптеген мағына білдіреді. Демек араб тілінде бір сөздің бірнеше мағына білдіруі заңдылық. Ал бір сөздің қай жерде қандай мағынада қолданылғанын білу үшін сол кездегі тарихи контексті түсіну маңызды. Аталған сөз қандай тарихи контекст пен шарттар аясында қолданылғанын білуге тиіспіз. Білу аздық етеді, сондықтан заманауи ғылымдардың әдісіне жүгінуіміз қажет. Мәтінді дұрыс түсінген адамның соған сай дұрыс амал етуіне оның ішкі ұжданы ғана жауапты. Оған адамның арынан басқа ештеме кепілдік бермейді.

Осы орайда «Жусан» операциясына түркиялық мамандар да оң бағасын берді. Себебі ана мен баланың ешқандай жазығы жоқ, олар тек теріс пропаганданың құрбандары. Діни сауаттылық анадан басталатынын негізге алатын болсақ, ананың рухани саулығы баланың толыққанды қалыптасуының кепілі болмақ. Сондай-ақ бұл отбасы институтының сақталуына да септігін тигізеді. Жастарға отбасынан бастап дұрыс діни білім берілуі қажет. Себебі діни білімнің ошағы қашан да отбасы болып келді.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, профессор Айнұр Құрманәлиева дін саласының мамандарын дайындауда Дінтану кафедрасы білім берумен ғана шектелмей, дін саласындағы өзге де мемлекеттік ұйымдармен бірлесе жұмыс атқарып келеді. Бұл болашақ кадрлардың кәсіби біліктілігін шыңдау әрі нақты ахуалмен бетпе-бет танысу үшін өте ұтымды қадам. Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, профессор Әйгерім Мыңбаева Қазақстан студенттерінің радикалды көңіл-күйге бейімділігін психологиялық тұрғыдан зерттеу мәселесіне тоқталды. Әйгерім ханымның айтуынша радикализм бірден пайда болмайды. Радикал көңіл-күй түрлі жолдармен жастардың санасына біртіндеп кіреді. Сондықтан оны кезең-кезеңмен сараптай отыра зерттеу қажет. Әйгерім Қазықызы өз тәжірибесіне сүйене отырып зерттеудің үш кезеңін ұсынды. Бірінші кезеңде адамның мінез типін анықтау керек, екінші кезеңде анықталған мінез типі бойынша психологиялық процедуралар жасау және ең соңында алынған нәтижені талдау қажет. Сонда радикал көңіл-күйдің психологиялық бейнесі ашылмақ.

Философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек радикализмнің алдын алудағы философиялық білімнің рөліне тоқталды. Философиялық білім дегеніміз ең алдымен ұлттық болмыс пен дүниетанымнан басталуы қажет. Себебі философия ғылымы рухани иммунитет қалыптастыратын біртұтас кешен. Методология тілімен айтатын болсақ, радикализмге қарсы философиялық рефлексия қалыптастыруымыз керек. Бұл жастардың жат ағымдарға құрбан болып, ертең оның жетегінде кетуіне тосқауыл болады [182].

«Қазақстан Республикасының Конституциясында ар-ождан бостандығы мен діни бостандықтың принциптері, әр түрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға тең құқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Сондай-ақ діннің және

діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер дайындалып шығарылды» [182].

«Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін барлық мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек» [183], - дейді белгілі дінтанушы, профессор Н.Ж. Байтенова.

Білім берудегі экстремизмнің нақты қарастырылуы қоғамға проблеманың мәнін жақсы түсінуге және оның алдын алу шаралары туралы диалогқа қатысуға көмектеседі. Бұл сондай-ақ экстремизм туралы ерікті немесе негізсіз айыптауларды болдырмауға көмектеседі. Тұтастай алғанда, экстремизмнің анықтамасы бұл мәселені басқарудың және онымен күресудің, сондай-ақ азаматтардың және жалпы қоғамның құқықтары мен қауіпсіздігін қорғаудың маңызды құралы болып табылады. 2) Қазақстан Республикасында діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023 – 2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде бұрын қабылданған шаралар тәжірибесін ескеріп, экстремизм және терроризм үшін сотталғандармен негізгі назарды теологиялық оңалту және психокоррекция жұмысын жетілдіруге аудару ұсынылады. Артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттей отырып, экстремизм және терроризм үшін сотталғандарды бөлек немесе жалпы қамауға алу мәселесін шешу қажет: Экстремизм және терроризм үшін сотталғандарды бөлек ұстаудың артықшылығы: - оқшаулау: экстремистерді шектеуге мүмкіндік береді. басқа сотталғандар, бұл олардың басқа сотталғандарға ықпалын болдырмайды және «арнайы контингенттің» радикалдану қаупін азайтады.

«Халықаралық терроризм мен діни экстремизм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бірі яғни негізгі себептердің бірі заңсыз миграция мәселесі болып отыр. Өкінішке орай, Елімізде кейінгі жылдары өте жылдам көбейіп кеткен дәстүрлі емес бағдарын ұстанатын әр түрлі діни ағымдар мен орталықтары шетелде орналасқан сан-алуан секталар ішімізден іріту әрекетіне бет бұрып, мемлекетіміздің саясаты мен біртұтастығына әлі де қауіп төндіруде екенін ұмытпауымыз керек.

